

Заказ от нас ~~к~~
коммунист

1960

10 - 12

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан КОММУНИСТІ

12

ДЕКАБРЬ

1960

АЛМАТЫ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ БАСПАСЫ

Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

XXXIX жыл ШЫҒУЫ

№ 12

ДЕКАБРЬ

1960

МАЗМҰНЫ

БАС МАҚАЛА — Кейбір қорытындылар және алдағы айбынды міндеттер	3
М. ДАИРОВ — Жаңа белес алдында	10
Ғ. ОРАЗАЛИЕВ — Адам тәрбиелеу — идеологиялық жұмыстың негізгі міндеті	16
Н. ӘБІЛӘЗОВ — Кәзіргі дәуір және творчестволық марксизм	22
З. АЙТМАҒАМБЕТОВ — Шаруашылықтың басшысы — халық қызметшісі	29
А. БЕЛОВ — Колхоздағы жұмыс нормасы, еңбекті есептеу, оған ақы төлеу жайында	36
А. НҰРҚАНОВ — Қазақ халқының ардагер батыры	41
К. ӘЛИАСҚАРОВ — Өнегелі металлург	47

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНДЕ

Мәдениет университеттерінің жұмысы туралы	53
Жаңа ақшаға байланысты партиялық жарна қалай есептеледі?	55

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

К. ӘБІЛДАЕВ — Іскер де жігерлі басшылық керек	56
---	----

КОММУНИЗМ ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕ

М. АЙТБАКИНА — Өндірістік қатынастың дамып, жетілуі	61
---	----

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СҰРАҒЫНА ЖАУАП

А. ЕРМОЛАЕВ — Куба халқының бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күресі	66
--	----

СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

Ә. ДЕРБІСАЛИН — Қазақ әдебиеті туралы жаңа еңбек	71
«Қазақстан коммунисті» журналында 1960 жылы жарияланған мақалалар мен материалдардың тізімі	77



СОДЕРЖАНИЕ

ПЕРЕДОВАЯ — Некоторые итоги и насущные задачи развития сельского хозяйства	3
М. ДАИРОВ — На пороге третьего года семилетки	10
Г. УРАЗАЛИЕВ — Воспитание человека — главное в идеологической работе	16
Н. АБЛЯЗОВ — Современность и творческий марксизм	22
З. АЙТМАГАМБЕТОВ — О партийности хозяйственного руководителя	29
А. БЕЛОВ — О нормах выработки, расценки и оплаты труда в колхозах	36
А. НУРКАНОВ — Легендарный герой казахского народа	41
К. АЛИАСКАРОВ — Знатный металлург Алтая	47

В ЦЕНТРАЛЬНОМ КОМИТЕТЕ КПСС

О работе университетов культуры	53
Как будут исчисляться членские партийные взносы в связи с новым масштабом цен?	55

ПАРТИЙНАЯ ЖИЗНЬ

К. АБИЛЬДАЕВ — Таласская районная партийная конференция	56
---	----

БЕСЕДЫ О КОММУНИЗМЕ

М. АЙТБАКИНА — Развитие и совершенствование производственных отношений	61
--	----

ОТВЕТЫ НА ВОПРОСЫ ЧИТАТЕЛЕЙ

А. ЕРМОЛАЕВ — Борьба героического кубинского народа за свободу и независимость	66
--	----

КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ

А. ДЕРБИСАЛИН — Новый труд об истории казахской литературы	71
Указатель статей и материалов опубликованных в журнале «Казахстан коммунист» в 1960 году	77

★



Кейбір қорытындылар және алдағы айбынды міндеттер

Жетіжылдықтың екінші жылы — 1960 жыл аяқталды. Кәзір жер-жерде оның қорытындысы шығарылып жатыр. Алғашқы қорытынды елді қуантарлықтай. Коммунистік партияның, оның лениндік Орталық Комитетінің дана басшылығы, орасан зор көмегі арқасында республика еңбекшілері Қазақстанның қырық жылдығын экономика мен мәдениеттің бірқыдыру саласында айтарлықтай табыспен қарсы алғалы отыр. Қарағанды металлургия заводының бірінші домнасы, кокс батареясы іске қосылып, елімізге Қазақстанның тұңғыш шойынын, коксін бере бастады. Бұқтарма су электр станциясында екі агрегаттың іске қосылуы, сөйтіп кенді Алтайдың өндіріс қуатының арттырылуы, Қытаймен екі арадағы достық темір жолының бітіп, пайдалануға берілуі және басқалары — өтіп бара жатқан жылдың көрнекті олжасы.

Жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауды көздеген коммунистік жарыс өнеркәсіп қызметкерлерінің ынта-жігерін тасытып, еңбектегі шабытын күшейтті. Соның нәтижесінде олар республика бойынша жалпы өнім шығарудың және бұйымдардың негізгі түрлерінің көпшілігін өндірудің 11 айлық жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Былтырғы осы уақыттағымен салыстырғанда өнеркәсіп көлемі он үш процент ұлғайды, еңбек өнімділігі біраз өсті.

Бізде өнеркәсіп саласындағы сәтті қадамдар әрдайым ауыл шаруашылығын дамытуға қолайлы жағдай туғызады. Өйткені мемлекетіміз өнеркәсіпте жоспардан тыс алынған пайданың бір бөлегін ауыл шаруашылығын өркендетуге жұмсайды.

Ауыл шаруашылығында 1960 жыл ішінде тындырылған жұмыс аз емес. Партияның ХХІ съезінің және КПСС Орталық Комитетінің 1959 жылғы декабрь Пленумының шешімдерімен жігерленген республикамыздың ауыл шаруашылығы еңбеккерлері аянбай еңбек етті. Толып жатқан аудандар, колхоз, совхоздар кездескен қиыншылықты іскерлікпен жеңе отырып, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мөлшерін ұлғайтты. Республиканың 9 облысы, оның ішінде Батыс Қазақстан, Семей, Алматы, Ақтөбе, Жамбыл облыстары мемлекетке астық сату жоспарын орындады.

Партияның Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі мемлекетке астық сату жөніндегі социалистік міндеттемесін ойдағыдай орындағаны үшін Солтүстік Қазақстан облысының колхозшыларын, совхоз, РТС жұмысшыларын, механизаторларын қызу құттықтады. Облыс шаруашылықтары Отан қоймасына 64,5 миллион пұт астық құйды, мұның өзі жоспарда белгіленгеннен 5,5 миллион пұт артық. Сонымен қатар олар өздерін келесі жылға арнап тұқыммен қамтамасыз етті. Облыста міндеттемені орындауда жеке аудандар, колхоз, совхоздар ерекше көзге түсті. Ленин ауданы 9,4, Преснов ауданы 9 миллион пұт астық сатты. Мамлют ауданының Сталин атындағы, «Луч Ленина» колхоздарында егіннің шығымдылығы берекелі болды, олардың мемлекетке тапсырған астығының өзі ғана гектар басы 78 пұттан айналды.

Ауыл-село еңбеккерлерінің мал шаруашылығы өнімдерін ұлғайту жолындағы күресі кейбір жақсы нәтижеге жеткізді. Республикамыз

мемлекетке ет сатудың жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Отанымыз Қазақстаннан 600 мыңнан астам тонна ет алды. 1953 жылмен салыстырғанда ет екі есеге жуық артық дайындалды. Сондай-ақ дайындалған сүт былтырғыдан 55 мың тонна, 1953 жылғыдан бір жарым еседен астам көп. Мемлекетке жұмыртқа, қаракөл елтірісін сату міндеттемелері абыроймен орындалды.

Коммунистік партия елімізде азық-түлік молшылығын жасау жолындағы күресті өзінің экономика саясатындағы аса маңызды міндеттердің бірі деп санап келді және кәзір де солай санап отыр. Өйткені мұның өзі халықтың өмірлік мүдделеріне толық сай келеді. Еңбекшілердің нан, ет, сүт, май, жұмыртқа, картоп, овощ және басқа өнімдер жөніндегі, жеңіл, тамақ өнеркәсібінің шикізат жөніндегі қажетін өтейтін де ауыл шаруашылығы. Міне сол себепті партиямыз, оның лениндік Орталық Комитеті соңғы жылдары ауыл шаруашылығы мәселелеріне күрт бет бұрыс жасап, ерекше көңіл бөліп келеді. КПСС Орталық Комитетінің 1953 жылғы тарихи сентябрь Пленумы ауыл шаруашылығының күллі саласын шұғыл өрге бастырудың бастамасы болды. Орталық Комитеттің осы және одан кейінгі Пленумдарының, партияның XX, XXI съездерінің шешімдерінде ауыл шаруашылығы өндірісінің кенже қалуын түзетудің түбірлі шаралары белгіленіп, жүзеге асырылды.

Ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету бағытында Коммунистік партияның жүргізіп келе жатқан дәйекті де табанды күресі Отанымыздың экономикалық күш-қуатын арттыруға, халықтың тұрмысын жақсартуға беруге баға жетпес орасан зор көмегін тигізуде. Мұны бүкіл еліміз сияқты Қазақстанның еңбекшілері де өз тәжірибесі арқылы айқын көріп отыр. Тың өлкесінде болған елеулі өзгерістерді алып қараңыз. Кешегі құлазыған дала бүгінде астық қоймасына айналды, жаңа аудандар, көрікті поселкелер орнады. Партияның қалауымен, жігерлі патриоттардың ерен еңбегімен меніреу дала гүлденіп, құлпырды. Тың дарқан да дәулет, береке де құт болып отыр.

Октябрь, Рузаев, Ленинград, Есіл, Баранкөл, Атбасар сияқты аудандарымыздың бейнесі соңғы кезде мүлде өзгерді. Мұндағы шаруашылықтардың дені нағыз астық фабрикасына айналды. Мысал үшін Октябрь (Қостанай облысы) ауданын алуға болады. Ауданда жаңадан құрылған 14 совхоз жыл сайын 11 — 28 миллион пұт астық тапсыруда. Соңғы бес жылда оның мемлекетке сатқан астығы 100 миллион пұт болды. Мұндағы совхоздар мемлекетке 900 миллион сомдай таза пайда берді. Тың байлығы деп міне осыны айтуға болады.

Жаңа жер игерудің 1954 жылы басталған жорығы толастаған жоқ. Тың онан әрі игерілуде. Алыстағы аманкелділіктер мүлгіп жатқан Торғай атырабын ел игілігіне жаратамыз деп жар салды. Биыл мұнда 300 мыңнан астам гектар жер жыртылып, жаңадан 14 совхоз құрылды. Бұл жер келесі жылдан бастап өз жемісін бермек.

Партия Орталық Комитетінің алдағы болатын Пленумына әзірлік кезінде аудандарда, облыстарда партия комитеттерінің пленумдары, партия активтерінің жиналыстары, аудандық партия конференциялары, ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің кеңестері болып, оларда егіншілік пен мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және мемлекетке сату жөніндегі міндеттемелердің орындалуы туралы арнаулы мәселе талқыланды. Оларда міндеттемелерді орындау үшін күресте орын алған сәтсіздіктер, жіберілген қате-кемшіліктер қатты сынға алынды, оларды жоюдың шаралары, жетіжылдықтың үшінші жылының жаңа асу-белестері белгіленді. Республиканы тұтас алғанда 1960 жылы ауыл шаруашылығын өркендетудің жайы партияның Орталық Комитетінің 1959 жылғы декабрь Пленумы талалтарына сай болған жоқ. Бұл саладағы жұмыстың күнгей жағынан көлеңке жағы басым болды. Қазақстан астық сатудың мемлекеттік жоспарын да, міндеттемесін де орындай алмай, Отан алдында үлкен борышты болып қалды. Мүмкіндік бола тұрса

да, жүн сату жоспары толық орындалған жоқ, мақта, қант қызылшасы, картоп, овощ өндіру және оларды мемлекетке сату міндеттемелері ойдағыдай жүзеге асырылмады. Бірқатар аудандарда мал шаруашылығының жайы да мақтарлық емес.

Мемлекеттік жоспарды және міндеттемені орындаудағы бұл сияқты кемшіліктердің себебі қандай? Бірқатар жерде, алдымен солтүстік облыстарда ұйымдастыру жұмысы ойдағыдай болмады.

Солтүстік облыстардың бірқыдыру аудандарында пар мен зябь ретінде әзірленген жер тапшы болды, оның зардабы шаруашылықтардың денін егінді көктемде жыртылған жерге салуға мәжбүр етті, содан барып егіс жұмыстары ұзаққа созылды, сапасыз тұқым себу, жерді тайыз жырту сияқты агротехникалық шараларды бұрмалау орын алды. Осы іспеттес елеулі кемшіліктер мемлекетке астық тапсыру жөніндегі міндеттеменің орындалмауына әкеліп соқтырды.

Партияның Орталық Комитетінің декабрь (1959 жылғы) Пленумында Н. С. Хрущев жолдас міндеттемені орындауға лайықты нақты ұйымдастыру жұмыстарын жүргізбейтін даурықпа басшылар жайында былай деген еді: «Егер істі өз бетімен жіберсе: міндеттеме алып, одан кейін нәтиженің қай жерден барып шығатынын күтіп, қол қусырып отыра берсе, онда батпақтан барып, бір-ақ шығып, сонда отырып қалуға болады». Біздің республикада да осының аяғын күшып отырғандар жоқ емес. Амал не, Қостанай облыстық партия комитетінің секретары Бородин, облыстық Совет атқару комитетінің председателі Гарагаш жөнінде осыны айтуға тура келеді. Олар биыл облыстың 250 миллион пұт астық сатуға мүмкіндігі бар, бұл нақты есепке негізделген нысана деп жұртты талай рет сендірді. Ал іс жүзінде мұның өзі бос сөз, құрғақ уәде болып шықты.

Облыста міндеттеме былай тұрсын, тіпті мемлекеттік жоспардың өзі де жартылай зорға орындалды. Егін жинау тұсында елеулі кемшіліктер орын алды, шаруашылыққа басшылық етудің жарамсыз стилі қолданылды. Егін орағының қауырт күндерінде облыстық партия комитеті мен облыстық Совет атқару комитеті нақты ұйымдастыру жұмысын жүргізудің орнына, санкилы график, тапсырма белгілеумен әуестеніп, қымбат уақытты босқа оздырды. Колхоз, совхоз, аудан басшыларынан міндеттемені орындау қатаң талап етілмеді, тәртіпті бұзушыларға, ауызбен орақ оратын бөспелікке жол берілді. Ал мұның өзі ауыл-селодағы жетекші кадрлардың арасында тапсырылған іске жауапкершілікті кемітті. Бұған облыс бойынша 157 совхоздың, 38 колхоздың мемлекетке астық сату жоспарын орындамағаны дәлел бола алады.

Кәзір Қостанай облысының және ондағы кейбір аудандардың басшылары ауыл шаруашылығындағы олқылықтар «күздің қолайсыздығынан болды» деп бөгде себептер айтуда, олар «барлық пәлені құдайға аудара салудан да» аулақ емес.

Сол сияқты Ақмола, Қөкшетау, Павлодар, Қарағанды облыстарының партия, совет ұйымдарының басшылары да КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумында республикамыздың атына айтылған әділ де қатал сыннан тиісті қорытынды шығармады. Соның салдарынан бұл облыстарда 1959 жылғы қателік тағы да қайталанып, ауыл шаруашылығы ойдағыдай нәтиже бермеді. Мысалы, Ақмола облысында егіннің шығымдылығы бұрнағы жылғыдан гектар басы төрт центнердей, былтырғыдан үш центнердей аз болды.

Мұндай кемшіліктердің шынайы себептерін ашумен бірге, ендігі жерде оларды қайталанбаудың нақты шараларын белгілеу керек. Партияның XXI съезінде жасаған баяндамасында Н. С. Хрущев жолдас: «Бүкіл ауыл шаруашылығы өндірісінің негізі болып табылатын астықты таяу жылдары барынша көп өндіру алдағы уақытта да егіншіліктегі негізгі бағыт бола бермек»,—деді. Астық өндіру—ауыл шаруашылығының жетекші де ең маңызды саласы, Мал шаруашылығының өркендеуі

де соған тікелей байланысты. Ендеше астық өнімін молайта беру міндетіне бұдан былай да баса көңіл бөлінуге тиіс. Егін шығымдылығын, астықтың жалпы түсімін арттыру мүддесі егіншілік мәдениетін мықтап көтеруді, әрбір өңірге, тіпті әрбір ауданға, шаруашылыққа қолайлы келетін егіншілік жүйесін енгізуді талап етеді. Дұрыс ауыспалы егісті қолданудың, онда түрлі дақылды оңтайлы кезектестіре отырып егудің мәні зор. Бізде егіншілік мәдениетін көтере отырып, дақылдардан тұрақты да мол өнім алуға жеткен колхоз, совхоз аз ба? Мәселе осындай шаруашылықтардың тәжірибесін зерттеп, қорытуда, оны жұртшылықтың игілігіне айналдыруда болып отыр.

Егіннің өнімділігін арттыруға себепкер болатын агротехникалық шаралардың әрбір өңірде әртүрлі қолданылатыны мәлім. Білікті агрономдардың, кәсіптік дихандардың, ғалымдардың тәжірибесіне жүгінсек, тың игеруші аудандарда пардың болуы қажетті шара. Көктемде жыртылған жерге егілген егінге қарағанда парға егілген егін өнімді анағұрлым көбірек береді. Бұл — тәжірибе жүзінде анықталған ақиқат. Рузаев ауданының «Победа Ильича» совхозы егінді парға еккенде әр гектардан 19 центнерден, көктемде жыртылған жерге еккенде 11,1 центнерден, Есіл ауданының «Знамя труда» колхозы бірінші жағдайда 20,9 центнерден, екінші жағдайда 13,5 центнерден өнім алып келеді. Демек, бұл мысалдар қуаңшылық өңірде пардың дәнді дақылдардан әрі тұрақты, әрі мол өнім алудың бірден-бір сенімді құрал екенін сыпаттайды. Солай бола тұрса да көптеген аудандарда пар жыртыу жоспары жылма-жыл орындалмай қалады. Республикада келесі жылдың егісіне жер әзірлеу жұмысы ойдағыдай жүргізілмеді. Көптеген шаруашылықтарда пар, зябь тапсырмадағыдан едәуір кем жыртылды. Зябь айдау жоспары Павлодар облысында 32, Көкшетау облысында 42, Ақмола облысында 46 процент қана орындалды. Алдағы уақытта бұған ешбір төзуге болмайды. Бұл мәселеде берік тәртіп орнатқан жөн. Асылында, пар, зябь жыртыу жоспарын сөзсіз орындау — әр колхоз, совхоз үшін талжылмайтын заңға айналуға тиіс. Мұны жергілікті партия, совет ұйымдары, ауылшаруашылық орындары мейлінше қатты ескеруге міндетті.

Тұқым — егіншіліктегі өзекті мәселе. «Не ексең, соны орасың» дейді халық мақалы. Сортты да, өңгіштігі жоғары, жергілікті жағдайға үйлесімді, сапалы тұқымның ғана мол өнім беретіні хақ. Дегенмен, Қазақстанда тұқым шаруашылығының қанағаттанғысыз болып келе жатқанын жасыра алмаймыз. Бұл әлі де шешілмей отырған проблема. Мұның өзі әсіресе, солтүстік-шығыс облыстардың жағдайында айрықша сезіледі. Көп жерде егістің негізгі бөлігіне өңгіштігі төмен сортсыз тұқым себіліп жүр. Соңғы жылдары сортты егіс көлемі Павлодар облысында небәрі 2,2, Көкшетау облысында 1,5 процент қана өсті. Солтүстік облыстарда бір-екі жыл ішінде жалпы егіс құрамында қатты бидайдың үлесін 20 — 25 процентке, төзімді бидайдың үлесін 55—60 процентке жеткізу керек. Өйткені бидайдың бұл сорттарының ұндық, нандық сапасы жақсы болатыны Қазақстан жағдайында әбден дәлелденген.

Әрбір шаруашылық өзін сапалы тұқыммен қамтамасыз ететін дәрежеге жетуі керек. Әрине, бұл үшін колхоздар мен совхоздарда тұқым шаруашылығы жөнінде арнаулы бригадалар немесе бөлімшелер құрған жөн.

Кәзір алдағы егіске әзірлік күндерінде кем құйылған тұқымның орнын толтыру, оны тазарту, сұрыптау, жай тұқымды сортты тұқымға айырбастау жұмыстарын үлгілі ұйымдастырудың маңызы ерекше.

Бірсарындылық қай іске болса да пайда келтірмейді. Бұл әсіресе егіншіліктің жауы. Жер өңдеу тәсілдерін анықтағанда, тұқым сортын іріктеп алып, оның егу мерзімін, себу нормасын белгілегенде әр ауданның, шаруашылықтың ерекшелігін мұқият есепке алу шарт. Бұл істе ағаттық жасау орны толмас нұқсан келтіреді. Амал не, бұл жағдай кей-

де жергілікті орындарда жете ескерілмей келеді. Мысалы, Қарқаралы ауданына бидайдың «Қарагандинка-1» сортын егу ұсынылып жүр. Ал тәжірибе жүзінде бұл сорт ол арада нашар өсіп, жарытып өнім бермейді, сонымен қатар кезінде пісіп үлгірмей, күзгі суыққа ұрынады. Демек, бидайдың «Қарагандинка-1» сорты Қарқаралы жеріне үйлеспейді. Қазақстанның солтүстік аудандары үшін дәнді дақылдардың неғұрлым ерте пісетін сорттарын егу керек екені тәжірибеден айқын болып отыр.

Жердің құнарлылығын арттыру үшін көнді, күлді, минерал тыңайтқыштарды қолдануды, егіннің арам шөбіне қарсы күресті күшейтуді осы бастан ойластырған жөн.

Агрономдарға жүктелетін міндет, қойылатын талап та күшті. Егіншілік мәдениетін көтеруді ұйымдастырушылар, ол үшін батыл күресушілер, ғылым мен тәжірибенің жетістігін насихаттаушылар солар болуға тиіс. Жасыратыны жоқ, соңғы жылдары көп жерде агрономдардың бұл жұмыстары бәсеңсіп кеткен. Олар көбінесе кеңседегі жұмысқа пайдаланылады. Сондықтан колхоз, совхоздың егіншіліктегі жұмысына тікелей қатысуға агрономдардың көп ретте мүмкіндігі болмайды. Бұған үзілді-кесілді тиым салып, агрономдардың ролін арттыру керек.

Әрбір шаруашылық бойынша жетіжылдықтың үшінші жылының көктемгі егісіне арналған жоспарын жасау қажет. Бұл жұмыста колхозшыларға, совхоз жұмысшыларына агрономдар нақты көмек көрсетуге борышты. Көктемгі егіс жоспарында бидайдың, сондай-ақ арпанын, тарының, бұршақтың, кара құмықтың, картоп, овоштың егілуі белгіленуге тиіс. Бірақ мұнда әрбір өнімнің топырақ-климат жағдайы, мүмкіншілігі мұқият еске алынуы шарт.

Қай істің болсын тағдырын адамдар шешеді. Мол өнімді, жоғары табысты шаруашылықты алға бастыра беру үшін тұрақты кадрлар болуының мәні зор. Қазақстанда механизатор кадрларының жетіспей жүргені мәлім. Сондықтан егін орағы тұсында жыл сайын сырттан мыңдаған адам шақырылады. Ал ол мемлекет үшін де, шаруашылықтар үшін де мүлде қолайсыз. Сырттан адам шақыруға қосымша қаржы жұмсалады, ол үстеме шығындарды көбейтіп, астықтың түсер құнын қымбаттатып жібереді. Сонымен қатар уақытша жұмысқа келгендердің қайсыбіреулері техникаға ұқыпты қарамайды, кейде оны сындырып тастайды. Бұлардан жауаптылықты талап ету де қиын.

Ауыл шаруашылығын талапқа сай өркендету мүддесі әрбір колхоз бен совхозда тұрақты тракторшы, комбайншы және басқа механизатор кадрларын жасақтау міндетін алға қояды. Механизатор кадрларын жұмыста тұрақтандыру үшін оларға өндірістік, мәдени-тұрмыстық жағдай жасау керек. Ең алдымен тың өлкесінде тұрғын үйді, клубты, балалар бақшасын, яслилерін, емхананы, моншаны, асхананы, магазиндерді, дүкендерді көбейтпесе болмайды. Кадрларға жағдай жасау туралы әңгіменің түйіні міне осында.

Үстіміздегі қыста кадр жөнінде үлкен ұйымдастыру жұмысын жүзеге асыру міндеті тұр. Ауыл шаруашылығы жұмыстарының саябыр уақыты бұл кезде барлық күшті әр колхоздың, совхоздың, РТС-тің алдағы көктемгі егіске жақсы әзірленуіне, механизатор кадрларын жеткілікті етіп даярлауына жұмылдыру керек. Республика бойынша совхоз, РТС, колхоз жанынан ашылған қысқа мерзімді курстарда 60 мың, кәсіптік-техникалық училищелерде 30 мың тракторшы оқытылып даярлануы керек. Бұған қоса солтүстік облыстарда 13 мыңнан астам адам қосымша мамандықтарға үйретілуі ұйғарылған. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы, Совхоздар министрліктері, кәсіптік-техникалық оқуды басқарушы орындар, партия, совет ұйымдары механизаторларды даярлайтын курстардың, училищелердің жұмысын жақсы жолға қоюға ұмтылулары керек. Бұл курстарды, училищелерді маман оқытушылармен,

үймен, отынмен тәжірибе сабағын өткізуге қолданылатын техникамен, жер учаскесімен қамтамасыз етуге назар аударылуға тиіс.

Соңғы жылдары елімізде халықтың саны өсуіне, еңбекшілердің нақты табысы молайып, олардың сатып алу қабілеті артуына байланысты азық-түлікке деген қажеттілік едәуір ұлғайды. Демек, мал шаруашылығын өркендетудің, оның өнімділігін еселеп арттырудың маңызы бұрынғыдан да мықтап күшейеді деген сөз. Мұны жақсы түсінген республикамыздың ондаған ауданы, жүздеген колхоз, совхозы мал санын көбейтіп, мемлекетке ет, сүт, тағы да өзге өнімдер тапсыру міндеттемелерін абыроймен орындады. Бұл жөнінде олар Отанға рапорт берді. Жан басына ет, сүт өндіру жөнінен Америка Құрама Штаттарын таяудағы жылдарда қуып жету жолындағы социалистік жарыс еңбек өрендерінің талай жаңа есімдерін жұртқа аян етті. Мұндай майталмандардың қатарынан Оңтүстік Қазақстан облысында бір өзі 82 мың килограмм ет өндірген, етке өткізген ісектің салмағын 83,4 килограмға жеткізген, әр қойдан 7,4 килограмм жүн қырыққан Керімбек Мамановтың, Қарағанды облысында жалғыз өзі мемлекетке бір мыңнан астам центнер шошқа етін тапсырған Калистрат Афанасьевтің есімдерін ерекше атауға тура келеді. Н. С. Хрушев жолдас бұл екі майталманды еңбектегі табыстарымен қызу құттықтады.

Қазақстанның қай өңірін алсаңыз да оның мал өсіруге мүмкіншілігі бай, шөбі шүйгін, суы мол, жайылымы ұшан-теңіз, құнарлы шабындығы да жеткілікті. Ең бастысы—бес түліктің тілін білетін, еңбекке коммунистік көзқарас рухында тәрбиеленген Қ. Маманов, Қ. Афанасьев, Д. Жақсылықова, Ә. Шақабаяв, Н. Пацукова, Ш. Бекешева, С. Дәулетқалиев, А. Крейник сынды білікті малшыларымыз бар.

Бірақ зор мүмкіншіліктер толық та тиімді пайдаланылмай келеді. Бұл көбінесе жергілікті партия, совет ұйымдарының соңғы уақытта мал шаруашылығына басшылығын босаңсытып жіберуіне байланысты. Аудандардың бірсыпырасында малды көбейту қарқыны мүлде шабан, оның өнімділігі төмен. Республикамыздың кей жерінде сүт алу ісінің жайы мақтарлықтай болмай отыр. Биыл Алматы, Қызылорда, Жамбыл облыстарында сүт өндіру міндеттемесін орындамаған шаруашылықтар көп болды.

Сауын сиырларды көбейту—сүт алу мөлшерін арттырудың негізгі резерві екені мәлім. Фермаларда сауын сиырларды көп өсіру жайында партия мен үкіметтің талай рет нұсқауы болса да, кейбір облыс басшылары бұл жөнінде төзгісіз кемшіліктерге жол беріп алды. Тиісті қамқорлықтың жоқтығынан 1960 жылы Гурьев облысында сауын сиырлардың саны 17, Жамбыл облысында 11 процент кеміп кетті. Облыстық партия комитетінің жақында болып өткен пленумы атап көрсеткеніндей, Павлодарда да сауын сиырлар санын көбейту үшін күрес жоқ. Мұнда соңғы үш жылдың өзінде ғана 47 мың сиыр түрлі қажетке жұмсалған. Бұл облыстың колхоздары мен совхоздарында жалпы табын ішінде сауын малының 26 проценті ғана болып отырғаны да осыдан. Мал шаруашылығына мұндай селқос қарауға үзілді-кесілді тыйым салу керек. Ол үшін шаруашылық басшыларының жауапкершілігін мықтап арттыру қажет.

Екіншілікте қол жеткен жетістікке табан тірей отырып, тың өңірінде де мал шаруашылығын табысты саланың біріне айналдыру амалын істеген абзал.

Ауыл шаруашылығының кәзіргі материалдық-техникалық базасы жағдайында қоғамдық мал үшін жемшөп дақылдарын мол өндіру мүмкіндігі бар. Бұл арада әңгіме ең алдымен жүгері туралы болып отыр. Жүгері дегеніміз — астық, жемшөп, демек, ол—ет, сүт, май. Бұл бағалы дақыл Қазақстан жерінен де өзінің орнықты мекенін тапты. Бізде жүгері егісінің көлемі жыл санап ұлғайтылуда. 1953 жылы республика бойынша небәрі 40 мың гектар ғана жүгері егілсе, биыл 1960 мың гек-

тар егілді. Алайда бұл құнды дақылдан өнім тіпті төмен алынып жүр. Оның бір ғана себебі бар. Жүгері егіп, өсіруге адамдар жөнді машықтандырылмаған. Әдетте жүгері үшін құнарсыз жер бөлінеді, оны себудің, баптап-күтудің агротехникалық ережелері қатаң сақталып отырмайды. Олқылықтан дереу арылып, жүгері өндіруді ойдағыдай ұйымдастыратын мезгіл жетті.

Бұл күндері әр фермада мал шаруашылығының жайын егжей-тегжейлі анықтап, кездескен кемшіліктерді дереу жою шарасын істеу керек. Малдың қыста бағылуына баса назар аударған жөн. Мал өсіру ісінің болашақ тағдыры осыған тікелей байланысты. Мұны әсіресе биыл жемшөпті қажетті мөлшерден кем дайындаған Шығыс Қазақстан, Ақтөбе, Гурьев облыстары айрықша ескерулері керек. Жакында Қаскелең ауданы сиыр фермасының қызметкерлері малдың өнімділігін қыста да арттыру жөнінде республика малшыларына үндеу қабылдады. Қолхоз, совхоздарда бүкіл жыл бойы сүтті мол сауудың мүмкіншіліктерін қарастыру, осы бағытта сауыншылардың жарысын кеңінен өрістету — партия ұйымдарының төл ісі.

Мал шаруашылығының болашағын осы бастан жанжақты ойластырмаса болмайды. Малдың тұқымын асылдандыру, ет үшін ірі қара мал, ет-май үшін қой шаруашылығын мейлінше дамыту, құсты көп өсіру, өнім өлшеміне еңбек пен қаржыны мейлінше аз жұмсап, өнімнің түсер құнын кеміту, фермаларды машиналандыру дәрежесін көтеру, мал шаруашылығын мамандандыруды тәртіпке келтіру — міне осының бәрі жергілікті партия, совет, ауылшаруашылық орындарын, зоотехниктерді, колхоз, совхоз басшыларын толғандыратын және тиянақты шешілуге тиісті мәселелер.

Партия ұйымдары жетіжылдықты мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарыс туын бұрынғыдан да жоғары ұстауға, 1961 жылы жаңа асулардан сүрінбей өту үшін еңбекшілердің саяси-өндірістік өрлеуін шебер басқаруға, ауыл шаруашылығы өнімдерін мол өндіру үшін күресте коммунистердің алдыңғы шепте болуын көздеуге, бүкіл ұйымдастыру, партиялық-саяси жұмыстарын алда тұрған түбегейлі міндеттерге тығыз байланыстыра жүргізуге тиіс.

Өткен жылдың қорытындыларынан тиісті сабақ ала отырып, алдағы жылдың айбынды міндеттерін орындауға барлық күш, мүмкіншілікті жұмылдырайық. Сөйтіп республикамыздың Отанға берер астық, ет, сүт, май, жүн тағы басқа өнімдерінің мөлшерін еселеп арттырайық. Партия, бүкіл совет халқы Қазақстаннан осыны күтеді.

Жаңа белес алдында

М. ДАИРОВ,

Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің секретары

Солтүстік Қазақстан — ежелден-ақ республикамыздың астықты облыстарының бірі. Мұнда мал шаруашылығын өркендетуге де мүмкіндік мол.

Партияның Орталық Комитетінің тарихи сентябрь (1953 жылы) Пленумынан кейінгі кезеңде тың және тынайған жерлерді игерудің нәтижесінде біздің облыстың ауыл шаруашылығы бүкіл еліміздегідей үздік өрледі. Облыста бес жыл ішінде біржарым миллион гектардай тың жер игерілді. Тың игерудің нәтижесінде облыстың колхоздары мен совхоздары мемлекетке 165 миллион пұт астық сатты, мұның өзі оның алдындағы 15 жыл бойы дайындалған астықтың мөлшерінен 22 миллион пұт артық.

Бүкіл ауылшаруашылық өндірісінің негізі — егін шаруашылығының алға басуы ұзақ жылдар бойы артта қалып келген мал шаруашылығында жедел көтеруге жағдай туғызды. Колхоздар мен совхоздарда мал саны көбейіп, оның өнімділігі артты. 1958 жылы 1953 жылғымен салыстырғанда ет өндіру — 43,4 процент, сүт — 82,3 процент, жүн — 32 процент, жұмыртқа — 133 процент артты.

Облыс еңбеккерлері жетіжылдықтың алғашқы жылын елеулі табыстар жылына айналдырды. Әсіресе мал шаруашылығын өркендету жолында елеулі табыстарға қол жетті. Ет, сүт, жүн, жұмыртқа көбейтілді. Осының нәтижесінде бұл жылы облыс мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерінің барлық түрін сату жөніндегі тапсырмасын мерзімінен бұрын орындап шықты. 1958 жылғымен салыстырғанда мемлекетке 10 339 тонна ет, 8 350 тонна сүт, 3 679 мың жұмыртқа, 1 830 центнер жүн артық сатылды. Мал санының өсуі де ойдағыдай болды: ірі қара мал 15,1 процент, шошқа — 65,1 процент, қой — 10,2 процент, құс — 54 процент көбейді.

Осындай табыстармен қатар ауылшаруашылық өндірісінде ірі кемшіліктердің де болғанын атап айту керек. КПСС Орталық Комитеті мен Совет үкіметі тарапынан көрсетілген зор көмекке қарамастан облыстың партия, совет және ауылшаруашылық органдары астық өндіруді ұлғайту жөніндегі бай мүмкіндіктерді пайдалана алмады. Облыстық партия комитеті мен облыстық Совет атқару комитеті ауыл шаруашылығына басшылық ету ісінде ірі қателіктер мен кемшіліктерге жол берді. Соның салдарынан өткен жылы облыстың колхоздары мен совхоздары егін жинау жұмысын нашар ұйымдастырды, астықтың ысырабына жол берді, тіпті едәуір егін қар астында қалды. Астық дайындау жоспары орындалмады.

Ауыл шаруашылығына басшылық етудегі біздің осындай қателіктер мен кемшіліктер КПСС Орталық Комитетінің 1959 жылғы декабрь Пленумының қаулысында аталып көрсетіліп, Н. С. Хрущев жолдастың сөзінде қатты сынға алынды.

Биыл облыстың партия ұйымдары бұл әділетті де өткір сыннан қорытынды шығара отырып, ауыл шаруашылығына басшылықты ширата түсті. Партия мен үкіметтің қалтқысыз көмегіне сүйене отырып, қажырлы еңбек еткен облыс дихандары жетіжылдықтың екінші жылында бітік егін өсірді. Облыстың колхоздары мен совхоздары мемлекетке 64,5

миллион пұт, яғни жоспардан тыс 5,5 миллион пұт астық сатып, өздерінің социалистік міндеттемесін абыроймен орындап шықты.

Облыстың малшылары да биыл көрнекті нәтижелерге жетті. Олар мемлекетке 38 мың тонна ет сату жөнінде міндеттеме алған болатын. Сөйтіп ет жөніндегі жетіжылдық жоспарды екі жылда орындауға серт берген еді.

Біздің мал өсірушілеріміз алған міндеттемелерін орындау жолында айтарлықтай жұмыс істеп келеді. Бұл жөніндегі бірінші жеңіске жылдың алғашқы жартысында қол жетті. Облыс еңбекшілері мемлекетке ет сатудың жартыжылдық жоспарын да, алған міндеттемесін де мерзімінен бұрын орындады. Алғашқы жеңісті баянды ете отырып, облыс еңбекшілері 1 октябрьге дейін ет сату жөніндегі жылдық жоспарды 107,6 процент орындады. Қазір міндеттемені жүзеге асыру жолында қажырлы күрес жүріп жатыр.

Мал шаруашылығының басқа да өнімдерін дайындау ісі ойдағыдай жүргізілуде. Мемлекетке жұмыртқа, жүн сату жөніндегі міндеттемелер мерзімінен бұрын 1 октябрьде-ақ орындалып, Отанымызға 15,3 миллион жұмыртқа, 1 147 тонна жүн сатылды. Сүт дайындау жөніндегі социалистік міндеттеме де орындалуға жақын. Биыл Солтүстік Қазақстан еңбекшілері Отанымызға 110 мың тонна сүт беретін болады.

Міне, жетіжылдықтың алғашқы екі жылындағы кейбір қорытындылар осындай. Бұл табысқа қалай жеттік?

Адамдарды жұмылдыра білу—табыс кілті

Аса ірі шаруашылық міндеттерді шешу ісіне еңбекшілер бұқарасын жұмылдыруға, адамдар арасында жүргізілетін саяси жұмысты жақсартуға облыстың партия ұйымдары көп көңіл бөліп келеді. Социалистік жарыс мәселесін алайық. Жұртқа мәлім, социалистік жарысты өрістету адамдар арасындағы саяси жұмыстың ең бір өзекті мәселесі. Социалистік жарысты ұйымдастырғанда әрбір кезеңге лайық нақты міндеттер белгіленіп, еңбекшілердің күш-жігері сол міндеттерді орындау күресіне жұмылдырылды.

Бұл міндеттемелердің тапсырмалары әрбір айға бөлініп, плакат, листовка түрінде барлық аудандарға колхоздар мен совхоздарға жіберіледі. Мұндай әдіс жарысты нақты ұйымдастырып, еңбекшілерді қабылдаған міндеттемелерін орындау жолындағы күреске жұмылдырып отыруға мүмкіндік береді.

Облыстық партия комитеті мен облыстық Совет атқару комитеті ауыл шаруашылығының әр саласында қызмет ететін адамдар үшін социалистік жарыстың шарттарын, озат аудандарға, колхоздар мен совхоздарға тапсырылатын ауыспалы Қызыл тулар белгіледі.

Сүт сауу жөнінен озып шыққан ауданға, колхоз бен совхозға ауыспалы Қызыл ту әр айдың және жылдың қорытындысы бойынша тапсырылады. Қой, күс өсіру жолындағы жарыстың қорытындысы да осылай шығарылады. Ал ет өндіру жөніндегі озып шыққандарға ауыспалы Қызыл ту тоқсан сайын және жыл қорытындысы бойынша тапсырылады.

Облыстық партия комитеті мен облыстық Совет атқару комитетінің ұйғарымы бойынша мемлекетке астық сату және жемшөп дайындау барысында жеңіп шыққан ауданға, колхоз бен совхозға Қызыл ту түпкілікті сақтау үшін беріледі. Биыл астық сату жөніндегі міндеттемесін облыста бірінші болып орындаған Полудин ауданына Қызыл ту мәңгі берілді. Ауыспалы туды жарыста озған коллективке облыстық партия комитеті бюросының немесе облыстық Совет атқару комитетінің мүшесі барып тапсырады. Туды қайтарып алу тәртібі де осындай. Тудан айырылып қалған колхоздың немесе совхоздың өкілі ауыспалы Қызыл туды озат шаруашылыққа өзі апарып береді. Сөйтіп, туды тапсыру, қайтарып алу тәртібінің өзі де коллективті жебеу құралына айналдырылды.

Биыл облыстық партия комитетінің пленумында «Еңбек даңқы» деген кітап ашу туралы шешім қабылданды. Бұл кітапқа облыстық партия комитеті пленумының шешімі бойынша ерекше үздік шыққан шаруашылықтар мен еңбек озаттары жазылады. Сонымен қатар облыста Құрмет кітабы және Құрмет тақтасы бар. Биыл «Құрмет кітабына» Конюхов ауданындағы «Красная крепость» колхозының құс өсірушісі Елена Голубенконың, Бескөл совхозының құс өсірушісі Клавдия Новикованың, Мамлют совхозының шошқа бағушысы Мария Вишневецкаяның, Приешім совхозының бұзау өсірушісі Күлімжан Өтегенованың, Чистов совхозының сауыншысы Раиса Сенькинаның есімдері бірінші болып жазылды.

Социалистік жарыстың барысын бақылау, оның қорытындыларын шығарып отыру ісіне жұртшылықты көбірек қатыстыру, жарысушыларға іс жүзінде нақтылы көмекті күшейту мақсатымен үстіміздегі жылы февраль айында облыстық қоғамдық комиссия құрылған болатын. Бұл комиссияның құрамында колхоз, совхоз өкілдері, партия, совет, комсомол, кәсіподақ қызметкерлері, өндіріс озаттары мен ауыл шаруашылығының мамандары, барлығы 32 адам бар. Мұндай комиссия барлық аудандарда да құрылды.

Облыстық қоғамдық комиссия социалистік жарысты өрістету жолында едәуір жұмыстар істеді. 1960 жылдың бас кезінде Булаев ауданы мемлекетке ет сату жөніндегі тапсырманы орындай алмай келді. Март айында облыстық қоғамдық комиссияның мүшелері осы ауданға барып, онда әрбір шаруашылықтағы істің жайымен танысты, сөйтіп, ет өндірудің қосымша көздерін тауып, пайдалануға көмектесті. Бұл мәселе аудандық партия комитетінің пленумы мен озат мал өсірушілердің аудандық кеңесінде талқыланып, етті молайтудың нақты шаралары белгіленді. Осымен бірге қоғамдық комиссияның тексеру қорытындылары бойынша облыстық партия комитетінің бюросы Булаев ауданы жөнінде арнаулы қаулы алды. Осының бәрі аудан еңбеккерлерінің қабылдаған міндеттемелерін орындау жолындағы күресіне зор көмек болды. Булаев ауданы мал өнімдерін дайындау және мемлекетке сату жоспарын абыроймен орындап шықты.

Колхоз бен совхоздың, кәсіпорындардың озат адамдарын, мамандарды облыстық партия комитетінің бюросына шақырып, олардың тәжірибесін қорытуды, олармен ақылдасып отыруды біз күнделікті іске айналдырдық. Мысалы, жақында Бескөл совхозының озат құс өсірушісі Клавдия Новикова өзінің жұмыс тәжірибесі туралы облыстық партия комитетінің бюросында баяндама жасады. Бюро оның құс өсіру, онан өнімді мол алу тәжірибесін мақұлдады. Кәзір Новикованың тәжірибесі облыстағы барлық құс өсірушілердің игілігіне айналып отыр.

Облыстық партия комитеті, барлық партия ұйымдары қоғамдық еңбекке әйелдерді кеңінен қатыстыруда, оларды қабылданған социалистік міндеттемелерді орындау жолындағы күреске жұмылдыруда елеулі жұмыс жүргізді. Биыл жыл басында тұңғыш рет әйелдердің облыстық жиналысы өткізіліп, оған бес жүзден астам сауыншы, шошқа бағушы, механизатор, құрылысшы, интеллигенцияның өкілдері қатысты. Олар облыстың бүкіл әйелдерін ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру жөнінде алған міндеттемені орындау жолында күш-жігерлерін аямай еңбек етуге шақырды.

Жиналыс өтісімен колхоз, совхоздарда, кәсіпорындар мен құрылыс орындарында, мекемелерде әйелдер советі қайтадан құрылды. Ал облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттері жанынан әйелдер арасында жұмыс жүргізу жөніндегі қоғамдық комиссиялар ұйымдастырылды. Әйелдер арасындағы жұмыстың өрістетілуі жақсы нәтижелер берді. Көптеген әйелдер тракторшы, комбайншы, құрылысшы сияқты мамандықтарға қайта оралды. Әйелдер бригадалары құрылды. Әйелдердің еңбектегі белсенділігі арта түсті.

Ленин атындағы совхозда үй шаруасындағы әйелдер тамаша бастама көтерді. Олар шофер мамандығын меңгеріп, егін орағы кезінде комбайннан түскен астықты тасуға белсене қатынасты. Осының нәтижесінде совхоздағы бұрынғы бірнеше шофер комбайнға, тракторға отырды. Бұл бастаманың ұйтқысы шоферлардың зайыптары еді. Әйелдердің бұл бастамасын Совет аудандық партия комитетінің бюросы мақұлдап, басқа шаруашылықтарға да таратты.

Смирнов совхозында әйелдерден құрылған трактор бригадасы жұмыс істейді. Оның бригадирі Қазақ ССР-і Жоғарғы Советінің депутаты Бацунова жолдас. Әйелдер бригадасы биылғы жылдың көктемгі егісі кезінде де, бітік өскен егінді жинау кезінде де еңбектің тамаша үлгілерін көрсетті.

Облыстың партия ұйымдары социалистік жарыстың кең өрістеуіне, ғылым жаналықтары мен озат тәжірибені ауылшаруашылық өндірісіне кеңінен енгізіп отыру мәселесіне үнемі көңіл бөліп келеді.

Биыл шошқа бағушылардың, шопандардың, жүгері өсірушілердің, механизаторлардың, мамандардың өзара тәжірибе алмасу жөніндегі облыстық кеңестері бірнеше рет өткізілді. Бұл мәслихаттарда өндіріс озаттары бір-бірін жарысқа шақырып, өздерінің жоспарын ортаға салды, бір-біріне сын ескертулер де жасады.

Тәжірибе алмасу мақсатымен облыстың өз ішінде де, одан тыс жерлерде де озат шаруашылықтарға делегаттар жіберу кең қолданылып жүр. Тек биылдың өзінде ғана біздің облыстың өкілдері Владимир, Москва облыстарында болып қайтты. Бір топ агрономдарымыз Курган облысына колхоз ғалымы Т. С. Мальцев жолдасқа барып, оның тәжірибесінен үйреніп келді.

Өзіміздегі Чистов, Петропавл, Мамлют совхоздары, «Белое» мал бордақылау совхозы сияқты озат шаруашылықтарға да партия, совет қызметкерлері, колхоз, совхоз басшылары, ауыл шаруашылығының мамандары жиі барып тұрады. Мұнда олар егіншілік пен мал шаруашылығындағы озат әдістермен танысады.

Облысымызда бірнеше жерден озат тәжірибе мектебін ұйымдастырдық. Мысалы, Заречный совхозында ашылған озат тәжірибе мектебінде ауыл шаруашылығында қолданылатын жаңа машиналар, тетіктер мен механизмдер зерттеліп, оларды тиімді пайдаланудың жолдары үйретіледі. Бірсыпыра колхоздар мен совхоздардың инженерлері, механиктері, трактор бригадаларының бригадирлері мен механизаторлары жүгеріні шаршы-ұялап егудің инженер Логвин жасаған тетігін осы мектеп арқылы меңгерді.

Партия ұйымдары мал шаруашылығы қызметкерлерінің мамандығын көтеру ісіне де көп көңіл бөліп келеді. Бірсыпыра аудандарда сауыншыларға, құс өсірушілерге, шошқа бағушыларға, бақташылар мен шопандарға арналған екіжылдық экономикалық мектептер жұмыс істейді.

Біздің облыста экономикалық конференцияларды өткізу тәртібі де көңіл бөлерлік. Мәселен, биыл Преснов аудандық партия комитеті «Бұзауды салқын қорада күту әдісі» деген тақырыпта экономикалық конференция өткізді. Конференцияға 170-тен астам бұзау бағушы қатысты. Конференцияға қатысушылар баяндамалар тыңдаумен бірге озат шаруашылықтарға барып, бұзау өсірудің әдістерімен қолма-қол танысты.

Булаев ауданында өткен бұзау өсірушілер семинары Чистов совхозының бірінші бөлімшесіндегі атакты сауыншылар Раиса Сенькина мен Фрида Пеннердің жұмыс әдісімен танысудан басталды. Олар басқа шаруашылықтардан келген құрбыларына өздерінің жұмыс тәжірибесін айтып берді.

Партия ұйымдары бұқаралық-саяси жұмыстың жаңа, әсерлі түрлерін іздестіріп, қолданып отырады. Мысалы, озат еңбекке арналған жиын өткізу бұрын облысымызда болмаған іс еді. Бұл әдісті бірінші

болып Смирнов совхозының партия ұйымы қолданды. Осы совхоздың сауыншысы Ахметова Орынтай бірінші тоқсанда әр бір сауын сиырдан 800 килограмм, соның ішінде март айында 364 килограмм сүт сауып, социалистік жарыста озып шықты. Осыған байланысты совхоз партия ұйымы үлкен жиын ұйымдастырып, оған өздерімен жарысқа түскен Ленин совхозының малшыларын, сондай-ақ көрші совхоздар мен колхоздардың өкілдерін шақырды. Осы жиында озат сауыншы Ахметоваға бағалы сыйлық тапсырылды және концерт қойылды.

Саяси жұмыстың мұндай түрлері Ленин атындағы және Ивановка, Черкасс совхоздарында, облыстың басқа да бірқатар шаруашылықтарында қолданылып жүр.

Сайып келгенде, адамдар арасындағы жұмыстың пәрменді жүргізілуі, оларды алда тұрған міндеттерді орындауға жұмылдыра білу елеулі табыстарға жетуімізге көмектесті.

Қол жеткен табыс — келешекке берік негіз

Облыс еңбекшілерінің жетіжылдықтың алғашқы екі жылында қол жеткен табыстары тоқмейілісіп, жеткен жеріміз осы деп отыруға ешбір жол бермейді. Пайдаланылмай жатқан мүмкіндіктер мол. Елімізде ауылшаруашылық өнімдерінің молшылығын жасау, совет халқының күннен күнге өсіп отырған қажетін өтеу міндеті ауыл шаруашылығын өркендетудің қарқынын мұнан да шапшаңдата түсуді талап етеді. Аса ірі міндеттің бірі астық өндіруді ұлғайту мәселесі болып отыр. Әсіресе, астықтың шығымдылығын арттыру — бірінші кезектегі іс. Біз әлі де болса игерілген тың жерлердің берерін түгел алып болғанымыз жоқ. Былтыр КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумында сөйлеген сөзінде Н. С. Хрущев жолдас нақ осы жағдайды баса көрсеткен болатын.

Облыс партия ұйымдарының алдында тұрған басты міндет — егіннің түсімділігін арттырып, егіннен ұдайы тұрақты өнім алу. Бұл үшін біз кәзірдің өзінде-ақ бірқатар шараларды қолға алдық. Келесі жылдың егісіне қажетті жерлердің сексен процентке жуығы әзірленді. Облыстың барлық колхоздары мен совхоздары өздерін 1961 жылдың егісіне керекті сапалы тұқыммен толық қамтамасыз етті.

Кәзір колхоз-совхоз басшылары, агрономдар келесі жылы дәнді дақылдардың түсімі аз сорттарын неғұрлым түсімді сорттармен ауыстыруға, сол сияқты ауа райының ерекшеліктерін ескере отырып, дәнді дақылдардың ерте пісіп жетілетін сорттарын егуге бағыт ұстап отыр. Мәселен, бидайдың кейбір сорттарына қарағанда әрі тез пісетін, әрі шығымдылығы да жоғары болатын арпа егісіне келесі жылы көбірек орын берілетін болады. Осы күнге дейін облысымыздағы бүкіл дәнді дақылдар егісінің көлемінде арпанын үлесі 20 процент шамасында ғана болса, енді оны 30 процентке жеткізу мақсаты қойылып отыр. Осыған байланысты, көктемгі егіс жұмыстары басталғанға дейін қолда бар тұқымның біраз бөлегін ауыстырып алуға тура келеді.

Кәзір облысымыздың барлық шаруашылығында да ауыспалы егіс жүйесі, ауыл шаруашылығын жүргізу системасы жасалып жатыр. Осыған орай биыл қысқы агротехникалық шараларды пысығырақ жүргізуге көңіл бөлінуде.

Мал шаруашылығы саласында да шешуін күтіп тұрған міндеттер аз емес. Ең басты міндет — мал шаруашылығының өнімдерін, әсіресе ет пен сүт өндіруді барынша арттыра беру.

Жетіжылдықтың үшінші жылындағы мемлекеттік тапсырмаларды абыроймен орындап шығуға бізде барлық мүмкіншіліктер бар. Мұндағы сүйенеріміз биылғы жылы қол жеткен табыстарымыз.

Мал шаруашылығын өркендетудің негізгі шарты — берік жемшөп қорын жасау болса, оны біз биыл біршама тәуір шештік деп айта аламыз. Қоғамдық малға қажетті шөп толық дайындалды. Оның үстіне

1 миллион тонна сүрлем салынды, мұның өзі әрбір сауын сиырға 15,1 тоннадан келеді. Біздің облыста бұған дейін мұнша жемшөп әзірленіп көрген емес. Берік жемшөп қорын жасаудың негізгі тірегі жүгері егісі болды. Колхоздар мен совхоздар биыл жүгеріден тәп-тәуір өнім алды.

Осыларға сүйене отырып, биыл мал шаруашылығын өркендету жөніндегі мемлекеттік жоспар және алынған міндеттемелер толық орындалады деп сеніммен айтуға болады.

Облысымыздың мемлекетке астық сату жөніндегі міндеттемесін орындауына байланысты КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің құттықтауы партия, совет және шаруашылық қызметкерлерін, ауыл шаруашылығының мамандарын, совхоз жұмысшылары мен колхозшыларды, барлық еңбекшілерді Отанымыздың игілігі үшін, елімізде коммунистік қоғамның салтанат құруы жолында бұрынғыдан да зор жігермен еңбек етуге шабыттандырды.

Биыл Солтүстік Қазақстанға қыс жылдағыдан едәуір ерте түсті, оның үстіне ол қызыл шұнақ аязын да әдеттегіден көп ерте ала келді. Табиғаттың қаталдығына қарамастан облыс еңбекшілері еңбек қарқынын күшейте түсуде. Олар қысты келесі жылғы мол астықтың қамын жасаудың, қысты күні де сүт бұлағын азайтпаудың, мыңдаған тонна ет өндірудің кезеңіне айналдырып отыр.

Қазір облыс механизаторлары тракторлар мен басқа құрал-саймандарды жөндеу ісіне жаппай кірісті. Бұл жөнінде Благовещенск совхозының механизаторлары, жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері өнегелі істің бастаушысы болды. Олар техниканы жөндеуді 1961 жылдың 20 январына дейін толық аяқтауға жұмылды.

Облыс еңбекшілерінің биылғы қолы жеткен табыстары жетіжылдықтың үшінші жылында да қажырлы еңбек етіп, табысқа жетуге негіз болады.

Адам тәрбиелеу—идеологиялық жұмыстың негізгі міндеті

Е. ОРАЗАЛИЕВ,

Қызылорда облыстық партия комитетінің секретары

Кәзір Коммунистік партия идеологиялық жұмысты, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісін партия, кәсіподақ, комсомол және басқа қоғамдық ұйымдардың алдына басты міндет етіп қойып, бұқараға идеялық-саяси ықпал жасаудың барлық жолы мен мүмкіндігін жете қарастыруда.

Коммунистік құрылыс кеңінен өрістетілген кәзіргі кезеңде партия ұйымдарының алдында тұрған аса жауапты міндет: коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаумен бірге жаңа адамды тәрбиелеу. Бұл міндетті күнделікті практикалық жұмыстың үстінде, коммунизм құру жолындағы жалынды күрес үстінде ғана ойдағыдай орындауға болады.

Осыған байланысты адамды еңбекке тәрбиелеу ең бірінші кезекке қойылып отыр. Адамды еңбекке тәрбиелеу идеологиялық жұмыстың негізгі мақсатының бірі. Ленин айтқандай, материалдық және рухани шараларды ұштастыра жүргізіп, саналы тәртіпке сүйенгенде ғана коммунистік еңбекке даңғыл жол ашылады. Барлық материалдық игіліктерді еңбекке қарай бөлу — социализм жағдайында бірден бір әділ принцип. Осының негізінде еңбекке ынталандыру шараларын өрістету — социализм жағдайында өндіргіш күштерді дамытудың аса маңызды жолы.

Коммунистік партия жүргізген саяси-тәрбие жұмысының нәтижесінде совет адамының еңбекке деген көзқарасында аса зор өзгерістер болғаны айқын. Бізде халық бұқарасының өндірістік белсенділігі бұрын болып көрмеген дәрежеде өсті. Партияның ХХІ съезі алға қойған ұлы мақсат еңбекшілердің зор жігерін тудырды. Кәзір кең өріс алған коммунистік еңбек екпінділері мен бригадаларының қозғалысы, жеті жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы бүкілхалықтық жарыста туған еңбек тасқыны осыны дәлелдейді.

Коммунистік еңбек бригадалары мен екпінділерінің жұмыс тәжірибесі бұл тамаша қозғалыстың жаңа адамды тәрбиелеудің қуатты құралы екенін көрсетіп отыр. Біздің облыста кәзір коммунистік еңбек бригадасы атағын алу жолындағы жарысқа 3 300 адамды қамтитын 346 бригада мен коллектив ұштасты. 57 бригадаға мұндай құрметті атақ берілді де. 126 озат жұмысшы мен колхозшы В. Гаганованың бастамасын қостады. Арал балық тоңазыту зауытының аға сорттаушысы Ү. Өтеулиева жолдастың есімі жұртшылыққа кең жайылды. Ол қысқа мерзім ішінде жаңа мамандықты ойдағыдай меңгеріп, алты жұмысшыны өз мамандығына үйретті. Өтеулиеваның еңбектегі ерлігі үшін оған Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Облыс еңбекшілері өзінің жерлесі Жаңақорған ауданы Ленин атындағы колхоздың күрделі бригадасының бригадирі Құлтас Оспановты мақтан етеді. Оның бригадасы еліміздің атақты механизаторы Н. Мануковскиймен жарысқа түсті. Оспанов жолдас облыстың бір топ механизаторларымен бірге күзде Мануковскийдің бригадасында болып қайтты. Бұл екі бригаданың арасында тек өндірістік жарыс өріс алып қана қойған жоқ, сонымен бірге өзара жолдастық көмек, коллектившілдік, берік достық қарым-қатынас орнады.

Мануковский жолдас Құлтастың бригадасына жазда келіп қайтпақшы. Құлтас Оспановтың бригадасы өзінің міндеттемесін ойдағыдай орындауда. Бригададағы жұмыс түгел механикаландырылған. Мұнда Аманкелді Бейсеновтың звеносы биыл 150 гектар жүгерінің әр гектарынан 656 центнерден көк меке алды.

Облысымызда саналы еңбектің тамаша үлгісін көрсетіп жүрген өрендердің қатары өсіп келеді. Шиелі ауданындағы «Коммунизм» колхозының озат шопаны Нартай Кәкиев тамаша еңбек үлгісін көрсетуде. Ол 100 саулықтан 170 қозы алды, Қазалы ауданының озат шопаны Е. Жиенов 875 қойдың әрқайсысының тірідей салмағын 68,5 килограмға жеткізді, әр қойдан 5,75 килограмнан жүн алды. Облыстың озат сауыншылары Ысқақова және Пірішева әрбір сауын сиырдан 3 мың литрден сүт сауды, Қармақшы ауданындағы «III Интернационал» колхозының күрішшісі Пак Чин-Ир 60 гектар жердің әр гектарынан 540 пұттан күріш жинады. Тек биыл ол колхозға 1 миллион сомнан астам табыс келтірді. Сөйтіп коммунистік құрылысқа белсене қатысқан мыңдаған облыс еңбекшілері еңбектің—өмір көркі, творчестволық ынта-жігер мен қуаныштың қайнар көзі екенін іс жүзінде дәлелдеуде.

Бірақ бізде еңбекке немқұрайды қарайтын, арамтамақ адамдар да бар. Мұндайлар өзінің мағынасыз да мақсатсыз өмірі үшін түрлі қылмысты әрекеттер жасау, социалистік меншікті ұрлау, пара алу, саудагерлік жасау жолымен күн көреді. Ондайлар өте аз болса да қоғам өміріне, біздің ілгері басуымызға кедергі келтіреді.

Жеке меншікшілдік пиғылдың, қоғам есебінен баю әрекетінің халыққа коммунистік тәрбие беру ісіне тигізіп отырған зияны аз емес. Жеке меншікті үйлерін жалға беру, қоғамдық меншіктегі жерге бау, бақша егу, қоғамдық транспортты және жерді жеке бас пайдасына жарату есебінен күнелтетін арамтамақтар да бар.

Облыстық партия комитеті жуырда Сырдария ауданында ауылшаруашылық артелі Уставының өрескел бұрмалануы туралы фактіні тексеріп, бұл жөнінде мәселе қарады. Көптеген колхоздарда ауылшаруашылық артелі Уставының өрескел бұрмалануы салдарынан кейбір колхозшылардың жеке шаруашылығы шамадан тыс ұлғайып кеткен. Мысалы, Сырдария ауданындағы «1-Май» колхозында артельдің 11,8 гектар жеріне жеке адамдар бақша дақылын, 4 гектар жерге тары егіп алған. Солардың бірі қой фермасының есепшісі Атабаев 2,4 гектар жыртылған жерге тары еккен және 0,5 гектар жерге бақша салған. Колхозда ауыл шаруашылығы артелі Уставының бұзылуы салдарынан еңбек тәртібі мүлде нашарлаған. Осы колхоздың тек 2 бригадасында ғана биылғы 9 айдың ішінде колхоз өндірісіне 125 адам қатыспаған. Ал, бұлар колхозшыларға берілген барлық жеңілдікпен пайдаланып өзінің жеке шаруашылығын өркендетумен шұғылданған.

Сондай-ақ облыстағы кейбір коммунистің жеке меншіктік пиғылдан арыла алмай жүргенін көрсететін фактілер де бар. Мысалы, Жаңақорған ауданында тұрушы КПСС мүшесі Т. Көбенбаевтың жеке шаруашылығында 100-ден аса қой, 14 сиыр, төрт жылқы және түйесі бар. Ол өз малы үшін колхоз жайылымын пайдалануда. Ал, бастауыш партия ұйымы болса осы Көбенбаевтың төңірегінде қоғамдық пікір тудырудың орнына, оған ымырашылдық жасап келеді. Партия ұйымы Көбенбаевтың партиялық мәселесін талқылаған кезде дұрыс шешім қабылдамай, оны КПСС қатарында қалдырған. Еңбек етпей көзбояушылыққа салынып жүрген Көбенбаевты облыстық партия комитетінің бюросы партиядан шығарып, оның ісін заң орнына тапсырды.

Ешқайда жұмыс істеместен, социалистік құрылыстың барлық игілігін пайдаланғысы келетін жалқаулар мен арамтамақтарға қарсы күресті күшейту — насихат жұмысының кәзіргі бір басты міндеті.

Партия, совет, комсомол, кәсіподақ ұйымдары арамтамақ элементтерге қарсы күреске жұртшылықты белсенді қатыстыруға тиіс.

Соңғы кезде облыстың бірқатар кәсіпорындарында, колхоздары мен совхоздарында жұмысшылар мен колхозшылардың жиналысы болып, онда өнімді адал еңбектен тайсақтайтындар қатаң сыналды. Мысалы, октябрь айында Арал қаласында қала тұрғындарының жиналысы болып, онда арамтамақтарға қарсы күрес мәселесі талқыланды. Азамат А. Куйдонын қоғамға пайдалы еңбектен қашып, жеке меншігіндегі қайығымен балық аулау жолына түскені, саудагерлікпен айналысқаны талқыға салынды. 30 жастағы азамат М. Рощина екі жыл бойы ешқайда жұмыс істемеген. Сондай-ақ азамат А. Шеринин мен В. Ильин де жұртшылық талқысына түсті. Жиналыста 11 адам шығып сөйледі. Олардың бәрі алдау, арбау жолымен күн көріп жүргендерді батыл сынады.

Осындай жиналыс Шиелі ауданында да өтті. Жиналысқа қатысушылардың талабы бойынша арамтамақтарға қарсы қатал шара қолданылды. Олардың бірсыпырасы өздері тұратын қала мен поселкеден басқа жерге көшірілді. Ал өздерінің бұл әрекетін мойындап адал еңбекпен шұғылдануға уәде бергендер, жұртшылықтың бақылауына алынды.

Арамтамақтықпен күн көруші қоғамға жат элементтер жұртшылықтың талқысына үнемі салынып отыруы керек. Олар жөнінде мәселе қаралатын жиналыстар жалпылама болмай белгілі бір адамдардың нақты әрекетін талқылауға арналуы тиіс. Сонда ғана мұның өзі әсерлі болады. Сондай-ақ жиналыста арамтамақтардың өзін ғана әшкерелеп қоймай, сонымен бірге оларға көмектесетін адамдарды да әйгілеген мақұл.

Жатып ішер жалқаулар мен қоғамдық тәртіпті бұзушыларға қарсы күресте жолдастық соттар мен халық жасақтары сияқты қоғамдық ұйымдарды кеңінен пайдаланған жөн. Облыстың партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдары бұл бағытта бірсыпыра жұмысты жүзеге асырып келеді. Қоғамдық тәртіпті нығайтуда жолдастық соттар мемлекетке үлкен көмек көрсетуде. Кәзір облыстың 165 кәсіпорны мен мекемесінде, колхозы мен совхозында жолдастық соттар құрылған. Олардың құрамында 800-ге жуық өндіріс озаты, коллективке беделді жұмысшы, қызметші бар. Қызылорда, Қазалы локомотив депосында, Қызылорда вагон депосында, Жосалы механикалық заводында, Шиелі станциясында, Арал портында, Тартоғай совхозында ұйымдастырылған жолдастық соттардың жұмысы тәп-тәуір, бұлар түскен материалдарды жұртшылықтың белсене араласуымен қарайды.

Халық жасақтары мен жолдастық соттардың жұмысы барлық жерде бірдей емес. Көптеген партия, кәсіподақ және шаруашылық ұйымдарының басшылары мұндай маңызды мәселеге жеткілікті мән бермейді, халық жасақтары мен жолдастық соттардың жұмысты жақсы істеуіне қажетті жағдай жасамайды. Кейбір кәсіпорын мен мекемеде, колхоз бен совхозда халық жасағы, жолдастық сот құрылмаған.

Прокуратура, сот және милиция органдарының қоғамдық тәртіпті бұзушыларға, қылмыс жасаушыларға қарсы күресінде елеулі кемшіліктер бар. Олардың әлі де болса жұртшылықпен, коллективпен байланысы нашар. Сот тергеу органдарының кейбір қызметкерлері өздеріне лайықты істерді де халық жасағына, жолдастық соттарға сырғыта салып, өздері сырттай бақылаушы болуды көздейді. Сөйтіп олар кейде социалистік заңдылықтарды бұзушыларға жеңілдік жасайды. Кейде тіпті ауыр қылмысты қайталаған адамдарға жеңіл жаза қолдану фактілері кездеседі.

Сот-тергеу органдарының қызметкерлері социалистік гуманизмнің адам тағдырына сергек және мұқият қарауды талап ететінін, ал қажет болса орынсыз көңілшек болуға болмайтынын түсінуге тиіс. Қыл-

мыс жасаушыларға қарсы күресте қоғамдық ықпалды қылмыс жаза-сының мөлшерімен берік ұштастырып, пайдалану керек.

Совет жастары әрдайым өзінің жоғары идеялығымен, коммунизм ісіне шексіз берілгенімен танылады. Біздің жастар қиындықты жеңе отырып, коммунистік құрылыс ісінің нағыз жауапты учаскелерінде ерлік істер атқарып келеді. Облысымыздағы шопандардың үштен бірі жастар. Тек биылдың өзінде ғана мал шаруашылығына 649 комсомол мүшесі жіберілді. Облысымызда жастардың жүгері өсіретін жүзден астам механикаландырылған звеносы құрылды, оларда жұмыс істеуші мыңнан астам комсомолецтер мен жастар биыл елеулі табысқа ие болды. Мәселен, Жаңақорған ауданындағы «Октябрь» колхозының Е. Үсенов басқарған звеносы биыл әр гектар жүгеріден 1 200 центнерден сурлемдік көкшөп алды. Облыс комсомолецтері Қызылорда қаласында салынып жатқан қағаз-картон комбинатын комсомолдық екпінді құрылыс етіп жариялап, оған өзінің 400-ден астам өкілін жіберді.

Алайда, жастар арасындағы тәрбие жұмысында елеулі кемшіліктер де бар. Облыста қоғамға пайдалы еңбектен тыс жүрген жастар да аз емес. Мысалы, педагогика институтын бітірген жүзден астам жастар ауылға барудан бас тартып, жеңіл-желпі жұмыс атқарып жүр. Моральдық жағынан ұстамсыз, тоғышар жастар да кездеседі.

Жастар арасындағы тәрбие жұмысын жақсартып, жас жігіттер мен қыздардың еңбекке, қоғамдық пайдалы жұмысқа деген ықласын арттыру керек. Бұл бағытта партия, комсомол, совет, кәсіподақ ұйымдары, сол сияқты мектеп, мәдени-ағарту мекемелері елеулі еңбек етуге тиіс. Сондай-ақ әрбір ата-ананың өз баласын еңбекті сүйе, социалистік тұрмыстың ережесін құрметтеу рухында тәрбиелеуге жауапкершілігін арттыру керек.

Халықаралық аренада идеологиялық күрестің шиеленісіп отырған кәзіргі жағдайда совет адамын жоғары саяси қырағылыққа, буржуазиялық шірік идеологияны әшкерелеу, ұлтшылдық, діншілдік сияқты тағы басқа ескіліктің қалдығын жою рухында тәрбиелеудің ерекше мәні бар. Кәзіргі кезде буржуазиялық баспасөз бен радио коммунизм жолына түскен халықтардың арасына іріткі салуға тырысып бағуда. Мұның өзі біздің насихатымыздың одан әрі өткір, ең алдымен буржуазиялық ұлтшылдық пен космополитизм идеологиясын әшкерелейтін құрал болуға тиісті екенін көрсетеді.

Жаңа қоғамның жаңа адамын тәрбиелеу, жолындағы күресте жаңа дәстүрлерді, социалистік ұлттардың өзара қарым-қатынасында қалыптасқан, совет адамының өмірінде туып өріс алған дәстүрлерді көре біліп, насихаттаудың маңызы зор.

Бізге жат идеологияға қарсы күресте еңбекшілерге атеистік тәрбие беру ісі де маңызды роль атқарады. Облысымызда әлі де болса атеистік жұмыстың барысы мәз емес. Ауызша насихатта болсын, баспасөз бетінде болсын әрбір дінге сенушінің сана-сезіміне әсер ететін, оның ой-өрісіне ықпал жасайтын жеке адамды тәрбиелеу жұмысының әдісі мен тәсілі әлі де жетімсіз қолданылып келеді. Сол себепті молдалар әлі де болса белсенді қимылдап жүр. Мысалы, Арал ауданында, әсіресе Сексеуіл станциясында молдалар көп. Кейбір жеке адамдар бұлардың діни уағызына сеніп, діннің улы шырмауына ілігеді.

Партия ұйымдары атеистік насихатқа айырықша назар аударып оны кеңінен өрістетуге ісін қолға алды. Облыстық партия комитеті мен аудандық партия комитеттері тарапынан жер-жерге насихатшылар жіберілді. Сексеуіл станциясында басшы партия, совет қызметкерлерінің қатысуымен еңбекшілердің жиналысы өткізілді. Онда саяси ғылыми білімдер тарату қоғамы лекторий және атеистер үйін ұйымдастырды. Темір жол торабындағы саяси оқу кабинеті, тұрақты үгіт пункті өзінің жұмысын жандандырды. Әрбір он үйге жеке үгітшілер бөлініп, дінге сенуші адамдармен жеке-жеке әңгіме өткізіле бастады. Бұл

шаралар кәзірдің өзінде тәуір нәтиже беруде. Сексеуіл станциясында тұрушы бұрынғы молда Үмбетәлі Тілеуқұлов облыстық және аудандық газеттерге мақала жазып, діни әдет-ғұрыптарды, дінді әшкерелеп, өзі діннен бас тартқанын мәлімдеді.

Кәзір облыста 9 атеист бұрышы мен бір атеист үйі жұмыс істейді. Оларда жақсы лектор-атеистер тобы жасақталған. Сол лектор атеистердің күшімен оларда лекция және баяндамалар оқылып, химиялық тәжірибелер көрсетіледі. Сондай-ақ сұрақ-жауап кештері жиі-жиі өткізіліп тұрады.

Облыс партия ұйымдары ұйымдастыру жұмысымен бірге идеологиялық жұмыстың мазмұнына, атап айтқанда, насихат және үгіт, баспасөз, радио, мәдени-ағарту және ғылыми мекемелер, жоғары және орта оқу орындарының жұмысына бұрынғыдан да терең араласа бастады.

Облыс партия ұйымы КПСС Орталық Комитетінің 9 январьдағы қаулысын орындай отырып, бірсыпыра жұмыстар істеді. Саяси оқу жүйесіндегі үйірме, мектеп пен семинарлар жұмысының идеялық мазмұны едәуір жақсарды, коммунистер мен партияда жоқтардың теориялық және саяси талап-тілегі толық қанағаттандырыла бастады. Әр жастағы және түрлі мамандықтағы адамдардың партия саясатын, марксизм-ленинизм теориясын оқып үйренуге деген ынтасының артқанын жыл сайын сабаққа қатысушылар қатарының көбейгені дәлелдеп отыр. Егер өткен оқу жылында партия оқуы жүйесінде 12 мың адам оқыған болса, ал биыл оның саны 21 мыңнан асып кетті. Партия оқуына қамтылған партияда жоқтардың саны биыл өткен жылмен салыстырғанда 4 есе асып отыр.

Жұртшылыққа экономикалық білім беру жүйесі де едәуір ұлғайды. Биыл облыста көптеген бастауыш экономикалық мектептер, нақты экономиканың проблемаларын оқып үйренетін қысқа мерзімді курстар, озат тәжірибе мектептері құрылды.

Коммунистік қоғамның жаңа адамын тәрбиелеуде идеологиялық жұмыстың маңызды саласының бірі — лекциялық насихат. Биылғы 9 айдың ішінде облысымызда 14 мыңнан аса лекция оқылды, оның 6 мыңдайы қоғамдық-саяси тақырыпқа арналды. Дегенмен жұмыстың бұл түрінде де орын алған елеулі кемшілік бар. Лекциялардың басым көпшілігі қалаларда, аудан және колхоз орталығында оқылады да, ал орталықтан шалғай поселкелерге, Арал теңізінің алыстағы аралдарына, мал жайылым учаскелеріне және темір жол бойындағы разъездерге лекторлар сирек барады.

Облыс партия ұйымдары КПСС Орталық Комитетінің Сталин облысы еңбекшілері арасындағы бұқаралық-саяси жұмыстың жағдайы және оны жақсартудың шаралары туралы қаулысын орындай отырып, идеялық-тәрбие жұмысын жұртшылықтың жас және мамандық ерекшелігін, саяси және мәдени дәрежесін, олардың талабы мен тілегін ескере отырып, нақты әрі әсерлі етіп жүргізуді қолға алды.

Жұртшылық арасындағы бұқаралық-саяси жұмысты жақсы жүргізуде Шиелі ауданының «Гигант» колхозындағы үгіт пункті тәуір үлгі көрсетуде. Үгіт пунктінде үгітшілерге арналған бөлме бар, онда колхоз өмірі мен өндіріс жұмысына байланысты материалдар жинақталған. Әр 5 күн сайын үгіт пунктінде «Еңбек даңқы» деген календарь шығарылып тұрады. Онда өндіріс озаттарының тәжірибесі жазылады. Мысалы, таяудағы бір номер коммунистік еңбек бригадасының бригадирі Зоя Досмаханованың тәжірибесін қорытты. Үгіт пунктін жақында үгітшілер советі, үгітшілер мектебі жұмыс істейді. Үгітшілердің еңбегі нәтижелі болуда. «Гигант» колхозы биылғы жарыста озып шығып, ауыспалы Қызыл туды жеңіп алды.

Облыс партия ұйымы бұқаралық-саяси жұмысты практикалық міндеттермен тығыз байланыстыра жүргізуде. Үгітшілердің құрамы үнемі жақсарып келеді. Үгітшілік жұмысқа өндіріс озаттары, инже-

нерлер, оқытушылар, партия, совет қызметкерлері кең тартылуда. Облысымызда 8 мыңнан астам үгітші бар.

Кәзіргі кезде бұқара арасындағы жұмыстың түрі мен әдісі көбейе түсуде. Соңғы уақыттары облыста күн тәртібінсіз жиналыс, демалыс күнгі университет, озат тәжірибе мектебі, шопан, бақташы, сауыншы күндері, жастар кеші, фестиваль сияқты саяси жұмыстың жаңа түрлері өріс алуда. Тұрғындар арасында, жатақхана мен түнгі сменаларда жүргізілетін үгіттің маңызы зор. Үгітшінің әрбір семьяда болуы кәзір біздің ұранымызға айналып отыр. Бізде үгітті әңгіме түрінде жүргізуге айырықша назар аударылуда. Өйткені әңгіме — бұқаралық-саяси жұмыстың тамаша түрі.

КПСС Орталық Комитетінің «Партия насихатының кәзіргі жағдайдағы міндеттері туралы» қаулысында: газеттер мен журналдар шын мәнісінде халықтың жаршысы болуға, көкейтесті барлық мәселелерге жауап беріп отыруға, өмірге белсене араласып отыруға, жаңа адамды тәрбиелеу ісінде партияға іскерлікпен көмектесіп отыруға тиіс деп көрсетілген болатын.

Алайда, кейбір аудандық газет редакцияларының өз жұмысын кәзіргі жаңа талапқа сай қайта құруда сылбырлық көрсетіп отырғанын айтпауға болмайды. Олар әлі де болса идеологиялық жұмыстың, партиялық ұйымдастыру жұмысының мәселесін шебер, терең жазып отырмайды.

Мәдени ағарту мекемелер — идеялық тәрбие жұмыстарын жүргізуде партия ұйымының сенімді көмекшісі. Сондықтан да мәдени-ағарту мекемелері жұмысының идеялық дәрежесін барынша көтеріп, қоғамдық негізді нығайтуымыз қажет.

КПСС Орталық Комитетінің идеологиялық жұмыстың зор программасын жасап берген қаулысын жүзеге асыру жолында облыста қыруар жұмыс істеуге тиіспіз. Насихат жұмысын нақты ұйымдастыруда әлі де болса елеулі кемшіліктер бар, көпшілік жағдайда ол өмір талабына сай келе бермейді. Партия ұйымдары насихатты нақты өндірістік міндеттермен — өнеркәсіп өнімдерін шығаруды арттыруға, астық, ет, сүт өндіруді ұлғайтуға көмектесетіндей дәрежеге жеткізуге тиіс.

КПСС Орталық Комитетінің шешімі мен нұсқауларын басшылыққа ала отырып, партия ұйымдары идеологиялық жұмыстың барлық түрінде өрістете жүргізеді, марксизм-ленинизмнің ұлы идеяларын бұқараға бұрынғыдан да зор жігермен таратады, коммунистік қоғамның жаңа адамын тәрбиелеудің барлық мүмкіндігін кең пайдаланады.

Кәзіргі дәуір және творчестволық марксизм

Н. ӘБІЛӘЗОВ

Коммунистік партияның күші мен қуатының қайнар бұлағы теория мен практиканың бірлігінде, оның практикалық қызметінде маркстік-лениндік теорияны шебер пайдалана білетінінде және бұл ғылымды практика негізінде творчестволықпен дамытып отыратынында.

Марксизм-ленинизм — жұмысшы табы партиясының бүкіл қызметінің теориялық негізі, оның көзқарасы. Дүние жүзінің 81 коммунистік және жұмысшы партияларының өкілдері жақында Москвада болған кенесінде: марксизм-ленинизм теориясы біздің компасымыз, біздің бағыт сілтеуші шам-шырағымыз деп тағы да мәлімдеді.

Марксизм-ленинизмнің ұлы күші оның практикамен, қоғамдық даму процестерімен тікелей байланыстылығында. Нағыз творчестволық ілім ретінде марксизм-ленинизм практика арқылы, халықаралық жұмысшы қозғалысының жаңа тарихи тәжірибесі мен жаңа міндеттері негізінде дамып отырады. Ал, өзін марксизм-ленинизмге қарсы қоятын теориясымақтардың бәрін өмірдің өзі жоққа шығаруда. Өйткені олар жалған, қоғамның даму заңдарына қайшы келеді, жұмысшы табының, еңбекшілер бұқарасының ізгі мүдделері мен күресінің талаптарына жауап бере алмайды.

Бұл жөнінде кәзіргі ревизионистердің «теорияларын» атап айтуға болады. Ревизионистер марксизм-ленинизм теориясы «ескірді», «марксизм тоқырауға ұшырады», бұл жағдай коммунистік және жұмысшы партияларына тән деп сынаған болып, шын мәнісінде олар марксизм-ленинизм ілімін бұрмалауға тырысады. Марксизм-ленинизмді бұрмалау ревизионистердің жұмысшы табының мүддесіне опасыздық жасап, буржуазияның қол шоқпарына айналып бара жатқанын дәлелдейді. Марксизм-ленинизм — жұмысшы табының түбірлі мүдделері мен тарихи міндеттерінің жинақталған көрінісі, ол адамзат жасаған барлық ғылым мен озық қоғамдық пікірдің ең жоғары табысы, даму шыңы. Сондықтан оны ревизионистік сындар ешқашан мұқалта алмайды. В. И. Ленин мұндай сыннан кейін марксизм әрқашан бұрынғысынан да күштірек болып шығады деп талай рет атап көрсетті.

Ревизионизм сияқты догматизм мен сектанттық та марксизм-ленинизмнің келіспес жауы. Догматизм маркстік-лениндік ғылымның жекелеген қағидаларын мәңгілік деп таниды да, оның белгілі бір кезенге байланысты творчестволықпен даму қажеттігіне қарсы шығады. Бұл марксизмнің творчестволық рухына қайшы келеді. Сондықтан да коммунистік және жұмысшы партиялары өкілдері кенесінің Мәлімдемесінде догмашылдық пен сектанттыққа қарсы дәйектілікпен табанды күрес жүргізу коммунистік және жұмысшы партияларының аса зор міндеті деп атап көрсетілген.

Марксизм-ленинизм дүниені үнемі өзгерісте және дамуда болады деп біледі. Сонымен қатар жағдайдың өзгеруіне қарай, өзі де үздіксіз дамып отырады. Олай болса маркстік-лениндік теория догмалардың жиынтығы емес, творчестволық ғылым. В. И. Ленин айтқандай «Маркс пен Энгельстің ілімі біз жаттап алатын догма емес. Оны іске басшылық ретінде қабылдау керек» (Шығармалар, 28-том, 213-бет).

Маркстік теорияға творчестволықпен қарау дегеніміз қоғамдық дамудың нақты бір тарихи кезеңінде алға қойылатын міндеттерді дұрыс

түсіну, ескірген қорытындылар мен тұжырымдарға байланып қалмай, ілгері басатын жолды белгілеп, оны жүзеге асыру деген сөз. В. И. Лениннің және Коммунистік партияның бүкіл қызметі—маркстік революциялық теорияға творчестволықпен қараудың, оны жаңа жағдайларға сай дамыта берудің ұлы үлгісі.

Әрбір коммунистік және жұмысшы партиясы өз елінің жағдайында марксизм-ленинизмді творчестволықпен қолдана отырып, бұл ғылымды дамыта беру ісіне және коммунизм үшін күрес практикасына өз үлестерін қосады. Маркстік-лениндік теорияны творчестволықпен дамыту бүкіл халықаралық коммунистік қозғалыстың, жұмысшы табының барлық революцияшыл партияларының ісі болып отыр.

Халықаралық пролетариаттың авангарды болып табылатын Совет Одағының Коммунистік партиясы лениндік дәстүрді берік ұстап, марксизм-ленинизм теориясына көптеген жаңалықтар енгізді, коммунизм жолындағы күрестің барысында оны творчестволықпен дамытты. Бұл ретте әсіресе партияның XX съезінен кейінгі дәуірді ерекше атап өтуге болады. Партиямыздың XX және XXI съездерінің, КПСС Орталық Комитеті пленумдарының қарарларында, коммунистік және жұмысшы партиялары өкілдерінің 1957 жылы Москвада болған мәжілісі қабылдаған Декларация мен Бейбітшілік манифесінде, Коммунистік және жұмысшы партиялары өкілдері кеңесінің мәлімдемесінде марксизм-ленинизм жаңа қорытындылармен байытыла түсті. Бұл қорытындылар біздің елдегі, халық демократиясы елдеріндегі социализм құрылысының тәжірибесіне, кәзіргі халықаралық жағдайға терең талдау негізінде жасалды. Бұл қорытындылардың қатарында екі системаның бейбіт қатар өмір сүруі туралы, кәзіргі дәуірде соғысты болдырмау мүмкіндіктері туралы, империализмнің отаршылдық системасының күйреуі туралы және тағы басқа мәселелер бар.

Екі системаның бейбіт қатар өмір сүруі

Капитализмнің орнына социализм барлық елде бірден келе қоймайды. Социализмнің жеңіп, капитализмнің толық жойылуы арасында тарихи кезең жатыр, ол өтпелі дәуір деп аталады. Бұл дәуір, бір жағынан, социализм аймағының онан әрі нығайып, кеңеюімен, екінші жағынан, капитализмнің құлдырап, оның үстемдік ету аймағының барған сайын қысқаруымен сипатталады. Осы өтпелі дәуірдің ақырғы күніне дейін үнемі өсіп, нығайып отыратын социалистік система мен өшіп бара жатқан капиталистік система қатар өмір сүруге тиіс.

Дүние жүзі еңбекшілерінің ұстазы және көсемі ұлы Ленин әлеуметтік құрылыстары әртүрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі туралы принципті бірінші болып тұжырымдады. Ол империализм тұсында капиталистік елдердің экономика, саяси жағынан әркелкі даму заңын ашып, социализмнің алғаш бірнеше елде, тіпті жеке алған бір елде жеңу мүмкіндігі туралы қорытындыға келді.

Социализмнің алғаш бірнеше немесе тіпті жеке алған бір елде жеңу мүмкіндігі туралы мәселе және осының негізінде қарама-қарсы екі әлеуметтік системаның бейбіт қатар өмір сүруі туралы тұжырымдалған принцип пролетарлық революцияның лениндік теориясының бөлінбес бір бөлігі. Бұл принцип дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекеттің сыртқы саясатының мазмұны мен бағытын белгілеп берді.

Лениндік өсиеттерді басшылыққа алып, КПСС XX және XXI съездері әлеуметтік құрылыстары әртүрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруінің лениндік принципі біздің партиямыздың сыртқы саясатының сара жолы болып отырғанын атап көрсетті.

Ал, капитализмнің идеологтары әлеуметтік құрылысы әртүрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі жөніндегі лениндік принципті тактикалық маневр деп түсіндіруге әрекеттенеді. Олар КПСС-қа жала жа-

уып, коммунистер капиталистік дүниені алдағысы келеді, олардың қырағылығын бәсеңдетуге, ақыры жаппай шабуылға шығып, социалистік құрылысты күшпен орнатуға тырысады деп байбалам салады. Капитализмнің жалдамалы жаршылары бейбіт қатар өмір сүру жөніндегі коммунистік ұран тек алдау ғана деп ашықтан-ашық жазып жүр. Мұндай өтіріктің парықсыздығын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ, ол капиталистік елдердегі еңбекшілер бұқарасынан Совет Одағының шын мақсатын жасырып, оларды алдау мақсатын көздейді.

Коммунистер халық бұқарасының түбірлі мүдделеріне сай келетін өздерінің мақсаты мен ойын ешуақытта жасырмайды. Тіпті Маркс пен Энгельс ғылыми коммунизмнің программалық алғашқы документі «Коммунистік партияның Манифесінде» былай деп мәлімдеген болатын: «Коммунистер өздерінің көзқарастары мен ниеттерін жасыруды жексұрын іс деп санайды». Міне, коммунистер бұл қағидадан айныған емес.

Бірақ бейбіт қатар өмір сүру принципін қолдау капитализм тұрақты болып отыр деп мойындау емес. Керісінше, дүниежүзілік система ретінде капитализм келешегінен айрылды. Алайда, бұдан барлық капиталистік елдер социализмге өту шекарасына келіп тіреліп тұр деген де ұғым шықпайды. Социализмге өту әрбір елдің ішкі жағдайларына байланысты. Марксизм-ленинизм ғылымы қандай елде болмасын социализмді күшпен орнатуға болмайды, социализм елдің ішкі қайшылықтары дамуының жемісі деп үйретеді. Олай болса, социалистік елдердің коммунистеріне капиталистік елдерде күшпен социализм орнатуға тура келмейді, олар ондай мақсат қойып та отырған жоқ.

Адамзат міндетті түрде қарама-қарсы қоғамдық екі системаның қатар өмір сүру дәуірінен өтуге тиіс. Сондықтан Совет Одағы бастаған социалистік система елдері дүниені қырғынға ұшырататын соғыстар қоғамдық системалардың артықшылығын танытудың әдісі болмауға тиіс, олардың өмір сүру қабілетін тексерудің бір-ақ жолы—бейбіт қатар өмір сүру болуға тиіс деп санайды. Мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруінің мәні, ревизионистердің айтып жүргеніндей, тап күресінен бас тартқандық емес. Коммунистік және жұмысшы партиялары өкілдері кеңесінің Мәлімдемесінде: «Қоғамдық құрылысы әртүрлі мемлекеттердің қатар өмір сүруі социализм мен капитализмнің арасындағы тап күресінің түрі болып табылады. Бейбіт қатар өмір сүру жағдайында капиталистік елдерде тап күресін, отар және тәуелді елдерде халықтардың ұлт-азаттық қозғалысын өрістетуге үшін қолайлы мүмкіндіктер жасалады» делінген.

Бейбіт қатар өмір сүру принципі барған сайын кең қолдау табуда. Мұны бірқатар мемлекет басшыларының Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының XV сессиясында сөйлеген сөздері айқын дәлелдейді. Бұл принцип дүниежүзілік социалистік система елдерінің сыртқы саясатының негізгі бағыты. Бейбіт қатар өмір сүру принципін Индия республикасы, Индонезия, Бирма, Біріккен Араб Республикасы және басқа бірсыпыра елдер белсене қолдап отыр.

Капитализмнен социализмге өту кезеңінде экономикалық жарыс бейбіт қатар өмір сүрудің негізгі көрінісі. Қазірдің өзінде экономикалық жарыстың барысында социализм өзінің капитализмнен артықшылығын айқын дәлелдеп берді.

Бұған коммунизм жолындағы күресте совет халқының қол жеткен табысы айғақ бола алады. Жетіжылдықтың бақылау цифрларындағы есеп бойынша, еліміздің өнеркәсіп өнімі 1959—1960 жылдарда 17 процент өсуге тиіс еді. Ал іс жүзінде бұл өсім 23 проценттей болады.

Соғыстан кейінгі 16 жылдың ішінде СССР-дің өнеркәсіп өндірісі орта есеппен жылына 10,7 процент өсіп келді, ал Америка Құрама Штаттарының өнеркәсіп өндірісі небәрі 1,8 процент өсті.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі тек бейбіт қатар өмір сүруді ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік құрылысы әртүрлі елдер арасында

дағы ынтымақты, экономикалық және мәдени қарым-қатынасты күшейте беру мақсатын көздеп отыр.

Н. С. Хрущев жолдас партияның XX съезінде жасаған баяндамасында: «Біз әлеуметтік системалары әртүрлі елдер бірімен-бірі жай ғана қатар өмір сүріп қоймайды деп есептейміз. Бұдан әрірек бару керек, олардың арасында қарым-қатынасты жақсартуға, өзара сенімді нығайтуға, ынтымақтастыққа жету керек» деп көрсетті. Совет үкіметі съезд белгілеп берген бұл саясатты жүзеге асыру жолында табандылықпен күресіп келеді.

Совет үкіметінің жаппай және толық қарусыздану, Біріккен Ұлттар Ұйымының атқарушы органдарын нығайту жөніндегі ұсыныстары да дүниеде баянды бейбітшілікті, екі системаның қатар өмір сүруін қамтамасыз ету мақсатын көздеп отыр.

Біздің партия екі системаның қатар өмір сүру принципін қолданда екі идеологияның — социалистік идеология мен капиталистік идеологияның күресін есептен шығарып тастамайды. Идеология саласында бейбіт қатар өмір сүру жөнінде сөз болуы мүмкін емес. Коммунистер бұқара арасында марксизм-ленинизм идеяларын тарату үшін күреседі, еңбекшілерді интернационализм, бейбітшілік және халықтар достығы рухында, қанаудың, отаршылдықтың, ұлттық және нәсілдік жәбірлеудің барлық түріне қарсы келіспес күрес жүргізу рухында тәрбиелейді.

Алайда идеология саласындағы келіспес күрес және екі системаның түбірлі айырмашылықтары бейбітшілік пен халықтардың хауіпсіздігі жолындағы күреске кедергі болмауға тиіс.

Кәзіргі замандағы соғысты болдырмау мүмкіндіктері

КПСС XX съезі халықаралық жағдайға жанжақты талдау жасай келіп, кәзіргі кезеңде соғысты болдырмаудың нақты мүмкіндіктері бар деген қорытынды жасады. Бұл қорытынды маркстік-лениндік теорияға бағалы үлес болып қосылды.

Империализм өмір сүріп отырған жағдайда соғыстың болып тұруы даусыз деген маркстік-лениндік қағида бар. В. И. Ленин капитализм жағдайында, әсіресе оның империализм сатысы кезеңінде соғыс сөзсіз болады деп көрсетті. Бұл қорытынды империализм дүниежүзілік бірден бір система болып тұрған, ал соғысқа мүдделі емес қоғамдық-саяси күштер жеткілікті дәрежеде ұйымдаспаған кезде және олардың империалистерді соғыстан бас тартуға мәжбүр етуге мүмкіндігі болмаған кезде жасалған еді.

В. И. Ленин де және басқа марксистер де империалистік соғыстарды монополистік буржуазия үстемдігінің серігі деп бағаласа да, олар соғысты мәңгілік құбылыс деп есептеген жоқ. Соғыс — тек экономикалық құбылыс емес. Соғыстың болуы және болмауы жөнінде тап күресі, саяси күштердің ара салмағы, адамдардың ұйымдасқандығы және саналы еркі зор роль атқарады. Сонымен бірге соғысты болдырмауда озат қоғамдық және саяси күштердің күресі де шешуші роль атқарады. Бұл маркстік-лениндік қағиданы кейбір догматиктер жоққа шығарғысы келеді. Олар империалистік лагерьдің күші мен мүмкіншіліктерін асыра бағалайды, социалистік лагерьдің және басқа демократиялық күштердің күш-мүмкіншіліктерін жете бағаламайды. Олар дүниежүзілік екінші соғыстан кейін әлемде болған орасан зор өзгерістерді байқамайды да, осыған байланысты кәзіргі кезеңде соғысты болдырмау мүмкіндіктеріне сенгісі келмейді.

Бұл жерде кәзір дүние жүзінде бейбітшілік үшін күресуші күштердің қандай зор күшке айналып отырғанын көрсету керек. Дүниежүзілік екінші соғыстан кейін социалистік система бір елдің шеңберінен шығып, дүниежүзілік системаға айналды. Социалистік елдер кәзірдің өзінде дү-

ние жүзінде өндірілетін өнеркәсіп өнімінің үштен бірін шығарып және жер шарының төрттен бір бөлегін алып отыр. Бұл елдерде бір миллиардтан астам адам бейбітшілік жолында қажырлы күрес жүргізуде. Социалистік лагерьдегі елдердің кәзір қандай агрессордың болсын аптығын басатын күші бар.

Бұдан шығатын қорытынды: социалистік системаның өмір сүруі және дамуы, оның баянды бейбітшілік, халықтар арасында достық қарым-қатынас орнату жолындағы күресі кәзіргі халықаралық қатынастарды айықтыру, соғыстың тұтануына жол бермеу күресіндегі зор күш. Олай болса, алда тұрған аса маңызды міндет: дүниежүзілік социалистік системаны күшейте, социалистік елдердің бірлігін нығайта беру, социализм лагерін бөлшектеуге әрекеттенудің барлық түрлеріне қарсы батыл күресу.

Коммунистік және жұмысшы партиялар соғысқа қарсы тұрған қуатты күш. Кәзір 87 коммунистік партияның қатарында 36 миллионнан аса адам бар. Барлық елдер коммунистерінің ынтымақ бірлігінің идеялық негізі марксизм-ленинизм болып отыр. Коммунистік партиялар өздерінің бұқарамен байланысын нығайта түсіп, бейбітшілік жолында қажырлы күрес жүргізуде. Бұл үшін олар түрлі демократиялық ұйымдарды пайдаланады.

Жұмысшы қозғалысының бірлігін қамтамасыз ету, халықаралық коммунистік қозғалыстың бірлігін нығайта беру жолында да коммунистік партиялар аянбай қызмет атқарып келеді. Бұл міндеттер жайында айта келіп партияның XXI съезінде Н. С. Хрущев жолдас былай деп мәлімдеді: «Біз ұлттық «пәтерлерге» тарап кетуге және әркімнің өз үнігінде томаға-тұйық отыруына болмайды дейтін позициядан таймай келдік және таймаймыз да. Біз Москва Декларациясында барлық туысқан партиялар қабылдаған принциптерге сәйкес социалистік лагерьдің қуатын барынша күшейтіп, халықаралық коммунистік қозғалыстың бірлігін онан әрі нығайта беруді қажет деп санаймыз. Өз қатарымыздың топтасқан бірлігі мен құрыштай беріктігіне қамқорлық жасау — әрбір коммунистік және жұмысшы партияның ең жоғары интернационалдық борышы».

Біздің заманда капиталистік елдердегі жұмысшы қозғалысы да соғыс өртін тұтандыруға қарсы тұрған зор күшке айналды. Капиталистік елдердің жұмысшы табы империалистік буржуазияға қарсы өздерінің экономикалық және саяси праволарын қорғау, бейбітшілік, соғыс шығындарын қысқарту жолында табанды күрес жүргізуде.

Адамзат тарихында жаңа кезең ашылды. Ұлы Октябрь социалистік революциясы сепкен бостандық идеясының арқасында ұлт азаттық қозғалысы кең өріс алып, империализмнің отар жүйесі күйрей бастады. Азияның, Африканың, Латын Америкасының езілген халықтары оянып, олар дүние жүзінің тағдырында күшті роль атқара бастады. Ол елдердің халықтары мен үкіметтері бейбітшілік үшін белсенді күрес жүргізіп жатыр. Өйткені оларға өздерінің экономика, саясат және мәдениет саласындағы міндеттерін жүзеге асыру үшін бейбітшілік қажет.

Н. С. Хрущев Бас Ассамблеяның XV сессиясында сөйлеген сөзінде былай деп атап көрсетті: «Бұл мемлекеттермен бізді жақындастырып отырған жайлар — бейбітшілікті сақтап, нығайтуға, планетамызда елдердің мемлекеттік және әлеуметтік құрылысы қандай екеніне қарамастан, Азия мен Африка елдерінің Бандунг конференциясында жарияланған бейбітшілік принциптер талап етіп отырғанындай ынтымақтасып, бейбіт қатар өмір сүру үшін жағдай жасауға ұмтылған ортақ талап».

Міне, сондықтан да Совет Одағының, бүкіл социалистік лагерь елдерінің халықтары мен үкіметтері жаңадан тәуелсіздік алған халық-

тардың бейбітшілікке ұмтылған талабы мен тілегін үнемі қолдап отырады.

Кәзір бейбітшілікті жақтаушылар қозғалысының үздіксіз дами түсуі соғысты тұтандыру әрекеттеріне қарсы тұратын айбарлы күшке айналды. Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік советі, Кәсіподақтардың бүкіл дүниежүзілік федерациясы, демократиялық жастардың, әйелдердің бүкіл дүниежүзілік федерациясы және басқа бірсыпыра халықаралық ұйымдар да бейбітшілік жолында белсенді күрес жүргізіп келеді. Бұл федерациялардың әрқайсысы миллиондаған адамдарды біріктіреді, мысалы, Кәсіподақтардың бүкіл дүниежүзілік федерациясы құрамында 90 миллионға жуық адам бар. Барлық елдердің коммунистік және жұмысшы партиялары да бұл сияқты демократиялық ұйымдардың жұмысына белсене қатысып, олардың бейбітшілік жолындағы күресін қолдап отырады.

Бүкіл бейбітшілік алқабы және бейтарап елдер соғысқа қарсы күресті күшейте түсуде. Міне, Коммунистік партия мен Совет үкіметі бейбітшілік жолында күресуші осындай күштерді еске ала отырып, кәзіргі жағдайда соғысты болдырмауға болады деген қорытынды жасады. Алайда КПСС XX съезі империализм өмір сүріп отырған жағдайда соғысты тудыратын экономикалық негіз қала береді деп көрсетті. Сондықтан да соғысқа қарсы барлық күштерді біріктіріп, империалистік топтардың соғыс тұтандыруға бастайтын тіміскі әрекеттерін аяусыз әшкерелеп отыру керек.

Совет Одағының және басқа да социалистік елдердің экономикалық қуатының артуы — дүние жүзіндегі бейбітшіліктің кепілі. Социализм елдерінің бейбіт экономикалық жоспарларын жүзеге асыру халықаралық қатынаста соғысқа жол бермеуге үлкен мүмкіндік туғызады. Партияның XXI съезі атап көрсеткендей, Совет Одағында жетіжылдық жоспарды және басқа социалистік елдерде экономикалық құрылыс жоспарын орындау нәтижесінде социалистік елдер әлем өнеркәсіп өнімінің жартысын өндіретін болады. Сонда жер шарында социализм толық жеңіп шықпастан бұрын-ақ, дүние жүзінің бір бөлегінде капитализм сақталған кездің өзінде де дүние жүзілік соғысты қоғам өмірінен мүлдем шығарып тастаудың нақты мүмкіндігі туады.

Совет үкіметінің инициативасы бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының XV сессиясында СССР-дің, басқа социалистік елдердің, Индияның, Индонезияның, Біріккен Араб Республикасының басшыларының қатысып, сөз сөйлеуі бейбітшілік жолындағы күреске қосылған үлкен үлес болды.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының XV сессиясында Н. С. Хрущевтің жаппай және толық қарусыздану, Біріккен Ұлттар Ұйымы атқару органдарының құрылымын қайта құру, отарлық системаны жою туралы жасаған ұсыныстары — дүние жүзі жұртшылығының назарын қатты аударып отыр. Сонымен бірге бұл ұсыныстар Совет Одағының халықаралық беделін бұрынғыдан да жоғары көтерді, империализмнің агрессиялық күштеріне қарсы күресте социализмнің үздік моральдық-саяси жеңіске жетуін қамтамасыз етті. Ал, Совет үкіметінің басшысы Н. С. Хрущевтің жалынды, қайнаған күш-жігері Бас Ассамблеяда жоғары мақсатқа — халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігін қорғау мақсатына бағытталды.

Отаршылдықты жою — заманымыздың басты талабы

Отаршылдық — озбырлықтың және тағылықтың жиренішті қалдығы. Отаршылық бүкіл адамзаттың прогресс жолымен дамуына үлкен кеселін тигізіп отырған қырсық.

Кубаның премьер-министрі Фидель Кастро Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының XV сессиясында сөйлеген сөзінде Куба революциясына дейін елде 600 мың адамның жұмыссыз болғанын, 6 миллионнан аса халықтың жартысы электр қуатын пайдаланбағанын, үш жарым миллион адам жер кепелерде өмір сүргенін, халықтың 37 проценті мүлде сауатсыз болғанын атап көрсетті. Отар және тәуелді елдердегі жағдай осындай.

Совет Одағында және басқа социалистік елдерде туып, өркен жайған бостандық идеясының әсерімен кәзір халықтар отаршылдықты жою жолында табанды күрес жүргізуде.

Отаршылық тәртіпті, оның барлық түрі мен көрінісін толық жою туралы ұсынысты Біріккен Ұлттар Ұйымына нақ Совет үкіметі басшысының енгізгенінде ерекше мән бар. Отаршылдықты мүлдем жою туралы Совет Одағының үкіметі ұсынған Декларацияның барлық талаптары бейбітшілікті сақтау және езілген халықтардың ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресін қолдау саясатынан туып отыр.

Бүгінгі таңда Африка елдері бірінен соң бірі дербес мемлекеттік даму жолына түсуде. Тек соңғы 15 жылдың ішінде ғана бір жарым миллиардтай халық, яғни жер шарының барлық халқының тең жартысы отарлық қанаудың бұғауын талқандап, өздерінің ұлттық мемлекеттерін құрды. Сөйтіп империализмнің отаршылық системасы күл-талқан болып ыдырай бастады. Кәзіргі уақытта Қытай Халық Республикасының, Индия, Индонезия, Бирманың, Цейлонның, Біріккен Араб Республикасының, Ирактың, Гананың, Гвинеяның, ұлттық тәуелсіздік алған басқа елдердің қатынасуынсыз халықаралық келелі мәселелердің бірде біреуін шешу мүмкін емес.

Әлі де болса 100 миллионнан аса адам отарлық құлдықта қасірет шегуде. Олардың ұлт бостандығы үшін күресіне отаршылдықты толық жою туралы Совет Одағы ұсынған идея дем беріп отыр. Халықтардың азаттыққа ұмтылған талабының қаншалық күшті екенін алты жыл бойына дерлік қаһармандықпен күрес жүргізіп келе жатқан Алжир халқының мысалынан айқын көруге болады. Кения, Танганьика, Уганда, Ангола, Мозамбик, Солтүстік Родезия, Оңтүстік Родезия, Оңтүстік батыс Африка, Зензибар, Пуэрто-Рико және басқа елдердің халықтары да азаттық үшін күреске шықты. Халықтардың өз бостандығы жолындағы күресін ешқандай құралмен және күшпен тоқтатуға болмайтынын империалистер мойындауға тиіс, өйткені мұның өзі тарихи ұлы процесс.

Олай болса, отаршылдықтың тамтығы да қалмай күйрейтіні даусыз.

Отаршылдық тәртіпті жою бүкіл дүниежүзілік шаруашылықтың дамуына өзінің үлкен әсерін тигізген болар еді. Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін отар күйінде келген бірқатар халықтардың совет дәуірінде даму жолы осыны дәлелдейді. Қазақ, Өзбек, Қырғыз, Түркмен совет республикаларында ірі өнеркәсіптің өнімі 60 еседен аса өсті. Бір кезде мешеу өлке болған біздің республикамыз кәзір жан басына есептегенде өнеркәсіп өнімін Италиямен бірдей мөлшерде өндіреді. Электр қуаты халықтың жан басына есептегенде Қазақстанда Италиядағыдан көп және Жапониядағымен бірдей мөлшерде өндіріледі. Жаңа жетіжылдық жоспарға сәйкес Қазақстан мен Орта Азия совет республикалары халық шаруашылығының өркендеуі — еркін халықтар құлашының айқын айғағы, отар халықтарды жігерлендіретін үлкен демеу.

Коммунистік және жұмысшы партиялар өкілдерінің Москвада болған кеңесі Мәлімдемесінде маркстік-лениндік теорияның творчестволықпен дамытылуы — адамзаттың көкейтесті мәселелерін шешудің — коммунизм жолындағы, азаттық жолындағы, бейбітшілік жолындағы күресте жаңа табыстарға жетудің сенімді кепілі.

Шаруашылықтың басшысы — халық қызметшісі

3. АЙТМАҒАМБЕТОВ

Еліміздің қуатты экономикасы техника мен ғылым табыстары негізінде нақты жоспармен дамып келеді. Совет Одағында Коммунистік партияның дана басшылығына сүйенген, оның тәлім-тәрбиесіне бөленген жұмысшылар, колхозшы, шаруалар, интеллигенция бір кісідей еңбек етіп, социалистік экономиканы үздік алға бастыруда. Қазір олар елдің индустриясын жоғары сатыға көтеруге, оны толық электрлендіруге, шаруашылықтың күллі саласында ғылымды, техниканы ілгері дамытумен, өндіріс жұмыстарын түгел машиналандырумен, автоматтандырумен шұғылданып жатыр.

Партияның XXI съезі және КПСС Орталық Комитетінің одан кейінгі Пленумдары белгілеп берген бұл қасиетті міндеттердің, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспарының абыроймен орындалуы, сөйтіп жалпы ел экономикасын өрге бастырып, оны жаңа заңғар шыңға шығару шаруашылық басшы кадрларға, олардың іскерлігіне, басқарудың лениндік принциптерін игере білуіне, идеялық дәрежесіне тікелей байланысты.

Владимир Ильич Ленин бізде шаруашылық ісі — бәріміздің ортақ ісіміз. Бұл біз үшін қызықты саясат деген болатын.

Совет өкіметі тұсында Коммунистік партияның орасан зор күш жұмсауы нәтижесінде сан мыңдаған инженер, техник, агроном, зоотехник даярланды. Кешегі жұмысшы, шаруа бүгін ірі саяси және шаруашылық қайраткері, инженер-техник қызметкер. Бұлардың ішінен шыққан асқан біліктілер, талантты ұйымдастырушылар басшы қызметке жоғарылатылды. Бұлар — партия мен үкіметтің алтын қоры.

Соңғы жылдары шаруашылық кадрларының құрамы едәуір өзгерді. Қазір шешуші өнеркәсіп салаларын білімді, саналы, ой-өрісі кең адамдар басқарады. Олардың көбінің ақ жоғары білімі бар. Талай жылғы өндіріс мектебінен өтіп шыңдалған, практикалық жұмыста шыныққан қызметкерлердің дені кәсіпорындардың директорлары, бас инженер, цех бастығы, мастерлер болып істейді. Шаруашылық кадрлардың қатары жас мамандармен барған сайын толықтырыла түсуде. Бұлар тәжірибелі қарт кадрлармен қол ұтасып, қоян-қолтық жұмыс істеуде.

Совет өкіметінің алғашқы жылдарының өзінде-ақ ұлы Ленин шаруашылықтың басшы қызметкерлерін іріктеп алуға, орналастыруға айрықша мән берді. Бұл жөнінде В. И. Ленин былай деді: «Қазір жұмысшы-шаруа мемлекеті «қожайын» болып отыр, сондықтан ол шаруашылық құрылысына таңдаулы қызметкерлер іріктеп алу, арнаулы және жалпы масштабты, жергілікті және жалпы мемлекеттік масштабты администраторлар мен ұйымдастырушыларды іріктеп алу ісін кеңінен, жоспарлы, жүйелі түрде және ашық жүргізуге тиісті» (Шығармалар, 32-том, 413-бет).

Лениндік бұл нұсқауды тапжылтпай басшылыққа алған Коммунистік партия жетекші шаруашылық кадрларын даярлауға, олардың ғы-

лым, техника, экономика саласындағы білімін көтеруге, саяси-идеялық жағынан шыңдалуына әрдайым қамқоршы болып келеді. Біздің шаруашылық қызметкерлеріміз жоғары идеялылық, принципшілдік, табандылық, тәртіптілік, ұйымшылдық рухта тәрбиеленуде. Өйткені социалистік экономика жағдайында шаруашылық кадрларының, әсіресе басшы қызметкерлердің тек білімді болуы жеткіліксіз, сонымен қоса олар қоғамдық, саяси қайраткер болуы шарт. Коммунистік партия бұлардан өз жұмысын ел өміріне қабыстыра жүргізуді, мемлекет мүддесін бәрінен де жоғары ұстауды, қоғамның даму заңдарын жетік білуді, оны практикада дұрыс басшылыққа алуға машықтануды талап етеді. Шаруашылықтың басшы қызметкерлерінің жұмыстағы партиялығы күшті болуы керек. Оның жұмыстағы партиялылығы ең алдымен коммунистік құрылыс ісіне берілгендігі арқылы, партия мен үкімет қойған саяси, шаруашылық міндеттерді орындауға өзінің күш-қайратын жұмсауға деген ын-та-жігері арқылы тексеріледі. Өзіне сеніп тапсырылған учаскенің тар шеңберінде күндалталып қалмай, оны елдің бүкіл халық шаруашылығын өрге бастырумен байланыстыра білу, еңбек өнімділігін еселеп арттыруға, техниканы ілгері дамытуға барынша күш салу, озаттықтың, жаңалықтың бәрін қолдап отыру — шаруашылықтың басшы қызметкерлерінің жұмыстағы партиялығына тән қасиет болып есептеледі.

Республикамызда осы талаптарға сай келетін шаруашылықтың басшы қызметкерлері — завод, фабрика, совхоз директорлары, бас инженерлері, цех бастықтары, мастерлер аз емес. Олар коллективке арқа сүйейді, еңбек адамдарына ілтипатпен карап, олардың мұн-мұқтажына ұдайы ден қояды. Сондықтан мұндай адамдар басқарған кәсіпорындардың жұмысы советтік заман ағысына орай берекелі болып келеді. Алматыдағы № 2 тігін фабрикасы коммунистік еңбектің Қазақстандағы тұңғыш кәсіпорны. Фабриkanың коллективі жетіжылдықты төрт жылда орындауға бел байлаған. Олар өнімді еңбек етумен бірге жалпы білімін, мәдениетін арттырумен шұғылданады. 300-ден астам адам кешкі мектептерде, жоғары оқу орындарында оқиды. Мұнда өндірістік-техникалық оқуға тартылмаған адам жоқ. Фабрика коллективінің күнделікті тұрмыстағы өнегелі істері де айтарлықтай. Мұнда коммунистік болашақтың тамаша өркендері өсіп жетіле бастаған. Фабрикада техникалық бақылау бөлімінің жойылуы, жұмысшы, қызметшілердің ар-ұятына зор сенім білдіру, жалақыны, тамақты кассирсіз беру бойға сінді. Фабрика коллективінің мұндай табысқа жетуіне оның директоры А. С. Шандринаны жолдастың сіңірген еңбегі, ұйымдастырушылық күш-жігері себепкер болғаны хақ.

Жезқазған руда басқармасының бастығы М. Бөпежанов жолдас қатардағы мастерден көтерілген адам. Ол дара басшылықты қалың көпшілікке сүйенумен ұштастыра біледі. Бастауыш партия, кәсіподақ ұйымдарымен үнемі ақылдасып, кеңесіп отыру — оның берік әдеті. Бөпежанов жолдас жұмысшы, қызметшілердің арасында жиі болады, олар үшін саяси баяндама жасап, лекция оқиды. Жаңалыққа бой ұру оған тән қасиет. Мұнда кеншілердің 6 бригадасына коммунистік еңбек коллективі деген атақ берілген. Бұл атаққа ие болу үшін тағы да 62 бригада күресіп жүр. Сонымен қоса 3 шахта коммунистік еңбек кәсіпорны боламыз деген игі мақсатты алдарына қойған. Бөпежанов жолдас техниканы ілгері дамыту, өндірісті механикаландыру, автоматтандыру мәселелеріне тікелей, белсенді араласады, № 45, 51 шахталарда жұмысшы өнімді автомат жабдықтар сыннан өткізілуде. 1961 жылы бірнеше шахтаны түгел механикаландыруға қызу даярлық істелуде. Шахталарда іркілген суды сыртқа шығару жұмысы тек автоматпен атқарылады. Басқарманың қарауындағы шахталарда тұрақты жұмыс істейтін кеңестерге 370 адам қатысады, оның 200-ден астамы жұмысшы. Бұл кеңестерде өндірістің сан алуан мәселесі сарапқа түседі.

Өз ісіне тиянақты карап, өндірісті ұйымдастыруға шебер басшылық етіп келе жатқандардың бірі Алматыдағы Октябрьдің 20 жылдығы заводының бас инженері Ф. Сұлтанов жолдас. Ол заводта жана техниканы, технологияны енгізу тапсырмасын жүзеге асыруды ұйымдастырушы. Сұлтанов мұндағы техникалық советтің председателі. Советтің мәжілісі белгіленген уақытта үнемі өткізіледі. Заводта әрбір сегізінші жұмысшы рационализатор. Мұнда өнертапқыштардың ұсынысын өндірісте қолданудың 9 айлық жоспары ойдағыдай орындалған. Бұл игі істерді ұйымдастырып жүзеге асыруда Сұлтановтың еңбегі елеулі екенін завод коллективі жақсы біледі.

Біздің елде мемлекет мүддесі бәрінен де жоғары қойылуға тиіс. Бірақ соңғы жылдары шаруашылықтың кейбір басшы қызметкерлері тек жергілікті мүддені ғана көздеп, бүкіл ел халық шаруашылығын өркендетудің аса маңызды мәселелеріне жауапсыз қараумен келді. Партия мұндай кемшіліктерді дер кезінде ашып, оған айыптыларды қатан тәртіпке шақырды. КПСС Орталық Комитетінің 1958 жылғы 4 августарғы қаулысында партия, совет, шаруашылық, кәсіподақ ұйымдарын мемлекеттік тәртіпті қатан сақтау жолында батыл күрес жүргізуге, жергілікті мүддені жалпы мемлекеттік мүддеге қарсы қоюшылықтың қандай түріне болса да жол бермеуге міндеттеді. Содан бері біраз уақыт өтсе де, шаруашылықтың кейбір басшылары жергілікті мүддені ғана көздеуден арыла алмай келеді. Мемлекеттік тәртіптің қатан сақталмауынан, жергілікті мүддені ғана көздеудің әлі де жойылмауынан жеке халық шаруашылығы советтері бойынша елеулі кемшіліктер орын алып отыр. Кәсіпорындардың басшылары арасында өндірісті кооперативтендіру тапсырмасы жөнінде жауапсыздыққа салыну тиылған жоқ. Мұндай жағдай Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Семей, Солтүстік Қазақстан Халық шаруашылығы советтерінің кәсіпорындарында жиірек кездеседі. Былтыр Семей цемент заводы еліміздің басқа экономикалық аудандарына 103 мың тонна цементті тиісті мөлшерден кем берді. Әсіресе, Тәжік, Түркмен ССР-леріне цемент аз жөнелтілді. Көкшетау механика, Мамлют, Тайынша жөндеу заводтары (директорлары Лола, Железнев, Гладков жолдас-тар) және басқа кәсіпорындары өндірісті кооперативтендіруге байланысты тапсырманы ылғи орындамайды. Соның салдарынан биыл алғашқы жартыжылдықта Солтүстік Қазақстан Халық шаруашылығы советінің машина жасау заводтары ғана елдің өзге экономикалық аудандары және жалпыодақтық қажет үшін 4 миллион 265 мың сомның түрлі құрал-жабдығын тапсырмадағыдан аз шығарды. Ал Халық шаруашылығы советінің машина жасау өнеркәсібі басқармасының бастығы Чингарян жолдас өндірісті кооперативтендіру тапсырмасын мезгілінде сапалы орындауға жүрдім-бардым қараған шаруашылық басшыларын тәртіпке шақыру шарасын көрмегені былай тұрсын, қайта олардың кейбіреуіне сыйлық бергізген. Өндірісті кооперативтендіру тапсырмасын бұйымның төрт түрі жөнінде орындамаған Көкшетау механика заводының басшыларына 9 520 сом сыйлық бергізген. Бұл жоғарыда аталған шаруашылықтың басшы қызметкерлерінің жұмысқа партиялық тұрғыдан қарауды ұмытқанын аңғартады.

Жергілікті мүддені ғана көздеп, өндірісті кооперативтендіру тапсырмасын дер кезінде орындамау — бүкіл елдің халық шаруашылығына нұқсан келтіретін зиянды практика. Жалғыз кәсіпорынның шалағайлығы бірқатар кәсіпорындардың жұмысына нашар әсер етуі ықтимал. Ел экономикасы біте қайнасып жатқан біртұтас кесек тұлға екенін есте естен шығаруға болмайды. Демек, партия ұйымдары шаруашылық қызметкерлерін осы рухта тәрбиелеуі керек.

Мемлекеттік жоспар мен тапсырма — бұлжымайтын заң. Барлық қызметкердің білімі, жігері жоспар мен тапсырманың орындалуына жұмсалуда тиіс. Қызметкердің қасиеті осы жоспарды орындауға қарай

бағаланады. Амал не, бірталай шаруашылық басшылары мемлекеттік жоспарды орындау үшін қажырлы күрес жүргізбейді. Республика бойынша үстіміздегі жылдың үшінші тоқсанында кәсіпорындардың үштен бірінен астамы (33,2 процент) өнім шығарудың мемлекеттік жоспарын орындаған жоқ. Гурьев Халық шаруашылығы советі кәсіпорындарының 45 проценттейі, Қостанайда 51 проценті жоспарды орындамады.

Коммунистік партия шаруашылық қызметкерлерін жұмыстағы кемшілікті дер кезінде ашып, түзету, оны жасырмау, істің жайын жоғары орындарға дұрыс хабарлап отыру рухында тәрбиелейді. Бірақ өзіне көрсетілген зор сенімді ақтамайтын, жұмыстағы олқылықты боямалдап көрсетуден, жалған ақпар беруден тартынбайтындар да кездеседі. Ал көзбояушылық — қылмыспен шектесетін қылық. Біріншіден, ол кадрларды дұрыс тәрбиелеуге нұсқан келтіреді, оларды жаман әдетке дағдыландырады. Екіншіден, көз бояушылық басшы органдарды адастырады, бірыңғай жоспарлау ісін шатастырады, белгілі бір кәсіпорынның жұмысын жанжақты да дұрыс бағалауға мүмкіндік бермейді.

Шен-дәрежемен әуестенушілік, атакқұмарлық сияқты жаман әдеттер орын алған жерде көз бояушылық ұяламай қоймайды. «Павлодарстрой» тресінің бастығы Степин, бас инженері Ломов осындай қырықтың шырғауына іліккен адамдар боп шығып отыр. Арнаулы тексеруде бұлардың осы жылғы август айында орындалмаған 7 мың текше метрдей жер қазу, 10 мың шаршы метрдей сылақ жұмыстарын есепке енгізгені, ол үшін 395 мың сомның заңсыз төленгені анықталды. Теміртау дайындау пунктінің директоры Прокопович мемлекетті алдау жолына түсіп, тапсырмаса да 1 119 тонна астық тапсырды деп бірнеше колхозға жалған квитанция берген. Алексеевка совхозының директоры Бейсебаев Баянауыл қабылдау пунктінен 36 тонна орнына 180 тонна астық өткізді деп квитанция жаздырып алған. Әрине, мұндай өрескел фактілерді партия ұйымдары елеусіз қалдыра алмайды.

Коммунистік партия шаруашылыққа басшылық етудің ұйымдық түрлерін ғана емес, сонымен қатар оның әдіс-жолдарын да жетілдіретүсуде. Елімізде коммунистік құрылыс кең өрістетіліп отырған шақта еңбекшілердің қалың бұқарасына арқа сүйей отырып, шаруашылыққа шебер басшылық ете білудің маңызы арта түседі. Қазір еңбекшілер бұқарасының экономиканы басқаруға кеңінен қатыстырылып отырғаны мәлім.

Партияның XXI съезінде жасаған баяндамасында Н. С. Хрущев жолдас былай деп атап көрсетті: «Социалистік мемлекетті дамытудағы негізгі бағыт демократияны барынша өрістету, халықтың қалың бұқарасын елдің барлық істерін басқаруға қатыстыру, барлық азаматтарды шаруашылық және мәдени құрылысты басқаруға қатыстыру болып табылады... Біз үшін демократия дегеніміз — ол нағыз халық өкіметі, ол еңбекші бұқараның жігерлілігі мен белсенділігінің, олардың өзін-өзі басқаруының жанжақты дамытылуы».

Шаруашылықтың басшы қызметкерлері коллегиялық принципті берік ұстауы, өзінің күнделікті жұмысында бұқараның тәжірибесін зерттеп, шебер қолдана білуі, өндірістің түбегейлі міндеттерін кәсіпорынның жұртшылығымен бірлесе отырып шешуі керек. Шаруашылық басшылары кәсіпорынның бастауыш партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдарына арқа сүйеген жағдайда, жұмысшы, қызметшілерге ұдайы қамқорлық жасап, олардың талап-тілектерімен санасып отырған жағдайда беделді де абыройлы, іскер де алғыр басшы бола алады.

Социалистік өндірістің күрделі де ірі өндіріс екені мәлім. Кәсіпорынның директорына, цех бастықтарына, өзге де осы іспеттес жетекші қызметкерлерге үлкен әкімшілік правосы берілген. Мысалы, завод директоры өзіне берілген правосларды өндірісті жоспарлауға, күрделі құрылысқа, кәсіпорынды қайта құруға, басы артық материалдық бағалы

заттарды өзгелерге беруге, жалақыға, штатқа және басқаға байланысты мәселелерді шешуге пайдалана алады. Шаруашылық саласындағы басшы қызметкерлердің қай қайсысы болса да өзіне сеніп тапсырылған учаске үшін партия, мемлекет, халық алдында жауапты.


Шаруашылық басшылары күнделікті жұмысында бұқарамен тығыз байланысты болса, оны өз соңына ертіп, одан үйрене білсе, төменнен болатын қоғамдық бақылау күшін пайдалана білсе, онда ол халықтың үлкен сеніміне, сый-құрметіне ие болады. Амал не, бізде тек жалап әкімшілік арқылы ғана табысқа жетуге болады деп ойлайтын қызметкерлер де бар. Ондайлар кеменгер Лениннің мына ескертпесін жадында берік ұстамайды. Ұлы көсем әкімшілік жасауды саясаттан бөліп, ажыратып әкетуге болмайды, егер кімде-кім тек әкімшілікпен ғана әуестеніп кетсе, онда ол «пәле» болады деп кезінде сақтандырған болатын. Өзіне берілген үлкен правоны орынсыз, бұрмалап пайдаланатын жетекші қызметкердің бұқарадан қол үзетінін, томаға-тұйықтыққа салынатынын тәжірибе айқын көрсетіп келеді. Бұл жөнінде мынадай бір мысал келтіруге болады. Гурьевтің Петровский атындағы заводының директоры Тумачев жолдас өркөкірек, өзінен басқаны кісіге санамайтын адам. Ол бастауыш партия, кәсіподақ ұйымдарымен жөнді санаса қоймайды. Тумачев жолдас сынға қысым жасайды, өзінің мінін айтқан адамдарды қудалауға салады. Сондықтанда оның коллективте беделі шамалы. Былтыр партия ұйымының есеп беру-сайлау жиналысында коммунистер бюро құрамына ұсынғанда оған 40 адам қарсы дауыс берген.

Алда тұрған міндетті орындауға коллективті жұмылдыру үшін, оны тәрбиелеу үшін қажырлы күрес жүргізудің орнына шаруашылықтың қайсыбір басшы қызметкерлері «өзім ғана билеп, төстеймінге», «көп білемінге» салынады. Өзін жоғары ұстаушылыққа, тәртіптен ауытқушыларды қоғамдық ұйымдар арқылы түзеуден гөрі, бұйрықтың күшімен түзеуге әуес тұратын адамдар бар. Осындай қырсыз мінезділердің бірі— Қазақстан мұнай геофизикасы мекемесінің басқарушысы Шлячкин. Ол бұл сияқты үлкен коллективпен жұмыс істеу дәрежесіне көтеріле қоймаған, ой-өрісі тар, өзінің бұйрық-жарлық күшін асыра бағалайтын, қарамағындағылардың талап-тілегіне құлақ аса қоймайтын, жұртпен жүре сөйлесетін кісі. Советтік шаруашылықтың басшы қызметкерлерінің қасиетіне лайықсыз мінез Гурьев автомобиль тресінің бастығы Бакаев, құрылыс материалдар тресінің басқарушысы Овчинников жолдастардың да басында бар.

Гурьев облысындағы шаруашылық қызметкерлер жөніндегі мұндай келісімсіз жағдай кездейсоқ болып отыр деуге бола ма? Облыстық партия комитетінің пленумында атап көрсетілгеніндей, облыста шаруашылық басшы кадрларын іріктеп алу, тәрбиелеу, оларға қатаң талап қойып отыру ойдағыдай емес. Мұнда шаруашылық қызметкерлерінің іскерлігін, өндіріске басшылығын жетілдіруге, жақсартуға себін тигізетін шаралар сирек қолданылады, кәсіпорын басшыларының семинарлары, нұсқау кезестері өткізілмейді, тәжірибе алмасу практикасы жүзеге асырылмайды. Гурьев Халық шаруашылығы советі шаруашылықтың басшы қызметкерлерінің білімін арттыратын курстар ұйымдастыруды соңғы кезде мүлдем ұмыт қалдырды.

Құр әкімшілікке салыну басшы қызметкердің күштілігі емес, қайта оның дәрменсіздігін аңғартады. Расында, жұртшылықты ұйымдастырудың, оны мәпелеп тәрбиелеудің орнына айғайға басу саяси тайыздықтың, білімсіздіктің, мәдениетсіздіктің белгісі.

Шаруашылықтың басшы қызметкерлерін коллективті құрметтеу, оның алдында әрқашан жауапты болу, өндірісті дара басқаруды тәрбие жұмысымен ұштастыра жүргізу рухында тәрбиелеу — партия ұйымдарының қасиетті борышы.



Партия ұйымдары шаруашылық жетекшілерінің дұрыс берілген бұйрық-жарлықтарын қолдап отыруға, олардың беделін сақтап, арттыра беруге тиіс. Бірақ бұдан басшы қызметкердің беделі оның қате-кемшілігін бүркеу арқылы арттырылуы керек деген ұғым есте тұмайды. Владимир Ильич Ленин басшы қызметкер беделге «өзінің жігерімен, өзінің идеялық ықпалымен (әрине, өзінің атағы немесе дәреже-шенімен емес) жетуге тиіс» деген болатын (Шығармалар, 15-том, 358-бет).

КПСС Орталық Комитеті декабрь Пленумының (1957 ж.) кәсіподақтардың жұмысын жақсарту туралы шешіміне орай кәзір өнеркәсіп орындарында тұрақты жұмыс істейтін өндірістік кеңестер құрылды. Оның өзі шаруашылық қызметкерлерге үлкен көмек болды, олардың жұмысшылар қауымымен байланысын жақсартуға түсуіне, озық тәжірибені өндіріске енгізуіне даңғыл жол ашты. Амал не, осы мүмкіндік кей жерде жөнді пайдаға асырылмайды. Мысалы, Ақтөбе рентген заводында тұрақты кеңестер көптен бері жұмыс істемейді. Өндірістік тұрақты кеңестерде, жұмысшылардың жиналыстарында баяндама жасауға, әңгіме өткізуге шаруашылық қызметкерлерін белсенді қатыстырған жөн.

Халықтың тұрмысын жақсарту беру — партиямыздың бұлжымайтын заңы. Бізде бәрі де совет адамы үшін, соның ауқатты да мәдениетті тұруы үшін істеледі. Шаруашылықтың нағыз іскер басшысы өндіріс өз алдына, адамдардың тұрмысы өз алдына деп бөле-жара қарамайды, қайта ол екеуін бір-бірімен ұштастырып отырады. Ол өзіне де, өзгеге де қатаң талап қойып, еңбекші адамға қамқорлық істейді. Жасыратыны жоқ, бізде партияның саясатын жөнді ұғынбаған, өрісі тар қызметкерлер де жоқ емес. Ондайлар көпшілік асханасына, жатақханаға, моншаға, клуб, қызыл мүйіске, кітапханаға баратын жолды кейде білмейді. Сондықтан олар жұмысшылардың мәдени-тұрмыс жағдайы жөнінен көбінесе бейхабар болады. Әрине, мұндай қызметкерлерді жұмысқа партиялық тұрғыдан қарайды екен деу қиын. Қазақстанның алыстағы мал отарларында сан мыңдаған адам жұмыс істейді. Олар күні-түні бірдей мал соғында жүреді. Бірақ олардың жемісті еңбек етуіне кейбір колхоз бен совхозда қолайлы жағдай жоқ. Талай жиналыс, кеңес, мәслихаттарда сөз болса да, мал отарындағы малшыларға кино көрсету, концерт-эстрада бригадаларын жіберу, азық-түлік, өнеркәсіп товарларын апарып сату ісі әлі де жолға қойылмай келеді. Бұл кемшіліктер көптеген совхоз, колхоз басшылары, тұтынушылар одағы, сауда ұйымдары басшыларының тарапынан малшылардың тұрмысына көңіл бөлінбеуінен туып отыр.

Елімізде өнеркәсіп пен құрылысты басқару ісін қайта құру жөнінде партия жүзеге асырған елеулі шаралар тамаша нәтиже берді. Бұл қайта құру бұрынғы ведомстволық тосқауыл-кедергілерді жоюмен бірге, жергілікті органдардың шаруашылық құрылыстағы ролін, жауапкершілігін арттырды, өндіріске басшылық етудегі бюрократтықты, қағазбастылықты азайтты, басшылықты өндіріске жақындатты. Осыған орай шаруашылық қызметкерлерінің праволары кеңейтілді, олардың алдында тұрған міндеттердің көлемі де, маңызы да өсті.

Кеңседе қағазбен айналысудан гөрі қайнаған еңбек басында болу, болат қорытылып жатқан пеш, құрал-жабдық жасалып жатқан станок басында, цехтарда, учаскелерде болып, адамдармен жұмыс істеу, өндірісті ұйымдастыруға тікелей қатысу шаруашылықтың басшы қызметкерінің жауапты міндеті. Жаңалыққа әрдайым бой ұру, озық тәжірибені зерттеп, батыл енгізу, өндіріс экономикасын жетік білуге ұмтылып отыру — олардың төл ісі.

Әр мәселеге партиялық, мемлекеттік тұрғыдан қарау, жұмысты жоғарыдан нұсқау күтпей-ақ, өз бетімен творчестволықпен атқару, экономиканы шебер басқара білу, өндірістің болашағын ойластырып отыру басшы қызметкердің идеялық-саяси дәрежесіне, марксизм-ленинизм

ілімін терең үйренуіне байланысты. Демек, шаруашылықтың басшы қызметкерлерінің саяси оқуына да назар аудару керек. Кәзір жер-жерде сырттан оқытатын экономикалық мектептер ұйымдастырылып, іске кірісті. Бұған шаруашылық қызметкерлерінің көбірек қатысуын қарастырған жөн.

Өндірісті басқаруды саяси жұмыспен, адамдарды тәрбиелеумен ұштастырған басшы кадрлардың ғана жұмысы жемісті болатыны тәжірибеден белгілі. Шаруашылық қызметкерлерін де саяси жұмысқа белсенді қатыстыру — оларды идеялық жағынан тәрбиелеудің күшті құралы. Кәсіпорнында насихатшылық, үгітшілік жұмысқа тікелей қатысып, еңбекшілер алдында саяси тақырыпқа баяндама жасау — басшы шаруашылық қызметкерлеріне тән қасиет болуға тиіс. КПСС Орталық Комитетінің «Партия насихатының кәзіргі жағдайдағы міндеттері туралы» қаулысында партия, совет, кәсіподақ, комсомол органдарының басшыларымен бірге шаруашылық қызметкерлер де еңбекшілер үшін лекция оқуға неғұрлым белсенді қатыстырылсын делінген. Олар тек шаруашылық басшысы ғана емес, сонымен бірге өздерін саяси қайраткерміз деп сезінуге тиіс, партияның саясатын жүзеге асыруға да жауап беретінін жақсы білуі керек.

Шаруашылықтың басшы қызметкері тұрмыста да өз қарамағындағы адамдарға үлгі-өнеге. Моральдық жағынан ұстамды, жаңа заманның талабына лайық саналы, инабатты болу оның асыл қасиеті. Тұрмыста азғындыққа, ішкілікке салыну, капитализмнің адам санасындағы шірік қалдықтарына бой ұсыну, жеке меншікшілдік пиғылға түсу, қара басының ғана қамын ойлау шаруашылықтың басшы қызметкерлеріне де мүлде жат.

Шаруашылық қызметкерлерін, атап айтқанда, завод, фабрика, совхоз директорларын, трест, басқарма басшыларын, цех бастықтарын, мастерлерді дұрыс іріктеп алуға, орналастыруға, олардың жұмысын бақылап, бағыт беруге келешекте де жете көңіл бөлу керек, әсіресе жас мамандарды басшылық қызметке батыл жоғарылату жағын қатты ескерген жөн. Партияның Орталық Комитетінің июль Пленумы (1960 ж.) өз шешімінде былай деп көрсетті: «Барлық партия органдарына артта қалған кәсіпорындарды маман кадрлармен нығайту жөнінде КПСС ХХІ съезі алға қойған міндетті шешуді тездету, тәжірибелі басшылардың өндірістің артта қалған учаскелеріне ауысуын қолдап отыру, қабілетті жас мамандарды басшы қызметке батыл жоғарылату тапсырылсын. Әрбір кәсіпорынды, цехты экономиканы, жаңа техниканы және осы заманғы өндірістің ұйымдастырылуын жақсы білетін жігерлі адамның басқаруын қамтамасыз ету керек». Міне шаруашылық кадрлары жөніндегі жұмыста мұны қатты ескеріп отыру керек.



Коммунизмнің материалдық техникалық базасын жасау міндетін абыроймен орындау шаруашылық басшыларынан ұйымдастырушылық қабілетті күшейтуді талап етеді. Бұл үшін олар шаруашылыққа басшылық ету стилін жақсартып, жетілдіре түсуге тиіс. Партия, совет ұйымдарының күнделікті басшылығына, көмегіне сүйене отырып, жұмысшылардың, инженер-техник қауымының еңбегін жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауға жұмылдыру — шаруашылықтың басшы қызметкерлерінің түбегейлі міндеті.



Колхоздағы жұмыс нормасы, еңбекті есептеу, оған ақы төлеу жайында

А. БЕЛОВ,

*Қазақтың ауыл шаруашылығы экономикасы ғылыми-зерттеу
институтының директоры*

Партияның XXI съезі мен КПСС Орталық Комитеті декабрь Пленумының (1959) шешімдерінде коммунистік құрылыстың кәзіргі дәуірінде еңбек өнімділігін арттырудың орасан зор маңызы бар екені ерекше атап көрсетілді. Тек жетіжылдық ішінде (1959—1965) колхоздарда еңбек өнімділігі шамамен 2 есе артуға тиіс.

Өндірісте мейлінше жетілген техниканы, технологияны қолдану, өндіріс пен еңбекті тиімді ұйымдастыру — міне осы үш негізгі фактор қосыла келе еңбек өнімділігін арттыруға жағдай жасайтындығы белгілі. Бірақ осы үш фактор жетекші өндіргіш күш — адам арқылы ғана іске қосылады.

Демек еңбек өнімділігін арттыра беру үшін материалдық игілікті жасаушы осы адамдардың материалдық жағынан ынталы болуына жақсы жағдай туғызу қажет. Коммунистік қоғам орнатудың кәзіргі кезеңінде, табысты әркімнің еңбегіне қарай бөлу заңы тұсында жеке адамның материалдық жағынан ынталы болуы шаруашылықты социалистік жолмен өркендетудің аса маңызды принципі болып қала береді.

Социалистік меншіктің бір формасы — кооперативтік меншікке негізделген колхоздарда еңбекке ақы төлеуде «тең еңбекке тең ақы төлеу» жөніндегі социалистік принцип толық жүзеге асырылуға тиіс. Бірақ бұл принцип жұмыстың әр түріне жұмсалатын еңбектің саны мен сапасын есепке алатын жұмыс нормасы мен нарқы дұрыс белгіленген кезде ғана дәйектілікпен іске асырылады.

Колхозда еңбекті нормалау

Еңбекті нормалау — еңбек пен өндірісті ұйымдастырудың негізгі мәселелерінің бірі. Еңбекті нормалау негізіне жұмсалатын еңбектің өлшемін бейнелейтін жұмыс нормасы алынады. Жұмыс нормасы негізінде колхозға қанша жұмысшы күші, техника, жабдық, ақы қорына қанша қаржы керектігі анықталып, өндіріс жоспары жасалады.

Қазақстан колхоздарында еңбекті нормалау ісінде елеулі кемшіліктер болып келеді. Әсіресе техника колхоз меншігіне көшкен кәзіргі кезеңде еңбекті нормалауды бір жүйеге келтірудің маңызы зор, онсыз олар қоғамдық шаруашылықты ойдағыдай өркендете алмайды.

Көп уақытқа дейін (1948—1956 жылдар арасында) республиканың колхоздары облыс-облыс бойынша жеке алынған, статистикалық-экономикалық есепке негізделген үлгі жұмыс нормасын пайдаланып келді. Бұл норма ауылшаруашылығын техникамен қаруландыру ісінің өрісін тарылтты. Еңбекті нормалауда колхозшылардың ынта-жігерін кемітті. Осы кемшілікті жою мақсатымен КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі 1956 жылғы март айында ауылшаруашылық артелінің Уставы және колхоз өндірісін ұйымдастыру, артель істерін басқаруда колхозшылардың инициативасын онан әрі дамыту туралы қаулы

қабылдады. Қаулыда жергілікті жағдайды ескере отырып, жұмыс нормасын колхоздардың өздері белгілеуі ұсынылған болатын. Колхоздардың қоғамдық шаруашылығын нығайтуда бұл қаулының зор маңызы болды. Бірақ мұнан кейін де колхоздарда, әсіресе жұмыс нормасын белгілеу ісінде кейбір шалағайлықтар орын алды.

Жұмыстың белгілі бір түріне норма белгілеуде ешбір негізсіз үлкен айырмашылыққа жол берілгендігін мына төмендегі мысалдардан айқын көруге болады. Алматы облысының Шелек ауданындағы «Авангард» колхозында ат тырмасымен күніне 7 гектар, ал Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Жданов атындағы колхозда 3 гектар, «Красный Восток» колхозында 5 гектар шөп тырмалау белгіленген. Қант қызылшасы егісін бораздалап, бірінші рет суаруға жұмыс нормасы Жамбыл облысының Меркі ауданының Жданов атындағы колхозында 1 гектар, ал Алматы облысы, Талдықорған ауданы Абай, Мичурин атындағы колхоздарында тиісінше 1,5 және 0,5 гектар болып белгіленген.

Мұндай мысалды Қазақстанның әрбір облысынан келтіруге болар еді. Бірақ пікір айтуға осы фактілердің өзі де жеткілікті. Мұның өзі республиканың бірқыдыру колхоздарында еңбекті нормалаудың ғылыми негізделген дәйекті жүйесі жоқ екенін аңғартады.

Бұл арада еңбекті нормалаудың ғылыми негізделген әдісі дегенде, ең алдымен өлшеу аспаптары негізінде нақты, толық та дұрыс көрсеткіштер беретін техникалық нормалауды айтамыз. Алайда, еңбекті техникалық нормалауға кіріспес бұрын, колхоздарда жұмыс уақытын есепке алуды жақсарту қажет. Еңбеккүнді есептеудің кәзіргі тәртібі жұмыс істеуге жұмсалған уақыттың дәл мөлшерін көрсете алмайды, өйткені әр колхозда жұмыстың белгілі бір түріне жұмыс уақыты түрліше жұмсалады. Колхоздарда жұмыс мерзімі сағатпен, ал өнім өлшемін өндіруге немесе жұмыс көлемінің өлшеміне жұмсалған еңбек адам-сағат есебімен есептелуге тиіс.

Машинамен істелетін негізгі жұмыстарға техникалық нормалау ең алдымен динамометр (механикалық күш-қуатты өлшейтін аспап) арқылы жүзеге асырылуы керек. Ауыл шаруашылығын механикаландырудың Бүкілодақтық институты жұмысты нормалау әдісін белгіледі. Бұл тәсілдің мәні мынадай: норманы белгілеу үшін механизаторлар жұмыс істейтін жердің нақты табиғи-өндірістік жағдайы — трактор мен ауыл шаруашылық саймандарының түрі, машинаның жер жыртуға жұмсайтын күшінің мөлшері, жұмысқа қойылатын агротехникалық талап, топырақ жағдайы, егістік жердің көлемі, жер бетінің бұдыры тағы басқа да осы сияқты жағдайлар анықталады. Бұлардың ішінде машинаның өз кедергісін анықтау — нормалаудың басты шарты. Ал кедергі динамометрмен өлшенеді.

Колхоздарда көлікпен істелетін жұмысқа, сондай-ақ жұмысты өлшейтін аспап болмаған жағдайда механикаландырылған жұмысқа бұрынғы ескірген тәжірибе-статистикалық норма орнына ұтымды жұмыс нормасын белгілеуге болады. Ал жұмыстың қажет деп табылған түріне ұтымды норма белгілеу үшін жұмыс күнін 2 — 3 күн бойы хронометралық әдіспен өлшеп, бақылау керек. Бақылау ісі өндіріс процесі дұрыс ұйымдастырылған жағдайда ұқыпты колхозшының жұмысы арқылы жүргізілуге тиіс.

Ұтымды жұмыс нормасын жұмыс күніне емес, қолма-қол істеген бір сағат жұмыс уақытысына есептеген жөн. Ұқыпты колхозшының бір сағаттық еңбек өнімділігі негізінде сағаттық норманы тұтас жұмыс күніне көбейту жолымен бір күндік жұмыс нормасын оңай есептеп шығаруға болады.

Ауыл шаруашылығына техникалық жағынан дәлелді яки ебдейлі жұмыс нормасын енгізудің ұтымдылығы колхоздарда, совхоздарда бас

қа да ауылшаруашылық кәсіпорындарының еңбекті нормалау жөніндегі жұмыстың жақсы ұйымдастырылуына байланысты. Бірақ колхоздар мен совхоздарда норма белгілеуші мамандар жоқ. Кәзіргі уақытта Қазақстанда 20 мемлекеттік (совхоздарда); тек бір ғана колхоз аралық (Үржар ауданында) нормалау пункті бар, бұлардың өзі де негізінен жөндеу жұмыстарын нормалаумен шұғылданады, ал егіншілік пен мал шаруашылығындағы көптеген жұмыстар әлі күнге дейін ғылыми жағынан дәлелденген жұмыс нормасынсыз қалып отыр.

Біздің ойымызша, мемлекеттік пункттердің орнына әрбір ауданда колхоздардың, совхоздардың, өзге де ауылшаруашылық кәсіпорындарының кіріс жарнасы негізінде шаруашылық аралық (аймақтық) нормалау пункттерін ұйымдастырып, оларға норма белгілеуші мамандар жіберіп, пункттерді қажетті өлшеу аспаптармен жабдықтаған жөн.

Өнім өндіруге жұмсалатын жұмыс уақытын есептеуді тәртіпке келтіру, еңбекті нормалау ісін жолға қою колхоздардың еңбекке ақыны ақшалай төлеу сықылды неғұрлым ұтымды жүйеге тезірек көшуін жеңілдетеді.

Колхозда еңбекке ақы төлеудің ұтымды түрлері

Республиканың колхоздарында ғылыми жағынан дәлелденген жұмыс нормаларын қолдану жұмысқа дұрыс нарық белгілеуге керекті бірден-бір сенімді негіз жасап береді. Ал мұндай жұмыс нормасының болмауы колхозшылардың өз ісіне «тиімді» және «тиімсіз» жұмыс деп алалап қарауына әкеп соқтырады.

Ауылшаруашылық өндірісінің бір ерекшелігі сол — көп ретте еңбектің нәтижесі белгілі бір мерзім өткеннен кейін ғана белгілі болады. Бұл ауыл шаруашылық өндірісінің маусымдық сипатына байланысты. Сондықтан жұмыстың кейбір түрлері жұмыс көлемінің өлшеміне жұмсалған еңбектің мөлшеріне, екіншісі өндірілген өнімнің өлшеміне қарап нормаланады, ал үшіншісі жұмыс көлеміне де, өнім өлшеміне де байланысты емес.

Әсіресе мал шаруашылығының барлық саласында өнім алынысымен еңбекке, мысалы, сауылған сүт, малдың қосқан үстеме салмағы, алынған жұмыртқа, қырқылған жүн үшін ақы төлеу оңай. Ал егіншілікте еңбекке ақыны өнім алынғанға дейін жоспарлы норманы орындағаны үшін белгіленген нарықтың 70—80 проценті мөлшерінде бүкіл жыл бойы аванс төлеуге болады. Мысалы, егер механикаланған звено астық яки сүрлем үшін 200 гектар жүгері өсіретін болса, онда өнімнің центнеріне төленетін ақыны былай есептеп шығаруға болады:

Жоспар бойынша жүгерінің әрбір гектарынан 25 центнер дән, ал сүрлем үшін өсірілсе гектарынан 250 центнер сүттеніп-камырланған собық пен көк шөп алу белгіленді делік, онда жалпы түсім мынадай болады: $200 \text{ г} \times 25 \text{ ц} = 5000$ центнер дән немесе $200 \text{ г} \times 250 \text{ ц} = 50\,000$ центнер сүрлем. Сонда өсірілген жүгері дәнінің 1 центнері үшін ақы: 1000 еңбеккүн ($5000 \text{ ц} = 0,2$) немесе 1 центнер сүрлем үшін 0,02 еңбеккүн жұмсалған болады. Ақшалай есептегенде тиісінше 1 центнер жүгері дән үшін 2 сом немесе 1 центнер сүрлем үшін 0,2 сом төленеді.

Бірақ жүгері өнімі, астығы яки сүрлемі болсын, оны жинағаннан кейін алынатындықтан жоғарыда келтірілген нарық бойынша 1 центнер өнімге ақы да кейін төленеді. Ал өнімді жинағанға дейін, жүгеріні өсіру кезінде жұмыс нормасын орындағаны үшін еңбекке ақы жалпы нарықтың (тарифтік ставканың) 70—80 проценті мөлшерінде төленеді. Қалған 30—20 проценті еңбекке төленетін ақы қорынан өнім өндіру жоспарын орындаған кезде төленеді. Егер жоспар орындалмаса мүлде төленбейді. Жұмыстың нәтижесіне қарай алынған қосымша сома звено мүшелеріне жұмыс нормасы бойынша бөлінеді.

Бір центнер өнім үшін колхозшыларға, басқару қызметінде және қосалқы қызметте жүргендерге төленетін ақыны есептеп шығаруды жеңілдету үшін егіншілік пен мал шаруашылығы өнімдерінің барлық түрін жұмсалатын еңбектің санына қарай бір өнімге жатқызып, бұл өнімнің 1 центнеріне жұмсалған еңбекті өлшем ретінде алуға болады. Әдетте 1 центнер астықты осы сөз болып отырған өнімнің бір центнері орнына есептейді. Мысалы, бригада астық, қант қызылшасын, сүрлем үшін жүгері өсіреді, сүт өндіреді делік. Өткен жылдары 1 центнер астықты өндіруге 0,1 еңбеккүн, 1 центнер қызылшаға — 0,5, 1 центнер жүгері сүрлеміне — 0,01, 1 центнер сүтке — 2,5 еңбеккүн жұмсалды. Сонда астық өніміне мына төмендегі кесте бойынша ауыстыруға болады:

Өнімнің түрлері	Жалпы түсімі (цент)	1 цент. (еңбеккүн есебімен)	Өнімді шартты центнерге шағу (коэффициент)	Алынған өнімнің мөлшері (барлығы)
Астық	20 000	0,20	1,00	20 000
Қант қызылшасы	10 000	0,50	2,50	25 000
Жүгері сүрлемі	50 000	0,01	0,05	2 500
Сүт	25 000	2,50	12,5	312 500
Барлығы:				360 000

Мәселен, бригада үшін еңбекке төленетін ақы қоры 360 мың сом, ал алынатын өнімнің жалпы мөлшері 360 мың центнер болып жоспарланды делік, сонда 1 центнер өнім үшін төленетін ақы 1 сом болады. Ал еңбек шығыны еңбеккүнмен емес, адам-күнімен немесе адам-сағатымен есептелсе, онда алынған өнім де осылайша есептеп шығарылуға тиіс.

Еңбекке ақшалай ақы төлеу тәртібі енгізілген, өнімнің түсірілуін есептелетін колхоздарда өнімнің центнеріне төлеу тәртібі орнына шаруашылықта істейтіндердің бәріне (бұған негізгі ақы да, қосымша ақы да кіреді) өнімнің жалпы түсімінің көрсеткіштері бойынша ақы төлеу тәртібін қолдану керек.

Еңбекке өндірілген өнімнің нәтижесі бойынша ақы төлеу колхозшылардың материалдық ынталылығын және еңбек өнімділігін арттырады. Бұл арада еңбек өнімділігін арттыру қарқыны еңбекке ақы төлеу дәрежесін арттыру қарқынынан жоғары болуға тиіс.

«Тең еңбекке тең ақы төлеу» принципін жүзеге асыру және колхозшылардың материалдық ынталылығын арттыру үшін ақыны өнімнің мөлшеріне қарай төлеуге көшумен бірге ақшалай ақы төлеу тәртібіне бағытталу керек.

Кәзіргі уақытта Қазақтың Ауылшаруашылық ғылым академиясының Экономика және ауыл шаруашылығын ұйымдастыру институты жасаған әдіс бойынша республикада 150-ден астам колхоз еңбекке тікелей ақшалай ақы төлеу тәртібіне көшті. Көптеген колхоздар еңбекке ақы төлеудің бұл түріне көшуге әзірленіп отыр. Колхоздарда өріс ала бастаған бұл ұтымды қозғалыс бүкілхалықтық және кооперативтік меншіктердің бір-біріне жақындауының бір көрінісі болып табылады.

Еңбеккүннен сомға көшу соншама күрделі іс емес. Бұл үшін біз әрбір колхозда соңғы 3 — 4 жылдың ішіндегі еңбеккүннің орташа мөлшерін белгілеуді, сонан кейін көлікпен, машинамен атқарылатын жұмыстарда ақы төлеудің тарифтік кестесін жасап, әрбір разрядты еңбеккүннің орнына ақшамен бағалауды ұсынамыз.

Еңбеккүнге ақы төлеудің кәзіргі 9 разрядты кестесін ала отырып, көлікпен істелетін жұмыстарға мынадай нарық белгілеуге болады:

Колхоздар	I еңбеккүнге берілген ақы Орта есеппен (сом)	9 разряд бойынша ақшалай белгіленген нарық (сом есебімен)								
		1—0,5 еңб/к	2—0,75 еңб/к	3—1,00 еңб/к	4—1,25 еңб/к	5—1,50 еңб/к	6—1,75 еңб/күн	7—2,00 еңб/к	8—2,25 еңб/к	9—2,50 еңб/күн
Крупская атындағы	9,81	4,90	7,25	9,75	12,25	14,75	17,00	19,50	22,00	24,50
Сталин атындағы	8,82	4,40	6,60	8,80	11,00	13,20	15,40	17,60	19,80	22,00
«Кызылту»	8,52	4,25	6,35	8,50	10,60	12,75	14,75	17,00	19,00	21,25
«Рассвет»	6,47	3,75	5,50	7,50	9,30	11,35	13,00	15,00	16,80	18,75

Бірақ еңбекке ақшалай ақы төлеу тәртібіне көшкен колхоздардың бәрі 9 разрядты кестені қолданбай көлікпен істелетін жұмыстарға, әдеттегіше, 6 разрядты тарифті кестені қолданды. Мұнда 1-ші разряд пен 6-шы разрядтың аралығындағы нарық қолданылды.

Колхоздағы механизаторлардың еңбегіне ақы төлеу үшін оларға 6 разрядты тарифті кестені жеке белгілеу керек. Ал егер колхоз I еңбеккүнге шамамен 13—14 сом төлейтіндей дәрежеге жетсе, онда біртұтас 9 немесе 10 разрядты тариф кестесін қолдануға болады. Бірақ бұл арада жоғарғы разрядқа төленетін нарық бірінші разрядқа төленетін нарықтан 4 еседей ғана артық болуы керек.

Республика колхоздарында 1959 жылдың басына дейін еңбекке ақы төлеу мына төмендегі дәрежеде болды: 1) барлық колхоздың 4,1 процентінде I еңбеккүн орта есеппен 2 сомнан 4 сомға дейін, 2) 21,8 процентінде — 4 сомнан 7 сомға дейін, 3) 31,5 процентінде 7 сомнан 10 сомға дейін, 4) 33,0 процентінде 10 сомнан 15 сомға дейін, 5) 9,6 процентінде 15 сом және одан көбірек болып бағаланды. Бұл мәліметтерден біз колхоздардың төрттен үшіне жуығы еңбекке ақыны совхоздармен бірдей және олардан көп төлегенін көреміз. Ал 1957 жылы мұндай колхоздар төрттің біріндей ғана еді. Мұндай дәрежеге жетпеген колхоздардың өзі де еңбекке ақыны ақшалай төлеу тәртібіне еркін көше алады.

Сонымен, Қазақстанда барлық колхоздардың еңбекке ақыны ақшалай төлеу тәсіліне көшуі үшін қажетті жағдайдың бәрі жасалған. Бұл тәсіл колхоздардың экономикасын неғұрлым шапшаң өркендетіп, колхоз меншігін мемлекет меншігіне жақындата беруге, жұмысшы табымен колхозшы шаруалардың одағын бұрынғыдан да нығайта түсуге себепкер болады.

Қазақ халқының ардагер батыры

А. НҰРҚАНОВ,

тарих ғылымының кандидаты

Елімізде азамат соғысының аяқталғанына қырық жыл толды. Совет халқы азаттық күресте өшпес данққа бөленген ерлердің есімін аса құрметпен атайды. Солардың бірі — қазақтың ардагер батыры Аманкелді Иманов. Бұл мақалада Аманкелдінің өмірі мен революциялық қызметі қысқаша баяндалады.

* * *

Аманкелді Үдербайұлы Иманов бұрынғы Торғай уезі, Қайдауыл болысы № 3 ауылда (қазіргі Қостанай облысының Аманкелді ауданы) Күйеусай атанған Терісбұтақ деген жерде туған. Әкесі ерте қайтыс болып, Аманкелді кемтарлық-жокшылықтың ауыр азабын көріп өсті.

Жастайынан жігерлі Аманкелді кедейлердің байларға қарсы күресіне ерте араласты. Терісбұтақтағы жеті үй жатақтың құнарлы Торғай өзені бойына көшіп келіп орналасуына Аманкелдінің өзі бас болды.

Болыстар мен байлардың зымыян жаласы бойынша Аманкелді 1894 жылы 21 жасында бірінші рет тұтқынға алынып, Торғай түрмесіне қамалды. Бұл кезде қалада қызмет істейтін І. Жүсіпов пен О. Тынымов арқылы Аманкелді Н. Токаревпен және И. Денисовпен (мұның бірі сот орнында, екіншісі адвокат болып қызмет істейтін) танысты. Осылардың адамгершілігі арқасында Аманкелді ақталып шықты. Қиын жағдайда үлкен жәрдем көрсеткен орыс халқының демократияшыл адамдарын Аманкелді жақсы көріп кетті.

Еңбекшілер бұқарасының күресіне Аманкелді Иманов әсіресе 1905—1907 революция жылдары белсеніп араласты. Қаладағы достарымен байланыс жасады. Терісбұтақтағы жатақтар жұмысшы болып істейтін Байқоңыр, Қарсақпай рудниктерінде болды. Онда жұмысшылардың тұрмыс-халімен, күрес-тәжірибесімен танысты.

1907 жылы Москвада оқудан қуылған Ә. Жанкелдин өзінің еліне келді. Жасынан бірге өскен екі дос Аманкелді мен Әліби ел аралап бір жүрді. Орталық Россияда болған революцияны, оның жеңіліске ұшырауын, большевиктік партия жұмысты жасырын жүргізуге мәжбүр болып отырғанын Ә. Жанкелдин Аманкелдіге әбден түсіндірді. Бірақ Жанкелдин елде ұзақ жүре алмады, патша чиновниктері қудалай бастаған соң ол шет елге кетті. Аманкелді өзінің досын Қостанайға жеткізіп салды, астындағы атын сатып, жолына қаражат қып берді.

Реакция жылдары Аманкелді Атбасар, Көкшетау, Қостанай уездері арасында қуғын-сүргінде жүрді. 1908 жылы Торғай жәрменкесінде екі-үш қазақты ат бауырынан өткізіп сабаған Қарауыл отрядын сойылға жығып, қуып жібергені үшін Аманкелді 30 кісімен бірге ұсталып, Торғай түрмесіне қамалды. Бірақ достары оны түрмеде көп жатқызбай, босатып алды. 1909—1910 жылдары Аманкелдіге екі рет патша чиновниктерін тілдегені үшін бір жыл тұтқынға отыруға мировой сот үкім шығарған. 1911 жылы Қостанайға күзетшімен жөнелтіліп, онда бес ай болған, ол түрмеде Омар Досжановпен танысқан. Аманкелді көрген

қиыншылыққа жаншылып, жасымады. Қайта оның болыс, байларға, патша өкіметіне өшпенділігі күшейіп, шыныға түсті. Қоғамдық көзқарасы қалыптаса бастады, саяси түсінігі артты.

1912 жылы Лена уақиғасынан басталған жұмысшылар қозғалысы шет аймақтарға елеулі ықпалын тигізді. Қазақстанның жұмысшы, шаруалары да күреске аттана бастады. 1913 жылы Аманкелді Торғайдан көп қашық Терісбұтаққа қайта көшіп келді. Ел кедейлерін бастап патша чиновниктеріне, болыс-байларға қарсы күрес жүргізді. Қайдауыл мен Қызылжыңғыл болысының кедейлері уезден барған чиновниктерге бағынбай, оларды қуып жіберді.

Европаның, Африканың, Азияның бірнеше елінде болған Ә. Жанкелдин 1913 жылдың күзінде елге қайтып оралды. Ә. Жанкелдин шет елден алып келген кинокартинаны Аманкелді екеуі жұртқа көрсетіп, бірнеше күн бірге жүрді. Россияда революциялық қозғалыстың қайтадан өрлеуін, ұлт еңбекшілерінің бостандық күресін, В. И. Ленин бастаған большевиктік партияның көздеген талабы мен мақсатын Ә. Жанкелдин Аманкелдіге жақсылап ұғындырды. Сонымен бірге екеуі алдағы күрес бағытын кеңесті. Ә. Жанкелдиннің Қазақстанда тұруына тағы рұқсат етілмей, ол Қырымға бет алып, жол жүріп кетті. Бірақ екі революционердің хат арқылы байланысы үзілмеді. Әліби Жанкелдин: «Аманкелді менен большевиктік партияның тамаша нұсқауларын естігенде құмарлана тыңдап, менің арманым осы, міне, дәл кездестім дейтін еді» деп жазған болатын.

Торғай түрмесіне 1913 жылы қамалған жақын серіктерін босатып алуды ізденіп Аманкелді Иманов Петербургқа барып қайтқан. Өзінің күнделік дәптеріне Петербургтан 1914 жылы февральда қайттым деп жазған. Қайтып оралған соң ондағы көрген, білгендерін Аманкелді достарына, ел еңбекшілеріне жыр қып айтып берді.

Империалистік соғыс халық шаруашылығын, әсіресе ұлт еңбекшілерінің тіршілігін ауыр күйзеліске ұшыратты. Оның үстіне соғыстың үш жылға созылуымен байланысты Орта Азия халықтарын: өзбектерді, қазақтарды, тәжіктерді, ұйғырлар мен дунғандарды, қырғыздар мен түркмендерді майданның қара жұмысына алу туралы 1916 жылы патшаның июнь жарлығы жарияланды. Бұл жарлық Орта Азияда, Қазақстанда ұлт-азаттық көтерілісінің тез және жаппай басталып кетуіне елеулі себептің бірі болды.

1916 жылы Торғай көтерілісін ұйымдастырушы, жауынгер қолбасшы Аманкелді Иманов пен Әліби Жанкелдин болды. Олар большевиктік партияның басшылығына сүйенді. Ұлы орыс халқының туыскандық көмегін зор бағалаған ардагер батыр орыс шаруаларына ешқандай жәбір бермей, қайта олармен одақ болуды мыңбасы, жүзбасыларға қатты тапсырды. Қостанай уезінің бастығы: «Топ-топ болып жүрген көтерілісшілер полиция қызметкерін, чиновниктерді қас дұшпан санайды, бірақ шаруаларға ешқандай жәбір көрсетпейді» десе, ал Алтынтау кәсіпшілігінің полиция бастығы: «Қазақтар бұрын да кен кәсіпшілігіндегі орыстармен жаман емес еді, көзір әбден достасып кетті» деп хабарлаған.

Патша өкіметін, оның саясатын қолдаған, орыс халқы мен қазақ халқының достық, ынтымақ-бірлігіне ірткі салуды көздеген, буржуазияшыл-ұлтшылдардың сойылын соққан, көтерілісте өзін «хан» деп жариялаған екі жүзді Ә. Жанбосыновтың дұшпандық әрекеті сәтсіздікке ұшырап, жұрт алдында маскара болды.

Сөйтіп, Аманкелді Иманов бастаған Торғай еңбекшілерінің көтерілісі патша тақтан құлатылған 1917 жылғы февраль революциясына ұласты, Ұлы Октябрь революциясының резерві болды.

Аманкелді Иманов буржуазиялық Уақытша үкімет халықтың мүддесін көздемейтін, халыққа жат үкімет екенін жақсы түсінді. Сондықтан ол көтерілісшілер отрядын түгел таратпады, оларды жат элемент-

терден тазартып, Сарыкопа, Жыланшак бойында сакадай сай ұстады. Қаладағы серіктерімен байланыс жасап, уезге қарайтын 13 болыс ел енбекшілерінен (көпшілігі көтерілісшілер) өкіл шақырып жиналыс өткізді. Жиналыста Аманкелдінің ұсынысы бойынша енбекшілер бұқарасының азаттықты көксеген күресін ұйымдастырып, басқару үшін 7 кісіден комитет құрылды, оның құрамына бұрынғы мыябасылармен бірге Николай Токарев өтті. Алдағы революциялық күресті Аманкелді осы комитет арқылы жүргізді.

Уақытша үкіметке, оның отаршыл саясатына қарсы Аманкелді бастаған күреске дем беріп, жәрдем көрсеткен Н. Токарев, И. Денисов, Қ. Қойдосов, І. Жүсіпов сияқты халықтың адал ұлдары еді. Әсіресе большевиктік партияның 1915 жылдан мүшесі Ә. Жанкелдиннің 1917 жылы Торғайға екі рет келуінің үлкен мәні болды. Алғашқыда ол Петроград советінің нұсқаушысы болып, ал екінші жолы большевиктік партияның Петроград советіндегі фракциясының өкілі болып келді. Осы келгенінде ол Аманкелдіге, көтерілісшілерге орталықтағы революциялық қимылдың өрлеуін, әсіресе социалистік революцияға әзірленудегі лениндік нұсқауды жеткізе түсіндіріп отырды. Мұның бәрі торғайлықтарды революциялық күреске жігерлендірді.

Буржуазияшыл Уақытша үкіметке, оның итаршылары алашордашыларға қарсы күресті ұйымдастыруда Аманкелді Иманов лениндік нұсқауға сүйенді. «Қазақ халқының тағдыры, — деді ол, — большевиктердің жеңісіне байланысты. Сондықтан біз орыс большевиктеріне барлық күшімізбен көмектесуге тиіспіз».

Большевиктік партияның, оның ұлы көсемі В. И. Лениннің тікелей басшылығымен жауынгер Петроград жұмысшылары 1917 жылы 25 октябрьде (7 ноябрьде) Уақытша үкіметті құлатып, социалистік революция жасады. Халықтар түрмесі болған помещиктік-капиталистік құрылыс қиратылып, оның орнына жұмысшы табы мен шаруалардың бостандық, теңдік және халықтар достығы принципіне негізделген социалистік мемлекеті — совет өкіметі орнады.

Совет үкіметінің жер және бейбітшілік туралы декреттерімен қатар, 1917 жылы 2 (15) ноябрьде «Россия халықтары праволарының декларациясынан», кейін В. И. Ленин мен И. В. Сталин қол қойған «Россияның және Шығыстың барлық мұсылман енбекшілеріне үндеуі» жарияланды. Бұл тарихи документтер ұлт енбекшілерін совет өкіметін қолдауға ұмтылдырды. Ал, большевиктік партия «Бүкіл өкімет езілген ұлттардың енбекшілер бұқарасына берілсін!» деген ұран көтерді. Сөйтіп, орталықта жеңген советтер Россияның ұлан байтақ жеріне тез тарайды. В. И. Ленин бұл жеңісті совет өкіметінің «жеңіс маршы» деп атады.

Большевиктік партияның басшылығымен, орыс халқының туысқандық көмегі арқасында 1917 жылдың октябрінен 1918 жылдың мартына дейін Қазақстанның барлық облысы мен барлық уезінде Ұлы Октябрь социалистік революциясының ал-қызыл туы желбіреді. Аманкелді Иманов пен оның жауынгер серіктері Ұлы Октябрь жеңісін зор қуанышпен қарсы алды. 1917 жылы декабрьде Аманкелді Иманов пен Н. Токарев бастаған кедейлер Торғайда желбіретіп советтің қызыл туын көтерді. 1918 жылы январьда Қостанайда, Ақтөбеде және Ырғызда совет өкіметі орнады. Сөйтіп Торғай облысының төрт уезінде совет өкіметін орнату жолындағы күрес жеңіспен аяқталды.

Торғай облысының сол кездегі әкімшілік және саяси орталығы — Орынборды атаман Дутов бандыларынан азат ету үшін жіберілген қызыл әскерлерге Ә. Жанкелдин ұйымдастырған қызыл гвардия отряды күш қосты. Ал Аманкелді Имановтың отряды жаудың әскерін Торғай даласына өткізбей, оның азық-түлік алатын жолын кесіп тастады. Қызыл Армия 1918 жылы январьда Орынбор қаласын ақгвардияшылардан

тазартты. Осы жеңістің нәтижесінде Торғай облысының Советтер съезін шақыруға мүмкіндік туды.

Торғай уезінің еңбекшілері облыстық Советтер съезіне Аманкелді Имановты, Ә. Жаңкелдинді және Н. Токаревті делегат етіп сайлады. Советтер съезі 1918 жылы 21 март — 3 апрель аралығында өткізілді. Съезд өзінің мәжілістерінде облыста совет өкіметін орнату, ерікті қызыл әскер бөлімдерін құру, жұмысшылардың жай-жағдайы, жерді және жер қойнауындағы байлықты пайдалану туралы тағы басқа мәселелерді қарап, тиісінше қарар қабылдады. Съезд алашордашылардың «Қазак» газетін жауып, баспаханасын конфискулеу туралы да қаулы алды.

Съездің әділ шешімдері саяси қайраткер және күрескер Аманкелді Имановқа үлкен әсер етті. Торғай уезіне комиссар болып тағайындалған Аманкелді апрельде елге келісімен съездің шешімдерін жүзеге асыру шараларына кірісті. Бәрінен бұрын, ол уездік атқару комитетімен қатар өмір сүріп келген управаны таратты. Жаңадан уездік атқару комитетін және оның бөлімдерін сайлады. Бүкіл Россиялық төтенше комиссияның уездегі уәкілдік қызметін өзінің сенімді досы Александр Токаревқа тапсырды.

Уақытша үкімет тұсында чиновниктер мен алашордашылар өзара бірлесіп Торғай қаласына 1918 жылы майда екі рет шабуыл жасады. Бұлардың бүліншілік отрядына Торғай еңбекшілері Аманкелді Иманов бастаған ерікті қызыл гвардия отрядына қосылып тойтарыс берді.

Июньнің басында бір топ совет қызметкерін ертіп комиссар Аманкелді ел аралады, еңбекшілерге совет өкіметін, оның тәртібін түсіндірді, ауылдық, болыстық советтер сайлауын өткізді. Байлардың иелігіндегі шабындық, егістік жерден «кірме», «қоңсы» кедейлерге жер алып берді. Аманкелді сол бетінде Байқоңыр және Қарсақпай рудниктерінде болды. Совет тәртібіне бағынғысы келмеген рудник кожасын (ағылшын капиталисі) тұтқынға алды. Жұмысшылардың хал-тұрмысын жақсартуды міндеттеп, рудник басқармасына бұйрық берді, жұмысшыларды совет өкіметін ішкі және сыртқы жаулардан қорғауға шақырды. Мұның бәрі Аманкелді Имановтың совет өкіметі тұсындағы тарихи маңызы зор істерінің ұмытылмас бір кезені еді.

* *
*

Ағылшын-француз және американ-жапон империалистері ұйымдастырып, дем берген ішкі және сыртқы жаулар бірлесіп 1918 жылдың маынан шабуылға шықты. Июнь және июльде бірнеше қаланы: Омбыны, Орынборды, Қызылжарды, Семейді, Қостанайды және Торғайды басып алды.

Осы қиын жағдаймен байланысты Аманкелді жаудың тылында партизандық күрес жүргізуге мәжбүр болды. Қаладан бой тасалап қашып шыққан совет қызметкерлерімен бірігіп Аманкелді ел кедейлерінен және Байқоңыр, Қарсақпай жұмысшыларынан қызыл партизан отрядын жасақтады.

Аманкелді бастаған партизан отряды ақгвардияшылардың Торғай даласы арқылы солтүстік-шығысқа, Қостанайға, одан әрі Сибирь темір жолына қарай өтетін қатынас жолын үзіп тастап отырды, дүркін-дүркін шабуылға шығып, жаудың соғыс, азық-түлік қоймаларын басып алды. Сөйтіп, Аманкелді Иманов қызыл партизан отрядының қимылын Ақтөбе майданындағы тұрақты қызыл әскер бөлімінің күресімен ұштастыра білді. Оның өз басы ерліктің, қаһармандықтың үлгісін көрсетті.

Қызыл Армия бөлімдері 1918 жылдың аяғында шабуылға шықты, бірнеше жерде жаудың әскеріне сілейте соққы берді. В. И. Лениннің тапсыруымен Москвадан оқ-дәрі, қару-жарак және әскер киімін алып,

1918 жылы сентябрьде шыққан Ә. Жанкелдин Түркстан мен Ақтөбе майдандарына ноябрьде жетіп, елеулі көмек көрсетті.

Ә. Жанкелдин Шалқарда және Ырғызда ерікті отряд құрып, Торғайды ақгвардияшылар мен алашордашылардың бүліншілігінен босатуға аттанды. Ә. Жанкелдинді бір топ отрядымен Аманкелді алдынан шығып қарсы алды. 1918 жылы 29 ноябрьде Торғай қаласы жаудан тазартылды. Қаланы билеп-төстеген бұрынғы уезд бастығы Гарф, сұмырай Алмасов тағы басқа жауыздар тұтқынға алынды. Қалада қайтадан совет өкіметі орнатылды.

Торғайдың соғыс комиссары Аманкелді Иманов қалада 300 кісілік 2 атты казак эскадронын және пулемет командасын ұйымдастырып, оларды соғыс өнеріне үйретті. Сонымен бірге кіші командирлер даярлап шығаратын мектеп және пулеметчиктер даярлайтын курс ұйымдастырды. Ә. Жанкелдин арқылы Аманкелді қызыл әскер отрядына керекті ақша-қаражат, қару-жарак және әскер киімін алды. Қызыл отряд қатарына тіленіп жазылушылардың саны 500-ден асты. «Патшаға қарсы 1916 жылғы көтерілісте қаруымыз — деді Аманкелді — шиті мылтық, айбалта, найза болса, енді совет өкіметі берген қарумен орыс халқының ағалық көмегіне сүйене отырып, ақбандыларды талқандаймыз, жауыз алашордашыларды күртып, бақытты өмір сүретін боламыз».

Совет өкіметінің жауларына қарсы күресте жаңа тұрпатты, талантты командирлер шықты. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің жетекшісі және Торғай облысында совет өкіметін орнатуға белсене қатысқан Аманкелді Иманов осындай командирдің бірі еді.

1919 жылдың басында Қызыл Армия бөлімдері Орынборды, артынша Торғай және Орал облыстарының бірнеше уезі мен ауданын азат етті. Бұл жағдаймен байланысты Байтұрсынов, Дулатов бастаған Торғай алашордашылары 1919 жылы мартта «біз Совет үкіметін танимыз» деп соғыс комиссары Аманкелді Имановқа өздерінің өкілін жіберді және отрядтарын қалаға кіргізуге келісім сұрады. Аманкелді бұлардың зұлымдық әрекетіне сенбеді. Сондықтан ол бұл жағдайды сол кезде Ташкентте болған дала (казак) өлкесінің төтенше комиссары Ә. Жанкелдинге хабарлап, телеграмма жіберді. Ал Торғай облысының соғыс комиссары Н. Токарев алашордашылардың кенеттен «Совет үкіметін танимыз» деуін Москваға хабарлап, олар жөнінде қандай саясат қолдануды сұрады.

Бұл кезде Шалқар төңірегіне орналасқан Қызыл Армия бөлімдері шабуылға күш жинап жатқан болатын. Аманкелді Иманов оларға күш қосуды ойлады, елге уәкіл шығарып, азық-түлік және көлік жинады.

Оның үстіне Ә. Жанкелдиннен 16 апрель күні Ақтөбе майданына күш қосуға Торғайдан отряд жіберілсін деген телеграмма келген еді. Сол себепті Аманкелді 17 апрель күні екі отрядтың (қызыл әскер және алаштар) соғыс советін шақырды. Онда Ақтөбе майданындағы әскерлерге көмекке отряд жіберу мәселесі талқыланды. Совет өкіметінің қас дұшпаны Дулатов отряд арасынан наразылық туғызуды көздеп, қамқорсығансып, майдандағы қиыншылықтарды айтқан болды. Қызылдарға көмек көрсетеміз деп тәжірибесі аз казак отрядын бекерге қырғынға ұшыратуға болмайды-мыс деп көлгірсіді. Аманкелді Иманов Дулатовтың екіжүзді, зымыяндық әрекетіне қатты ызаланып: «Сен екіжүзді азын, қорқақсың. Мен қызыл отрядпен майданға өзім аттанамын. Большевиктер жеңілсе біздің жеңілгеніміз емес пе? Казак халқының болашақ тағдыры большевиктердің жеңісімен байланысты. Сондықтан біз барлық күшімізді жұмсап, қызылдарға көмек көрсетуге міндеттіміз!» деп Дулатовтың арампейіл ниетін өлтіре әшкереледі.

Бірақ Колчак «үкіметінен» нұсқау алып отырған екіжүзді, зұлымдар қайткенде Аманкелдіні мерт қылуды көздеді. Қызылжыңғыл және

Қайдауыл болыстарында бай-феодалдар бүлік шығарды. Сол бүлікті басуға Аманкелді екі сенімді командирін бастатып, бір топ отряд аттандырды.

Міне, осы жағдайды және жорыққа аттанумен байланысты қалған отрядқа екі күндік демалыс берілгенін пайдаланып, алашордашылар қалада контрреволюциялық төңкеріс жасады. Халық жауы, шетел империалистерінің жалдамалы агенті Дулатов, Алмасов және соғыс комиссариатында да қызмет істеп келген Токтабаев батыр большевикті 1919 жылы 19 апрель күні қасындағы бірнеше сарбазымен қапылыста ұстап түрмеге қамады.

Мұның артынша Торғайда контрреволюциялық төңкеріс болғанын білмей, Аманкелді отрядына қосылып, Ақтөбе майданына жорыққа аттанбақ болып келген Л. Таран бастаған Қостанай партизандары алданып тағы қолға түсті. Алашордашылар Л. Таранды бірнеше серігімен тұтқынға алып, отрядты күзетшімен Атбасарға жөнелтті. Алашордашылар қалада контрреволюциялық тәртіп орнатты, елге отряд шығарып, советтерді жақтаған бейбіт халықты жазалады, мал-мүлкін тонады. Жігерлі басшысынан айрылған совет қызметкерлері қаладан кетіп, бой тасалауға мәжбүр болды.

1919 жылы май айының ішінде Қостанайдан Шалқарға бет алып шыққан бірнеше партизан отрядын бой тасалап жүрген Торғай большевиктері: Қ. Қойдосов, А. Токарев және басқалары қарсы алып, қалаға бастап әкелді. Қала төңірегінде үлкен атыс болды. Алашордашылар партизандарға төтеп бере алмай, түнделетіп қаланы тастап шықты. Қаланы тастап шығар алдында қанішер жауыздар большевиктік партияның адал ұлы, халқымыздың сүйікті батыры Аманкелді Имановты, оның революционер досы Л. Таранды және бірнеше совет қызметкерін атып кетті.

Аманкелді Иманов большевиктік партияның ұлы ісі жеңетініне толық сенді. Сондықтан ол өзінің ақырғы сөзінде: «Мен большевикпін. Өлім маған қорқыныш емес. Мен жеке адамдарға қарсы күрескенім жоқ, байлардың үстемдігіне, еңбекшілер бұқарасын езіп, қанаушыларға қарсы күрестім. Совет өкіметі жеңеді. Совет өкіметі, большевиктік партия сен жауыздарды аяусыз жазаға тартатынына мен толық сенемін» деген.

Аманкелді Имановты Жамбыл былай жырлаған еді:

«Ардагер Аманкелді ердің ері,
Кең өріс, жалпақ дала туған жері.
Елі мен мекенінің туын ұстап,
Қол бастап қан майданда аққан тері.
Ленинді жаны сүйіп, соңына ерген.
Жауына ажал оғын атқан мерген.
Шешеден ел қамқоры ұл боп туып,
Ер болып майданда да ұл боп өлген».

Советтік Қазақстанның 40 жылдық тойында қазақ халқы өзінің сүйікті ұлы, ардагер батыры большевик Аманкелдіні мақтанышпен ардақтап еске түсіреді. Оның тамаша өмірі мен ерлік күресі — Советтік Отанды, Коммунистік партияны шексіз сүйуде, елімізде коммунистік қоғам орнатуда жарқын үлгі-өнеге.

Өнегелі металлург

...Қорыту цехы. Дүрілдеген машина-жабдықтар; зәулім пеш, жалын атқан от; киіз қалпақты, темір сүйменді адамдар. Жер-әлем дүрілдеп, тітіреп тұрғандай. Кей сәт пештің көмейінен көк жалын бұрк-бұрк шығады...

Аймұқанға мұның бәрі қызық, бәрі жаңалық, бәрі жұмбақ. Шығыстың сонау Ұлан ауданындағы колхозды ауылда туып өскен қара шаруа қазақ баласының металлург болам деген үш ұйықтаса түсіне кіріп пе екен! Трактор, егіс, мал... оның әзірге білері осы ғана. Әншейінде таудай көрінетін комбайн мына алып жабдықтардың қасында баланың ойыншығындай. Бұлардың тілін білу қандай ғанибет! Заводқа келгенде (бұл 1945-ші жыл еді) Аймұқанды осындай соны мамандық қуанышы, еңбек қуанышы билеп әкетті. «Октябрь танын атырып, совет өкіметін орнатқан жұмысшы табы дегенді бұрын оқулықтан, газет, журналдан білуші едік. Міне, енді соның өзі болдық» деген сезім биледі оны.

Мастер Петр Павлович Карташов Аймұқанды қуана қарсы алды.

— Кәзіргі жайды айтпаса да білесің, жігітім. Ер-азамат түгел майданда жүр. Мына қыз-қырқын, келіншектерге бас-көз бол. Бүгіннен бастап пешке шихта салу, металл қорыту жұмысын атқарасың. Мына қарсы алдында тұрған келіншектің бригадасында боласың. Өздерің таныса жатарсыңдар, — деді де, жайына кетті. Қарап кетпей, сөздің бір ұшын ұстатып кетті...

Содан табаны күректей алты жыл өтті. Аймұқан іскер металлург болып алды. Бірақ оған шеберлік бірден келген жоқ. Талай-талай кедергі-бөгеттен іздене, үйрене жүріп өтті. «Талаптыға нұр жауар» дегендей білмегенін сұрап, көрмегенін іздеп жүріп тапты. Аузынан шыққанын қағып алып, көрсеткенін бұлжытпай қайталайтын шәкірт баланың ширақ қимылына сергек ұстазы әрдайым разы болып жүретін-ді. Шәкіртінің жұмысын жіті қадағалап жүретін ол бара-бара келуді сирексітті. Ең жауапты деген жұмыстың өзін сеніп тапсыратын болды. Шәкірт бала енді пешке тиісті мөлшерде шихта салып, оның жану барысын өзі қадағалауға машықтанды. Оның қорытқан мысы әрі мол, әрі сапалы шығып жүрді. Құрмет тақтасына ілінді. Сан рет сыйлық алды. Енді ол өз тәжірибесін басқаларға үйрете бастады.

Үйде де, түзде де үстінен көк «спецовкасы» бір түспейтін орта бойлы, бүйрек бет, бидай өнді жігітке жолдас-жоралары кейде таңырқай қарайтын. Оның отты қара көздері қашан да күлімдеп тұратын. «Үйі жоқ, күйі жоқ, налымайтын неткен жан», «жұмысқа көнбіс-ақ өзі» дейтін жұрт. Тоғыз жасында әкесінен айрылып, маңғаз шеше — Бәтиманын тәрбиесінде өскен Аймұқан әкесіз балаға ұқсамайтын. «Әкемді алсаң, ал құдай, шешемді алма, шекпен тоқып берсе де өлмеспін» дейтін баяғы кәріп заман емес, колхозды ауылда өсті ол. Жас та болса, шешесімен ілесе жүріп еңбек етті. Колхозды әке орнына санады.

Ісіне берік, талапкер жігітке таңырқай қарағанда, жолдас-жоралары осы жайларды бір сәт еске алатын.

Аймұқан тағы бір белестен өтті. Үй болып, түтін түтетті. Заводтағы моторшы қыз Ғайнимен отау тікті. Жолдас-жора, дос-жарандары екі жастың жарасты қуанышын бірге бөлісіп, бірге тойлады.

1949 жыл Аймұқан үшін ең бір ұмытылмас жыл болды. Ол өзі арман еткен асыл мұратына жетті. Сүйікті Коммунист партиясына мүше болып кірді.

...1951 жыл. Өскемен қаласында жаңа салынған қорғасын зауытына жұмысшылар келіп жатыр. Қазақстанның, басқа да республикалардың өнеркәсіп орындарынан маман жұмысшылар, инженерлер шақыртылды. Солармен бірге Аймұқан Ахметжанов та Өскеменге келді.

Жаңа орын, жаңа адамдар. Металлургия жайын көрген де бар, көрмеген де бар. Соны іс тетігіне сақадай сай кісілер түгел қайдан табыла қойсын. Мамандығы жоқ бір топ жұмысшы Шымкент, Лениногор, Ертіс заводтары металлургтерінен үйреніп келіп жатыр. Енді бір тобы өз ішінен тәжірибелі металлургтердің айтқанына, көрсеткеніне қанағат. Аймұқан — осындай үйретуші маманның бірі.

Корыту цехының колошник алаңы. Алан іші түрлі аспаптар мен қондырғыларға толы. Как ортада шахталы екі пеш. Табанда таспадай тартылып тар қатарлы темір жол жатыр. Төбе төлған бункер. Олардың бірінде агломерат, екіншісінде кокс, үшіншісінде шлак, төртіншісінде флюс. Осының бәрі қосыла келе металлургияда шихта деп аталады.

Аланның сонау түкпірінен таразылы вагон көрінді. Вагон көп бункердің бірінен агломерат, екіншісінен кокс салып алды да пеш жаңына келіп тоқтады. Аймұқан бүйірдегі темір бағананың орта шеніне орнатылған қызыл-жасыл нүктенің бірін қолмен басып қалды. Сол кезде пештің бауырындағы шихта салатын қақпақты терезелер сөгіле ашылды. Вагоншы шихтаны пеш көмейінің өңбойына шапшаң сыдыра төгіп кетті. Түйіртпек-түйіртпек қара қошқыл шихта тұтасып, бытыр-бытыр жаңып жатыр. Аймұқан пеш көмейінде темір көсеуін әлсін-әлі сүңгітіп өтіп, оттын көзін бастырып қояды. Оның қимылына көз ілеспейді. Минут та, секунда та санаулы.

Өзінің ұстазы, жасы үлкен аға Петр Павлович Карташовтан Аймұқан минут емес, секунд санап үйреніп еді. «Металлургке минутты айтпа, секунд қымбат» дейтін оған ұстазы. Міне, енді Аймұқан жас тиеуші-корытушыларға секунд санатып тұр...

Бір күні қорғасын зауыты партия ұйымының секретары Григорий Иванович Суворов Аймұқанды шақырып алды да партия бюросының шешімін айтты. Партия бюросы оны басқа бригадаларға барып, өз тәжірибесін ортаға салуды ұсынған екен. Ол ұсынысты құп алды.

Аймұқан бүгін цехқа ертерек келді. Ондағы ойы басқа тиеуші-корытушылар бригадасы сменаны қабылдап алар шақта өзінің көрген-білгенін ортаға салу еді.

Міне ол мастермен, бригада мүшелерімен қоса сменаны қабылдап алып жүр. Аға тиеуші-корытушының ұмыт қалдырған мәселелерін оқта-текте еске салып қояды. Кейде өзі де араласып кетеді. Әсіресе жұмыстың басталған шағынан аяқталған шағына дейінгі жайды: газ температурасы, пешке берілген оттегі, бригаданың жұмыс нәтижесі, бүкіл смена кезінде және сағат бойынша қай колошка қанша шихта салынғаны туралы тәптіштеп, қазбалай сұрайды. Пешке шихтаның қалай төгілгенін, пеш ернеуіне қанша түрді ма жоқ па, соны тексереді. Бункердегі шихтаның сапасы мен мөлшері де, таразылы вагонның, дискілі ұсатқыштың жайы да, колошник алаңының тазалығы да оның жіті көзімен тыс қалған жоқ.

Жұмыс басталып кетті. Пешке шихта тиеліп жатыр. Алып пеш жаппа-жұқтап жұтып барады. Шыдатар емес, жетер емес. Әсіресе пеш көмейінің оң қанаты мазаны алып тұр. Әбжыланның аузындай қазан шұңқырдан от-жалын әлсін-әлі атқылайды, бүрк-бүрк газ шығады.

Тиеуші-қорытушылар темір сүйменді қаншама жүгірткенімен болар емес. Температура әдеттегіден көтеріліп кеткен. Өлшеуіш аспап 300—350 С градусты көрсетіп тұр. Қорыту ережесі бұзыла бастаған.

Тез шихта әкеліндер! — деп бұйырды Аймұқан. — Ірі болсын!

Ол пеш жаңындағы темір бағанада ілулі тұрған резина шлангамен оң жақ қанатқа су себе бастады. Пеш қызуы аздап төмен түсті. Осы кезде келіп үлгерген вагоншыға:

— Оңнан солға қарай төк! Біркелкі төк! — деп дауыстады. Дауысы қаттырақ шықты.

Үш тиеуші-қорытушы темір көсеумен шихтаны араластыра қосытып, оттың көзін жапты...

Шалқая керіліп, бел жазып бет орамалмен маңдай терін сүртіп тұрған Аймұқанға серіктестері сүйсіне де, қысыла да қарайды. «Келмей жатып, жолдасымызды әбігер қылдық-ау» деп өкінеді олар. Өздеріне көмекке келген Аймұқан бірден-ақ жұмысқа кірісіп кетеді деп ойламаған-ды.

— Смена аяқталып келеді жігіттер, — деді Аймұқан, — бүгінгі күннің қорытындысын шығарайық. Қарқын жаман емес. Бірақ, а дегенде-ақ кемшілік болды. Вагоншы баяу қимылдайды екен. Біздің бригада агломератты дискілі ұсатқышта алдын ала елеп, таразылы вагонмен өлшеп алуға 2,2 минут, коксты өлшеп әкелуге — 0,11 минут жұмсайды. Ал сіздер уақытты өткізіп алдыңыздар. Бұл бір. Екіншіден, шихтаны пешке лак еткізе салмай, оның өнбойына бірде оңнан солға, бірде солдан оңға қарай біркелкі төгу керек. Сонда шихтаның майдасы ірісімен араласады да, тұтаса біркалыппен үдей жанады. Температура да шамадан тыс көтерілмейді. Өнім де ысырап болмайды.

Аймұқан Ахметжанов екі ай бойы бригададан бригадаға барып, өз білгенін осылайша ортаға салды.

...Москваның сұрыптау станциясында коммунистік еңбек бригадасы құрылды. Бригада «бір кісі бәріміз үшін, бәріміз бір кісі үшін!» деген коммунистік ұранды ту қылып көтерді... — деп радио, міне, хабарды таратып жатыр. Бұл хабар әркімге-ақ ой салды. Ойланып, толғана келе Аймұқан «біздің неміз кем, біз де коммунизм мұраты үшін еңбек ете аламыз» деген қорытындыға келеді. Ол ойын дереу завод партия ұйымының секретарына барып айтты.

— Мынауың жақсы тілек. Қолдаймыз. Бірақ Сіз бен біз кешігіңкіреп келдік. Комбинатта алдымен Сокирник жолдастың сменасы осындай атакқа ие болу правосына ілікті. Келесі кезек Сіздікі. Бұған күмән жоқ. Ал Сіздің бригаданың шама-шарқы қалай? — деді де секретарь Аймұқанға қарады.

— Біздің бригаданың бір ғана кемшілігі бар. Оқып, білім толықтыра алмай келеміз. Меніңше, басқа жағы сай.

— Келесі аптада завод жаңынан кешкі мектеп ашылады. Екінші мамандықты үйрететін үйірме болады. Қай тандағанына барыңыздар. Сонда тек сіздер емес, бірнеше бригада — Битаров жолдас басқаратын бүкіл смена коммунистік еңбек сменасы атағын алу күресіне қосылады.

...Талаптыға нұр жауар деген. Міне, Аймұқан еңбектес жолдастарымен көрсеткіш тақта жаңында тұр. Смена көрсеткіші 110—115 процент. Қорытпа сапасы — жоғары. Міне ол Мәдениет сарайында дос-жарандарымен жайрандай амандасады; мектепте кітапты шұқшия оқысады; парктен музыканы бірге тындасады... Жұбын жазбайды, ажырамайды. Бір жеңнен қол, бір ауыздан сөз.

Ол аяндап келіп, комбинат ауласындағы үлкен де әсем Күрмет тактасына көз тігеді. Одан «Битаров бастаған Коммунистік еңбек сменасы», «Ахметжанов басқаратын Коммунистік еңбек бригадасы» деген жазуды

оқиды. Оқиды да: «бір кісі бәріміз үшін, бәріміз бір кісі үшін!» — деп қайталайды.

...1959 жылғы июнь. Metallургтер сарайы халыққа лық толы. Бұлар жарты жылдық жоспардың орындалу қорытындысын шығарып, тәжірибе алмасу үшін жиналған. Еңбекте оза шығып, жүлде алған өрендер кезек-кезек сөйлеп жатыр.

— Біздің коммунистік бригада, — деді сөз кезегін алған Аймұқан, — алған міндеттемесін әрдайым асыра орындап келеді. Екінші жарты жылдықта да сертінде тұрады. Қазір ол қандай тапсырманы болса да орындай алатын дәрежеге жетті. Сондықтан мені ең артта қалған бригадаға жіберуіңізді сұраймын.

Жиналыстан оралған Аймұқанды үй-іші қуана қарсы алды. — Папа, папа, — деді еркелеп, кішкентай Құдайберген, — маған Әліппе сатып әкелдің бе, Әліппе?

— Әкелдім, айналайын, әкелдім. Портфелін де даяр.

Әліппеге, Құдайбергенмен бірге, жары Ғайни да балаша қуанды. Ана мейірімінде, махаббатында шек жоқ.

Үй іші тып-тыныш. Тек төргі бөлмеден маужырап ұйықтап жатқан ұлының дыбысы естіледі. Анау бұрышта дөңгелек сары тілді үлкен қабырға сағат уақытты қызғанғандай «так-түк, так-түк» етіп тыным табар емес. Күнде бұл уақытта сайрап тұратын «Люкс те» үнсіз. Бөлменін қак ортасындағы шашақты әсем жапқышы бар дөңгелек столда Аймұқан отыр. Қолында кітап. Электр шамы үйге мейірлене нұр сеуіп тұрғандай. Қолына ұстағаны болмаса мардытып оқып та отырған жоқ. Төргі бұрыштағы бұдыр шынылы кітап шкафына тесіле қарап қалыпты. Бір түрлі тынышсызданып отыр. Үш басқа аңғарадай көрінетін тап-тұйнақтай төрт бөлме бүгін тарылып, ысып кеткен сықылды. «Қаланың дүйім жұртшылығы алдында уәде бердім. Сау басыма сақина тілеп алған жоқпын ба, қалай? Білімім болса аз. Жеті-ақ класс. Қандай бригадаға, қандай кісілерге тап болар екем? Қай бригадаға барсам екен? Нартауекел, ең артта қалған бригадаға, Вишневецкийдің бригадасына барам. Он бес жыл металлург болып босқа жүрген жоқпын ғой! Байламым осы!» Аймұқан ойын осылай түйді.

Сонау төргі бөлмеде, кішкентай Құдайбергеннің жанында Ғайни істігіп отыр. Ерінің жиналыстан көңілді келгенімен, ойында бір күдік барын бағана сезгенді. Өзі де бір сәт ойға шомып кетеді. «Өзім болсам көп оқи алмай қалдым. Екі бірдей заводта істедім. Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының өзінде ғана жеті жыл ұдайы моторшы болдым. Тамақ тоқ, киім бүтін. Үй мынау, жай мынау. Разымын. Өкіметке рахмет! Енді мына құлыным мен Аймұқан оқып алса жарар». Ғайни осындай ойда отырғанда үстіне Аймұқан келді.

— Ғайни! — деді жұлып алғандай Аймұқан. — Мен Гаганованың жолын қуып, Вишневецкийдің орнына баратын болдым.

— Цех басшыларымен келістің бе, әлде бұл өз ойың ба?

— Ертең барып келісемін. Тек осы бригаданы сұраймын.

Ғайни ерінің әбден бекініп алғанын сезіп тұр. «Қиын соқпас па екен?» деп ойына қобалжу салу бұл арада пайдасыз. Қайта көңілін көтеріп қояйын деген оймен:

— Е, несі бар! Бар. Алға шығар! — деп қалды.

— Ал өзін оқуға қашан түсесің?

— Metallургтердің көпшілігі-ақ сырттан оқып жүр. Мына бригаданы коммунистік бригаданың қатарына қосқанда бәріміз де оқимыз. Мен де Құдайбергеннен қалып қоймаспын!

Ерлі-зайыптылардың көңілі орнына түсіп, жадырап сала берді.

Цех басшылары Аймұқанды көңілді қарсы алды.

— Кәне, шаруанды айт, Николай, — деді цех бастығы Варламов (жолдас-жоралары Аймұқанды осылай атайды). Неге келгеніңді сезіп

отырмыз. Сырынды кешегі жиналыста айтып қойғансың. Білеміз, білеміз.

— Әрі ойлап, бері ойлап Вишневецкийдің бригадасына тоқталдым. Барсам тек осы бригадаға барамын. Байламым осы.

— Өте жақсы Николай, өте жақсы. Біз де сол Вишневецкийдің орнын лайықтап отыр едік саған. Солай емес пе Карапетян жолдас?

Варламов технологқа карады. Бағанадан үндемей отырған Карапетян да сөзге араласты.

— Дұрыс айтасыз, Владимир Александрович, сол бригада бір көтерілмей-ақ қойды. Онда еңбек тәртібі нашар. Осыған көңіл бөлгейсін, Николай. Басқасын өзін білесін ғой.

Аймұқан жұмыс орнына келді. Бұл кезде Вишневецкийдің бригадасы жұмыс істеп жатыр еді. Олардың қайтуына әлі бірер сағат бар.

— Сәлеметсіздер ме, жігіттер!

— Есенсіз бе, Ахметжанов жолдас!

Олар Аймұқанды бірден таныды. Әсіресе Вишневецкий жадырап, көңілді амандасты. Ол өзінің еңбектес жолдастарына Аймұқанның ауысу мәнін түсіндірді, осы бригадада қалатынын айтты. Тілектестігін білдірді.

Бұл кезде жұмыс жайы нашар еді. Пеш қабырғасына қақ тұрып қалған. Қанша соққыласа да темір сүйменге уатылар емес. Жану көзі тарылып кеткен. Қызу жеткіліксіз. Шихтаның басы бірігер емес. Агломерат па, әлде кокс па, әйтеуір біреуі шала жанып жатқан сықылды. Аймұқан шыдап тұра алмады да сыбанып кірісіп кетті. Олар көмейін қайта-қайта кеңітеді. Бірақ қара күшке бой берер емес. Ыстық жалын апшыны қуырып барады.

Бірте-бірте іс оңала бастады. Олар сонда ғана сәл тыныс алды. Өз міндетіне селсоқ, жауапсыз қараудың неге әкеп соққанын бригада мүшелері тап кәзір қатты сезіп тұрғандай. Әсіресе бұрынғы аға тнеуші-қорытушы Вишневецкий қысылып тұр.

— Мен келгенде жайбарақат тұр едіңіздер. Жанағы әуре-сарсаң соның кесірі. Сәл кешіккенде бәрі бүлінетін еді. Бұл бізге сабақ болсын, — деп қорытты сөзін Аймұқан, жігіттерді көзімен бір шолып өтіп.

1959 жылғы 30-сентябрь. Бұл күні ол басқарған бригада бір айлық жоспарды 114 процент орындап, озат бригадаларға теңелді. Содан бері бригада қарқынын үдетпесе, бәсеңдеткен емес. Содан бері «тнеуші-қорытушы Василий Казаков екі сағат бойы ұйықтап қалды», «Шафкат Фаизов — жұмысқа қырсыз» деген сөз бірде-бір рет қайталанған емес. Бұл күндері көп тиражды «Металлург» газеті, «Молния»: «Коммунистік еңбек бригадасы атағын алу жолында күресуші Аймұқан Ахметжанов жолдас басқаратын бригададан үлгі алыңыздар!» деп жазды.

...Москва. Кремль сарайы. Залда әр өлкенің саңлақтары — коммунизм өрендері бас қосқан. Баршасының жүзінде қуаныш оты ойнайды, Отанға, Партияға деген мақтанш сезімі байқалады. Баршасы төрге — данышпан көсем Владимир Ильич Лениннің тұлғасына, Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Президиум мүшелеріне — партия мен үкімет басшыларына көз тігеді. Құшырлана қол соғады. Сол өрендердің арасында Өскемен тұлғегі Аймұқан Ахметжанов та отыр. Оның қуанышында шек жоқ. Қуанады да, көппен бірге қол соғады, көппен бірге төрге көз тігеді. Қуанбай ше! Омырауда алтын жұлдыз, Ленин ордені. Айнала, төнірек озат өрендер, болашақтың, коммунизмнің өрендері. Отан үшін, халық үшін еңбек етіп, ер атанудан артық бақыт бар ма!? Үлкен ұстаз Никита Сергеевич Хрущевтің парасатты сөзін тындап, атақты шахтер Николай Мамаймен, Валентина Гагановамен дидаласып, пікір алысу қандай тамаша!

Бізде ер қуанышына елі ортақ. Елі ерін мият тұтса, ері одан қуат алады, жігеріне жігер қосады. Қуаныш үстінде өз өрендеріне жұртының

тілер игі тілегі әрқашан даяр. Мына бір-екі ауыз қарапайым сөзде осы өмір шындығының лебі жатқан жоқ па!

«Москва, Коммунистік еңбек екіпінділерінің Бүкілодақтық кеңесі,
Ленин атындағы қорғасын-мырыш комбинатының металлургі
Николай Ахметжановқа.

Саған Социалистік Еңбек Ері деген жоғары атақ берілгенін В. И. Ленин атындағы комбинаттың металлургтері қуанышпен естіп білді. Коммунистік еңбек екіпінділерінің кеңесінде Н. С. Хрущевтің сөйлеген сөзін тыңдай отырып, Совет үкіметінің дана саясатын толық қолдаймыз. Совет мемлекетінің бұдан да қуатты болуы үшін еліміздің халық шаруашылығы қажетіне металды бұрынғыдан да көп береміз. Сені жоғары наградамен қызу құттықтаймыз, аман-есен оралуыңды күтеміз.

Комбинат коллективі атынан

Қорыту цехының тиеуші-қорытушылар бригадасы».

Аймұқан Москвадан жаңа әсер, жігер-қайрат алып қайтты. Пеш шүмегін ағытып, қорғасынды судай тасытты. Қазір оның асқар шыңға ұшар шағы. Жетіжылдықтың қырқасына шығар қуат бар бойында. Өрлей бер, Алтай санлағы!

К. ӘЛИАСҚАРОВ.

В. И. Ленин атындағы Өскемен
қорғасын-мырыш комбинаты.

КПСС Орталық Комитетінде

Мәдениет университеттерінің жұмысы туралы

Жуырда КПСС Орталық Комитеті «Мәдениет университеттерінің жұмысы туралы» қаулы қабылдады.

Қазіргі жағдайда, делінген бұл қаулыда, жаңа адам даярлау басты практикалық міндеттердің бірі болып отырғанда, миллиондаған совет адамдары коммунизмдегіше еңбек етіп, коммунизмдегіше өмір сүруге дағдыланып жатқанда халық инициативасы еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің жаңа формаларын күн сайын туғызып келеді. Соңғы кезде халықтық мәдениет университеттері кеңінен тарап, партияның идеологиялық жұмыс жүйесінде маңызды орын алып отыр, оларға бір миллионнан аса адам қатысады. Мәдениет университеттерінің кең жүйесінің құрылуы жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенцияның білімге кенеліп, ғылым, техника, әдебиет пен өнер жетістіктерін меңгеруіне, партияның саясатын, еліміздің Ішкі және халықаралық тіршілігін терең ұғынуына үнемі құлшынып отырғанын дәлелдейді.

Мәдениет университеттері жинақтаған тәжірибе университеттердің еңбекшілерге идеялық, эстетикалық тәрбие беруде, олардың өндірістік және қоғамдық белсенділігін арттыруда, саяси, мәдени ой-өрісін кеңейтуде ықпалды форма болып отырғанын көрсетеді. Тақырыптың актуальдылығы, халықтың рухани тілектерін жанжақты есепке алу, жалпы көпшілікке түсінікті, көрнекі, ұғымды болу, әдебиет пен өнердің таңдаулы шығармаларының идеялық және сезім дүниесіне әсерін орынды пайдалану көптеген университеттердің коммунистік идеологияны жаппай насихаттаудың маңызды құралына айналуына мүмкіндік туғызды. Университеттердің жұмысы, әдетте, қоғамдық негізде жүргізіледі. Интеллигенцияның қалың тобы, оның ішінде ғалымдар, әдебиет пен өнер қайраткерлері, халық шаруашылығының мамандары өз білімдерін еңбекшілерге бас тартпай, шын пейілмен беріп, совет халқының рухани өмірін байытуға үлкен ықпал білдіруде.

Сонымен бірге КПСС Орталық Комитеті кейбір халықтық мәдениет университеттерінің жұмысында ірі кемшілік бар екенін атап көрсетті. Оның ішінде елеулі кемшілік — бірыңғай мәдениет мәселелерінің, ойын-сауықтың қызығына түсіп кетіп, маркстік-лениндік идеялық тәрбиеге нұқсан келтіру. Кейде әдебиет пен өнер шығармалары дүниеге коммунистік көзқарасты қалыптастыру, тыңдаушыларды коллектившілдік пен еңбек сүйгіштік, советтік патриотизм мен социалистік интернационализм рухында тәрбиелеу міндеттеріне байланыстырылмай оқытылады. Жеке мәдениет университеттерінде партияның теориясы мен саясатының өзекті мәселелерін терең түсіндіруге, совет ғылымы мен техникасының жетістіктерін, өнеркәсіп пен ауылшаруашылық өндірісінің озық тәжірибесін насихаттауға тиісінше көңіл бөлінбейді.

Кейбір мәдениет университеттерінің жұмысына жалаң ағартушылық, үстірт көзқарас едәуір залалын тигізіп жүр. Кей ретте олардың программалары атам заманғы тақырыптар көлемінде қалып, халық өмірімен, коммунистік құрылыстың және жаңа адам тәрбиелеудің шұғыл міндеттерімен ойдағыдай ұштастырылмайды, елеусіз әрі кездейсоқ тақырыптар көп. Программаларда еңбекшілердің санқилы рухани талап-тілектері ескірілмейді.

Көптеген мәдениет университеттерінің жұмысы жоғары оқу орындарының ең ақыр аяғы сынақтар мен емтихандар өткізуге дейінгі ұйымдастыру формаларын қалай болса солай қолданғандықтан өз-өзінен әдейі қиындай түскен, жұртты өзінен аулақтатқан. Университет тыңдаушылары оқу жоспарлары мен программаларын жасауға қатыстырылмайды, семинар сабақтары мен тақырыптарды ашық талқылау сирек өткізіледі. Университеттерге адам қабылдауға шек қойылмау принципін бұзу фактілері бар, кейде университеттерге тек орта және жоғары білімі барлар ғана қабылданып жүр, тыңдаушылар құрамын оқу барысында толықтыру және бір факультеттен екінші факультетке ауыстыру ісі қиындап кеткен. Мәдениет университеттеріне жұмысшылар мен колхозшылар жеткіліксіз тартылады, тыңдаушылардың едәуір бөлігі оқуды тастап кетеді, көп жағдайда сабаққа қатысу төмен. Лекциялар мен басқа да шараларға ақы төлеу үшін көбіне мемлекет және кәсіподақ ұйымдарының орасан мол қаржысы жұмсалып жүр.

КПСС Орталық Комитеті көптеген партия комитеттері мәдениет университеттері жұмысының мазмұны және ұйымдастырылу жайымен нашар шұғылданады, елеулі идея-

лық кемшіліктерге және олардың қызметіндегі қоғамдық негіздің бұзылуына төзіп келеді, интеллигенцияның таңдаулы, үздік маман күштерін тартуға жеткілікті түрде қамқорлық жасамайды деп санайды.

КПСС Орталық Комитеті бұқара арасында маркстік-лениндік идеологияны таратудың, еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің, жаңа адам даярлаудың маңызды құралы ретінде халықтық мәдениет университеттерін құру жөніндегі инициативаны мақұлдады.

Мәдениет университеттерінің басты міндеті, делінген КПСС Орталық Комитетінің қаулысында, халықтың қалың бұқарасының коммунистік саналылығын арттыруға, оларға идеялық-эстетикалық тәрбие беруге, ғылымның, техниканың, озат тәжірибенің ең жаңа жетістіктерін насихаттауға көмектесу. Әртүрлі типтегі мәдениет университеттері әрбір совет адамына идеялық ықпал жасауда партияға әрдайым көмектесуге, тыңдаушылардың өз бетінше білім алуға ынтасын арттыруға, алған білімдерін өмірде жақсылап қолдануына көмектесуге борышты.

КПСС Орталық Комитеті одақтас республикалар компартиялары Орталық Комитеттерін, өлкелік, облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттерін халық университеттеріне үнемі басшылық етуге, олардың қызмет мазмұнын белгілеп, үздіксіз бақылауға, программалар жасауға және маман лекторлар іріктеуге қамқорлық көрсетуге, мәдениет органдарының, Бүкілодақтық саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының, кәсіподақтардың, комсомол мен творчестволық одақтардың қызметін мәдениет университеттерінің жұмысын жақсартуға әрдайым бағыттап отыруға міндеттеді.

Мәдениет университеттеріне методикалық жәрдем көрсету мақсатында партия комитеттерінің басшылығымен республикаларда, өлкелерде, облыстарда, қалаларда мәдениет органдарының, Бүкілодақтық саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамы бөлімшелерінің, кәсіподақтардың, комсомол мен творчестволық одақтардың өкілдерінен қоғамдық советтер құру орынды деп табылды.

Партия комитеттеріне халық университеттерінің тәжірибесін терең зерттеп, әрдайым қорытып отыру, өздерінің мәжілістерінде оқыту мен сабақтардың мазмұны мәселелерін талқылап отыру, лекторлардың семинарларын ұдайы өткізіп отыру жүктелді. Университеттердің жұмысын қоғамдық негізде құру керек, тыңдаушылардың ықылас-ынтасын барынша дамыту керек.

Мәдениет университеттерінің оқу программаларын университет бағытына, жергілікті жағдайларға, тыңдаушылардың жалпы біліміне, жасына, кәсібіне және ұлттық құрамына, олардың талаптары мен тілектеріне сәйкес, жанжақты ойластыра жасау қажет; оқу жоспарлары мен программаларын тыңдаушылар жиналыстары мен университет советтерінде талқылау керек, ғылым мен мәдениеттің жеке мәселелерінен лекциялар ұйымдастырып отыру керек.

КПСС Орталық Комитеті халық университеттері мемлекеттік жоғары оқу орындары мен партия оқуы жүйесінің жұмысын қайталамайтын болсын, олардың оқу жоспарларын, программаларын, лекцияларын тағы басқаларын қалай болса солай қолданбайтын болсын деп көрсетті. Мәдениет университеттерінде семинарлар, айтыстар, ашық әңгімелесулер; музейлерге, планетарийлерге, озат кәсіпорындарға, колхоздар мен совхоздарға экскурсия жасау; көрнекті ғалымдармен, әдебиет, өнер қайраткерлерімен өндіріс озаттарымен кездесу; көрмелерге, спектакльдерге, концерттерге, кинофильмдерге ұйымдасып бару; оқушылар мен көрушілер конференциялары сияқты білім насихаттаудың әсерлі әдістерін пайдалану ұсынылды.

Әртүрлі типтегі халық университеттерінің үлгі оқу жоспарлары мен программаларын жасау, олардың тыңдаушылары мен оқытушыларына арнап әртүрлі оқу, методика құралдарын жасау үшін Бүкілодақтық саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамы басқармасының жанынан ғылыми-методикалық совет құру қажет деп табылды.

Партия ұйымдарына, СССР және одақтас республикалар мәдениет министрліктеріне, Бүкілодақтық саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамына, кәсіподақ және комсомол органдарына жаңадан мәдениет университеттерін құруды мұқият ойластыру, оларды маман оқытушылар тартуға мүмкіндік бар және сабақ өткізу үшін қажетті материалдық база бар жерлерде ғана құру тапсырылды. Халық университеттеріне жұмысшыларды, колхозшыларды, қызметшілерді, олардың семья мүшелерін, жастарды батыл да кең тарту керек.

КПСС Орталық Комитеті СССР Мәдениет министрлігін мемлекеттік мәдени-ағарту мекемелерінің жанынан құрылған халық университеттеріне, ал кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советін кәсіподақ клубтары мен Мәдениет үйлерінде жұмыс істейтін халық университеттеріне басшылықты жақсартуға міндеттеді.

СССР Мәдениет министрлігіне университеттер жұмысына творчестволық қызметкерлерді көп тарту, қажетті әдебиетті, көрнекі құралдарды, репродукцияларды және басқа сурет материалдарын шығаруды қамтамасыз ету; мәдениет университеттері үшін диафильмдер мен кинофильмдер шығаруды көбейту шараларын жүзеге асыру; кітапханалар жанынан әдебиет, өнер, ғылым мен техника мәселелері бойынша көрмелер мен кітап картотекаларын, сондай-ақ таңдаулы музыка және драма шығармалары, қоғамдық-саяси қайраткерлердің, аса көрнекті ғалымдардың, ірі әдебиетшілер мен өнер шеберлерінің, өндіріс озаттарының лекциялары, сөздері мен әңгімелері жазылып алынған грампластинка, магнитофон ленталарының қорын ұйымдастыру жүктелді.

Бүкілодақтық саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының басқармасына және республикалық қоғамдардың басқармаларына халықтық мәдениет университеттеріне

үнемі көмек көрсету, оларды маман лекторлармен қамтамасыз ету, халық университеттерінің тыңдаушылары мен оқытушыларына оқу, методикалық әдебиетті ұдайы шығарып отыру, олардың көпшілікке түсінікті, жатық болуына назар аудару тапсырылды.

СССР Ғылым академиясына және одақтас республикалар ғылым академияларына, СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне, одақтас республикалар оқу министрліктеріне, творчестволық одақтар мен қоғамдарға, Халық шаруашылығы советтеріне ғалымдардың, жоғары оқу орындары мен техникумдар оқытушыларының, мұғалімдердің, дәрігерлердің, халық шаруашылығы мамандарының, әдебиет пен өнер қайраткерлерінің халық университеттері жұмысына кең қатысуын қамтамасыз етерлік қажетті шараларды белгілеп, іске асыру ұсынылды.

Партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдары еңбекшілердің қалың бұқарасы арасында ғылыми білімдер мен мәдениетті насихаттаудың жігерлі ұйымдастырушыларына көңіл бөліп, олардың еңбегіне қоғамдық қамқорлық жасауға тиіс.

СССР Министрлер Советі жанындағы Радиохабар және телевизия мемлекеттік комитетіне мәдениет университеттерінің тыңдаушылары үшін берілетін радио және телевизия хабарларының тақырыбын байытып, идеялық, көркемдік дәрежесін арттыру тапсырылды. Республикалық радиохабар және телевизия комитеттеріне университет тыңдаушыларына көмек ретінде хабарлар беріп тұру ұсынылды. Бұл хабарларға ғылым, техника, мәдениет саласындағы ірі мамандарды кеңінен қатыстырған мақұл.

Орталық, жергілікті газеттер мен журналдардың редакциялары халықтық мәдениет университеттерінің жұмыс тәжірибесін жиі-жиі және байыпты жазуға, таңдаулы лекциялар мен сабақтар туралы материалдар жариялауға, еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудегі, совет адамдарының өскелең рухани тілектерін өтеудегі интеллигенцияның патриоттық ролін көрсетуге тиіс.

ЖАҢА АҚШАҒА БАЙЛАНЫСТЫ ПАРТИЯЛЫҚ МҮШЕЛІК ЖАРНА ҚАЛАЙ ЕСЕПТЕЛЕДІ?

1961 жылдың 1 январынан бастап біздің елімізде ақшаның жаңа көлемі қолданылып, кәзіргі айналымдағы ақшаның орнына жаңа ақша жүреді. Журнал редакциясына коммунистер, бастауыш партия ұйымының секретарьлары хат жазып, сол кезден бастап партиялық мүшелік жарнаның қалай есептелетінін түсіндіруді сұрайды.

Ақшаның жаңа көлеміне сәйкес КПСС Орталық Комитеті партия мүшелері мен кандидаттарының мүшелік жарнасы туралы Нұсқауға тиісінше өзгерістер енгізді. 1961 жылы 1 январьдан бастап партия мүшелері мен кандидаттардың айлық мүшелік жарнасы мынадай мөлшерде (жалақысынан процентпен шаққанда) белгіленеді.

Айлық жалақысы 50 сомнан аспайтындар $\frac{1}{2}$ процент,

- » 50 сомнан көп, бірақ 100 сомнан аспайтындар 1 процент,
- » 100 сомнан көп, бірақ 150 сомнан аспайтындар $1\frac{1}{2}$ процент,
- » 150 сомнан көп, бірақ 200 сомнан аспайтындар 2 процент,
- » 200 сомнан көп табатындар 3 процент төлейді.

Мүшелік жарнаны есептеу үстінде тиын бөлшектеніп кетсе, оларға үстеме қосу керек: жарты тиыннан кем болса есепке алынбайды, жарты тиын болса, не одан асса ол толық бір тиынға балануы керек.

Мүшелік жарнаны қабылдағанда партия мүшелері мен кандидаттарының негізгі жалақысы, сонымен бірге қосымша табысы: қосалқы қызметі, мерзімді уақыттан тыс жұмысы, әдеби қаламақы, лекторлық, ғылыми, педагогтік тағы басқа жұмыс, көп жылғы еңбегі үшін үстеме ақы, алыс жерлер мен Қиыр Солтүстік аудандарда жұмыс істейтін коммунистердің үстеме жалақысы есепке алынуы тиіс. Коммунистердің тапқан табысына олардың бір жолғы алған сыйлығы, жәрдем ақшасы және мемлекеттік заемдардың облигацияларынан ұтқан ұтысы қосылмайды.

Еңбекке уақытша жарамсыз боп қалған, әлеуметтік немесе кооператив қамсыздандыру жолымен жәрдем алатын партия мүшелері мен кандидаттары ауырған күндері үшін мүшелік жарнаны науқас күндердегі қағазы бойынша алған сомадан төлейді.

Ай сайын ақшалай жалақы немесе ақшалай аванс алып тұратын колхозшы-коммунистер жалпы негізде өткен айда алған жалақы мөлшерінен партиялық мүшелік жарна төлейді. Колхозшылармен жыл аяғында есеп айыратын ауылшаруашылық артельдеріндегі партия мүшелері мен кандидаттар айлық мүшелік жарнаны 5 тиын мөлшерінде төлейді. Ауылшаруашылық жылының қорытындысы бойынша колхоздарда колхозшылармен біржола есеп айрысқан кезде коммунистер жалпы жылдық табысын (бұған ақшалай да, сатып алу бағасы бойынша ақшаға айналдырылған заттай да табыс кіреді) есептеп, қосымша мүшелік жарна төлейді.

Орта және жоғары оқу орындарының стипендия алмайтын оқушы-коммунистері, сондай-ақ үй шаруасындағы әйелдер айлық мүшелік жарнаны 2 тиын мөлшерінде төлейді.

(«Партийная жизнь» журналынан)

Партия тұрмысы

Іскер де жігерлі басшылық керек

(Талас аудандық партия конференциясынан)

Талас — Жамбыл облысының үлкен аудандарының бірі. Мұнда ауыл шаруашылығын партия қойып отырған кәзіргі талаптарға сай жан-жақты өркендетуге сарқылмас бай мүмкіндіктер бар. Талас, Асы өзендерінің бойындағы құнарлы дала, кең шабындық — малдың құты. Мұнда қант қызылшасы, бидай, жүгері және басқа бағалы дақылдар да бітік өседі. Осы екі өзеннің алқабында кәзірдің өзінде 20 мың гектардан астам суармалы жер бар. Талас пен Асының суымен әлі де болса көп жерді жайқалған егін жайға айналдыруға болады. Мамандардың есебі бойынша осы өңірде 100 мың гектардан астам игеруге жарамды тын жер бар.

Талас колхоздары мен совхоздарының қысқы жайылымы — Мойынқұм. Бұл ертеден мыңғырған малдың өрісі болып келеді. Құмның қысы қатал болмайды, шөбі шүйгін.

Кәзіргі мал өсіруші колхозшылар мен совхоз жұмысшылары ғылыммен, техникамен қаруланған жаңа адамдар. Олар Мойынқұмның да сырын тоқып, оның қойнын ашты. Бұрын құмға малазықтық дақылдар егуге болмайды деп саналып келген еді. Кәзір олар құмға жоңышқа, жүгері өсіріп, табиғаттың тәлкегіне ұшырамас үшін мұнда да берік жем-шөп қорын жасай бастады. Енді бір-екі жылдан кейін колхоздар мен совхоздар бүгінгідей Талас бойындағы Аксай, Шатура шабындықтарынан дайындалған шөпті Мойынқұмға тасымайтын болады.

Мұның үстіне Мойынқұмды аралап өтіп жатқан Қалмақ өзекке су жіберу үшін Талас өзенінен Жұмабек бөгетін салудың жобасы жасалып, бекітілді. Бұл құрылыс 1962 жылы пайдалануға беріледі. Сонда мыңдаған гектар жайылым суландырылады.

Талас ауданының еңбекшілері өздерінің алдына жетіжылдықтың ақырына дейін қаракөл қойы мен биязы жүнді қойды кәзіргі 340 мыңнан 800 мыңға жеткізіп, Таластың бойын мыңғырған малға, жайқалған егінге толтыру мақсатын қойып отыр. Міне бұл міндеттемені абыроймен орындау үшін қолда бар осы бай мүмкіндіктерді шебер пайдалана білу керек.

Талас ауданы еңбекшілерінің маңдайына біткен тағы бір үлкен байлық бар. Ол Қаратау кені. Қаратаудың қойны астық, ет пен май, жеміске толы деп айтуға болғандай. Өйткені онан шығып жатқан фосфорит тыңайтқыштары жердің құнарлылығын арттырып, осы өнімдерді бұлақша ағызады.

Аудан колхоздары мен совхоздарының осы сияқты ең байлықтың іргесіне орналасуы да бұл өңірде қант қызылшасы, бидай, жүгері, овош дақылдарының үлкен болашағы бар екенін көрсетеді. Аудан партия ұйымдары коммунистердің, бүкіл еңбекшілердің сарқылмас күш-жігерін, алғыр ойы мен жүйрік қиялын, талантын бұл мүмкіндіктерді халық игілігі үшін толық пайдалану күресіне жұмылдырады деп сеніммен айтуға болады.

Жақында Талас ауданының орталығы Аккөл поселкесінде елеулі бір оқиға болды. Шағын ауылдың үлкен-кішісінің бар назары екі күн

бойы аудан орталығындағы клубқа ауды. Мұнда Талас аудандық XVI партия конференциясы болып өтті. Конференция делегаттары аудандық партия комитетінің бірінші секретары К. Сабаев жолдастың аудан партия ұйымдарының бір жылғы жұмысының қорытындысы туралы жасаған баяндамасын ерекше белсенділікпен талқылады.

Биыл аудан еңбекшілері партия ұйымдарының басшылығымен кейбір табыстарға жетті. Қолхоздар мен совхоздарда дәнді егістің, әсіресе бағалы дақыл жүгері мен қант қызылшасының көлемі өткен жылғыдан едәуір өскен. Қолхоздар мен совхоздар қоғамдық мал үшін жемшөпті бұрынғы жылдардағыдан әлдеқайда мол әзірлеген. Шөп шауып, жинаудың жоспары мерзімінен бұрын орындалған. Мұның үстіне ондаған мың тонна жүгері сүрлемі салынған.

Аудан мал өсірушілерінің де әліне қарай табысы бар. Өткен қыстың ерекше қатал болып, малдың едәуір шығын болғанына қарамай, биыл мемлекетке ет, қаракөл елтірісін сатудың жылдық жоспары 1 октябрьге дейін мерзімінен бұрын едәуір артық орындалған.

Бірақ бұл табыстар қолда бар күш-мүмкіндіктердің дәрежесінен әлдеқайда төмен. Сондықтан да конференция делегаттары істелген жұмыстың қорытындысына сын көзімен қарай отырып, аудандық партия комитетінің, партия ұйымдарының жұмысындағы кемшіліктерді ашуға, алда тұрған міндеттерге айрықша көңіл бөлді.

Делегаттардың істелген жұмыстың қорытындысына жауапкершілікпен қарап, әсіресе ауыл шаруашылығын өркендету ісіндегі міндеттерге баса назар аударуы, бұл жұмыстағы кемшіліктерге ерекше шүйлігуі заңды еді. Өйткені бұл кезде Талас еңбекшілері де бүкіл еліміздің ауыл шаруашылығы қызметкерлерімен бірге КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумын лайықты табыстармен қарсы алу жолында күрес жүргізіп жатқан болатын.

Конференцияда бастауыш партия ұйымдарының жұмысын жақсарту берудің жолдары ерекше сөз болды. Өйткені еліміздегі коммунистік құрылыстың табысты жүргізілуі, жетіжылдық жоспардың мерзімінен бұрын орындалуы солардың белсенділігіне, жұмысты жақсы істеуіне байланысты. Мұны осы аудан партия ұйымдарының тәжірибесінен аяқ айқын көруге болады.

Биыл Қаратау кен-химия комбинатының коллективі елеулі табыстарға жетті. Комбинат он айлық жоспарды өнімнің барлық түрлері бойынша да мерзімінен бұрын асыра орындады. Былтырғы осы уақытпен салыстырғанда 17 мың тоннадай фосфорит ұны артық өндірілді. Комбинат коллективі үшінші тоқсанның қорытындысы бойынша социалистік жарыста Алматы халық шаруашылығына қарайтын кәсіпорындар ішінен бірінші орынға ие болып, Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан кәсіподақтары советі ауыспалы Қызыл туын жеңіп алды.

Комбинатта өндіріс жұмыстарын механикаландыру және автоматтандыру, еңбектің озат әдістерін кеңінен қолдану жолындағы күрес өрістетілген. Бұл күрестің алдыңғы сапында коммунистік еңбек бригадасы мен коммунистік еңбек екпіндісі атағын алу жолындағы жарысқа түскен коллективтер мен жеке еңбек озаттары келеді. Қазір комбинатта 32 бригада, 10 смена және 41 жеке еңбек озаты — барлығы 500 адам коммунистік еңбек жарысының туын жоғары ұстап жүр. Бұлардың қатарында Ақсай руднигінің экскаваторшысы, СССР Жоғарғы Советінің депутаты Жатқанбаев, кілтші Нұрсейітов, токарь Бибиқов, шофер Диденко және тағы басқа жолдастар бар.

Комбинат коллективі мұндай табысқа партия ұйымының тікелей басшылығы арқасында жетті. Мұнан аз уақыт бұрын Қаратау кен-химия комбинаты өндірістік жоспарды орындамайтын, артта қалып келе жатқан кәсіпорындардың бірі болатын. Бұл кемшіліктен шығу жолында жетекші ролды партия ұйымы атқарды. Партия ұйымы (секретары Ку-

зембаев жолдас) коммунистерді өндірістің шешуші учаскелеріне орналастырып, олардың белсенділігін, жауапкершілігін арттырды. Жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің арасында саяси-тәрбие жұмысы жолға қойылды, социалистік жарыс пәрменді ұйымдастырылды. Кәзір коммунистердің 75 проценті тікелей өндірісте, оның шешуші буындарында жұмыс істейді. Партия ұйымының қатары озат жұмысшылар есебінен үнемі өсіп отырады.

Міне, бастауыш партия ұйымының белсенді жұмыс істеуі, оның жұмысшылар бұқарасын алда тұрған міндеттерді орындауға жұмылдыра білуі осындай игі нәтижелерге жеткізіп отыр.

Конференцияда комбинат коллективінің қолы жеткен осы табыстары атап көрсетілумен бірге, алда тұрған міндеттер, әлі де шешуін күтіп отырған мәселелер ерекше сөз болды. Комбинатта тыңайтқыштар шығаруды жетіжылдықтың ақырына дейін кәзіргіден 8 есе арттыру жоспарланып отыр. Бұл үшін жаңа кәсіпорындар салудың, кен әзірлеу жұмыстарының, тұрғын үй құрылысының қарқынын күшейте түсу керек. Кәзір бұл жұмыстар талапқа сай жүргізіліп отырған жоқ. Мысалы, биылғы он ай ішінде өндірісті кеңейтуге арналған күрделі қаржы 65 процент қана игерілген, тұрғын үй салудың, мәдени-көпшілік орындарын салудың жоспары да жарым-жартылай ғана орындалған. Салынып жатқан байыту фабрикасын 1961 жылы пайдалануға беру керек бола, осы уақытқа дейін оған бөлінген қаржының үштен біріндейі ғана игерілген.

Конференцияда жарыс сөзге шығып сөйлеген Қаратау кен-химия комбинатының директоры А. Бесарабов жолдас: — Мұндай кемшіліктердің орын алу себебі, — деп көрсетті, — ұйымдастыру, басшылық жұмыстарымыздағы кемшіліктермен бірге, Алматы Халық шаруашылығы советі комбинатты жоба-документтермен, құрылыс материалдарымен, механизмдермен жабдықтап отырмайды. Сол сияқты республиканың «Взрывпром», «Сантехмонтаж» сияқты орталық мердікерлік ұйымдары өздеріне тиісті жұмыстарды мерзімінде атқармайды.

Аудандағы 36 партия ұйымының бәрі бірдей өз дәрежесінде жұмыс істеп, колхоз, совхоз коллективтерін ауыл шаруашылығын өркендете берудің бай мүмкіндіктерін жүзеге асыру ісіне жұмылдырып отыр деп айтуға болмайды. Бірсыпыра колхоз, совхоз партия ұйымдарының жұмысы сылбыр. Конференцияда дұрыс атап көрсетілгеніндей, биыл ауданның колхоздары мен совхоздары барлық мүмкіндігі бола тұрып, дәнді егістен, қант қызылшасынан және овощ дақылдарынан өнімді өткен жылғыдан кем алды. Мысалы, дән үшін егілген жүгерінің гектарынан аудан бойынша орта есеппен 9,9 центнерден, бидайдың гектарынан 4,3 центнерден ғана өнім алынған. Осының салдарынан аудан мемлекетке астық тапсыру, қант қызылшасын өткізу жоспарларын орындай алмады. Ауданның колхоз, совхоздары жалғыз Шолақтау қаласының халқын овощпен, жеміспен қамтамасыз ете алмай отыр.

Биыл өткен жылға қарағанда малдан төл де кем алынған. Мал өсірудің мемлекеттік жоспары бірде-бір түліктен орындалмаған. Биыл аудан бойынша әрбір жүз саулықтан тоқсаннан ғана қозы алынған.

Сондықтан да конференция делегаттары аудандық партия комитетінің, оның бюросының бастауыш партия ұйымдарына, совет және шаруашылық, кәсіподақ, комсомол ұйымдарына басшылық әдістеріне олардың іскерлігін, беделін арттыра беру жөніндегі жұмысына тереңірек үніліп, бұл жөніндегі кемшіліктерді батыл ашты.

Аудандық партия комитетінің секретарьлары мен бөлім меңгерушілері бастауыш партия ұйымдарымен тығыз байланыс жасап, шаруашылыққа басшылық, ұйымдастыру жұмыстарын солармен бірлесіп жүргізбеген. Осының салдарынан кейбір колхоздар мен совхоздарда партия ұйымының беделі төмендеген. Партия ұйымының ішкі жұмысы босансыған жерлерде коммунистердің арасындағы тәртіп те нашар болған.

Мұндай ұйымда коммунистердің авангардтық ролі төмендейтіні өзінен өзі белгілі.

Партия ұйымдары өз шешімдерін, сол сияқты жоғарғы партия, совет органдарының шешімдерін жүзеге асыруды ұйымдастырып, қадағалап отырмаған. Ал аудандық партия комитеті мен оның бөлімдері бастауыш партия ұйымдарына бұл істі ұйымдастыруға нақты көмек көрсете алмаған.

— Менің партия ұйымының секретары болып сайланғаным үш жыл болды, — дейді Ворошилов атындағы колхоз партия ұйымының секретары Р. Байболов жолдас, — осы уақыттан бері аудандық партия комитетінің бірде-бір қызметкері ұйымның ішкі жұмысымен танысып, біздің жұмысымыздың осал жақтарын көрсетіп, оны түзетуге тиісті көмек берген емес.

Партия ұйымының ішкі жұмысы нашар болған жерде партия, шаруашылық қызметкерлерінің, коммунистердің өзіне тапсырылған іске жауапкершілігі босансатыны сөзсіз. Конференцияда делегаттар бастауыш партия ұйымдарының жұмысын жақсарту беруді, кадрлардың өздеріне тапсырылған іс үшін жауапкершілігін арттыруды аудандық партия комитетінен қатаң талап етті.

Жарыс сөзге шығып сөйлеген жекелеген шаруашылық басшылары, биыл қант қызылшасы, дәнді дақылдар өнімінің төмен болуын, малдан төлдің аз алынуын ауа райының қолайсыздығынан деп дәлелдегісі келді, сөйтіп ондай қырсыз басшылар бұл жөніндегі жауапкершіліктен жалтаруға тырысты. Мысалы, Кеңес совхозының директоры Ә. Жылқыайдаров, «Қызыл Октябрь» колхозы партия ұйымының секретары Ә. Жүзеев жолдастардың сөздері делегаттарды қанағаттандырмады.

Кеңес совхозының дирекциясы мен партия ұйымы (секретары Жармұхамедов жолдас) совхоз жұмысшылары мен қызметкерлерін алда тұрған шаруашылық міндеттерді ойдағыдай шешу күресіне жұмылдыра алмады. Совхозда мал өсіру жоспары орындалмаған. Малдан өнім аз алынған, шығыны көп. Агротехникалық шаралардың іске асырылмауы салдарынан 1 200 гектар жаздық бидай егісінен оған жұмсалған тұқым да қайтарылып алынбаған. Совхоз басшылары жүгері егісін күтіп-баптауды мүлде ұйымдастырмаған. Жүгері егісінің көп жерінен өнім алынбады. Шаруашылықты ұйымдастыру жұмысындағы осындай өрескел кемшіліктердің кесірінен совхоз биыл табыс алудың орнына мемлекетке жарты миллион сомнан астам зиян келтіргелі отыр.

Ауданның Бостандық, Ойық, Қаратау совхоздарының басшылары да шаруашылықты нашар ұйымдастырды. Бұл совхоздар биыл көптеген малдың шығын болуынан шаруашылық жылын зиянмен аяқтағалы отыр.

Конференцияда «Қызыл октябрь» колхозының председатели Толымбеков, партия ұйымының секретары Жүзеев жолдастардың аттарына да қатаң сын айтылды. Олар колхозшылар бұқарасын артель байлығын молайту жолында қажырлы еңбекке жұмылдыра алмаған. Колхозда еңбек тәртібі нашар, артель мүшелерінің арасында жеке меншікшілдік пиғыл өріс алып кеткен.

Осындай кемшіліктердің салдарынан колхоз биыл дән үшін егілген жүгерінің гектарынан 1 центнерден, қант қызылшасының гектарынан 157 центнерден ғана өнім алған. Ал өткен жылы қызылшаның гектарынан 317 центнерден өнім алынған болатын.

Конференцияда ауданның бірсыпыра колхоздары мен совхоздарында биыл шаруашылықтың табыстары өткен жылғыдан төмендеп кеткені ауа райының қолайсыздығынан болды деген жалған түсінікке тойтарыс беретін фактілер көп келтірілді. Ауданның 82 озат шопаны биыл әрбір 100 саулықтан 110-нан 132-ге дейін қозы алған. Бұлардың ішінде Талас совхозының шопандары Әбдірахман Тіленшиев, Жүсіп Нұрмаханов,

Мырзамұрат Мырзахметов, Аққұман Сүлейменов, Ерғара Үдербаев, Әбілемет Жұманбаев және Түгіскен совхозының шопандары Назымбек Дүйсенов, Дәулетбек Үсенов жолдастар әрбір 100 саулықтан 128—133 қозы алып, аман өсірген.

Өткен қыс қандай қатал болғанмен ауданның 160 шопаны қаруындағы малын ешбір шетінеткен жоқ.

Сол сияқты егін шаруашылығында да жақсы табысқа жеткен колхоз, совхоз және бригадалар, звенолар, еңбек озаттары аз емес. Мысалы, Ворошилов атындағы колхоздың (председателі Тайшақов, партия комитетінің секретары Байболов, бас агрономы Сапарбеков) дихандары биыл дәнді егістің гектарынан орта есеппен 9 центнерден өнім алып, мемлекетке астық сату жоспарын 172 процент орындады. Осы колхоздың коммунист Бестереков жолдас бастаған № 1 егіс бригадасы жаздық, күздік бидайдың гектарынан орта есеппен 12 центнерден өнім алды.

Бостандық совхозының (директоры Айжолов, партия ұйымының секретары Арапов, бас агрономы Ким жолдастар) коллективі 3 мың гектар жүгеріні бітік өсірді. Оның ішінде дән үшін егілген 900 гектар жүгеріден 14 центнерден астық алды. Ал осы совхоздың № 2 фермасы жүгерінің гектарынан 19,6 центнерден өнім алды. Бөлімше 5 470 тонна жүгері сүрлемін салды. Совхоздағы Ахай Сәбденов, Рахымберді Әбішев, Сары Шегебаев жолдастардың звенолары жүгерінің гектарынан 22,5—27,5 центнерден өнім алды.

Конференция делегаттары сөйлеген сөздерінде шаруашылыққа іскер де жігерлі басшылық жасалған, адамдар арасында саяси-тәрбие жұмысы пәрменді жүргізілген жерде, мал өсірушілердің мәдени-тұрмысына жанашыр қамқорлық жасалған жерде ауа райы қандай қолайсыз болса да жұмыстың табысты болатынын көрсетті. Мысалы, биыл Талас совхозының мал өсірушілері әрбір 100 саулықтан 119 қозыдан өсірді.

Талас совхозы шопандарының мал өсіру тәжірибесі назар аударарлық. Конференцияда бұл тәжірибені айтып берген совхоз директоры, Социалистік Еңбек Ері Ә. Сағынтаев жолдасын сөзін делегаттар ерекше ілтипатпен тыңдады. Совхоз шопандары Ставропольдың атақты шопаны Иван Малашенконың тәжірибесін қолданып, 5 мың саулықты қысты күні қоздатып, оның әрбір жүзінен 125-тен қозы алған.

Сағынтаев жолдас шаруашылықтың көзін таба білетін ысылған басшы, ол аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқару комитеті, аудандық ауылшаруашылық инспекциясы басшылары мен қызметкерлерінің озат тәжірибені таратуға, социалистік жарысты ұйымдастыруға қырсыз екенін, олардың көпшілігінің мал отарларында шопандар арасында сирек болатынын көрсетіп, жүйелі де пайдалы сын айтты. Сағынтаев жолдас совхоздың шопанынан бастап директорына дейін еңбекпен, тәжірибемен өскен адам. Сондықтан оның көзі қырағы да, ойы жүйрік, жаны сезімтал.

Конференцияда кейбір колхоз, совхоз басшыларының мал өсірушілер арасында сирек болатыны, саяси-көпшілік, ұйымдастыру жұмысын жүргізбейтіні сынға алынды. Мұндай керенаулықтар еңбекшілердің мәдени-тұрмысын жақсарту беруге, мал шаруашылығын өркендетудің келелі мәселелерін уақтысында шешіп отыруға кедергі жасайды.

Конференцияда сын мен өзара сын жақсы өрістетіліп, партия ұйымдарының саяси-көпшілік, идеологиялық, ұйымдастыру жұмыстарындағы кемшіліктер дұрыс ашылды. Конференция қабылдаған шешімде аудан еңбекшілерінің жетіжылдықтың үшінші жылында жаңа табыстарға жетуінің жолдары көрсетілді.

К. ӘБІЛДАЕВ.

Коммунизм туралы әңгіме

Өндірістік қатынастың дамып жетілуі

М. АЙТБАКИНА

Еліміз өзінің дамуында жаңа тарихи кезеңге — социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту дәуіріне аяқ басып отыр. Бұл кезеңге социалистік қоғамның дамуындағы зор жетістіктердің, өткен мезгілде совет халқының шаруашылық және мәдени өмірдің барлық саласында қолы жеткен тарихи табыстарының нәтижесінде жеттік.

Социалистік қоғамның коммунизмге қарай дамуы экономика майданында еліміздің алдына бірқатар күрделі теориялық және практикалық міндеттер қойып отыр. Бұлардың ішіндегі бастысы — коммунистік қоғамның материалдық-техникалық базасын жасау.

Коммунизмге бірте-бірте өту дәуірінде социалистік өндіргіш күштердің қарыштап өсуі негізінде социалистік өндірістік қатынастар да онан әрі дамып, жетіле түседі. Соның нәтижесінде келешекте коммунистік өндірістік қатынастар орнайды.

Өндірістік қатынастар деп материалдық игіліктерді өндіру, бөлісу, айырбастау процесіндегі адамдардың арасында болатын қатынастар айтылады. Қандай қоғамдық-экономикалық формацияда болмасын өндірістік қатынастар ұғымына өндіріс құрал-жабдықтарына меншіктің формасы, осыдан келіп туатын таптардың, әлеуметтік топтардың өндірістегі жағдайы мен өзара қатынасы, өнімдерді бөлудің формалары кіреді. Бұлар қоғамның өндіргіш күштерінің дәрежесіне, сипатына сәйкес туып, дамиды. Сонымен бірге өндірістік қатынастар өндіргіш күштердің онан әрі өсіп белсенді өркендеуіне әсер етеді. Өндіргіш күштердің дамуы үшін, оған өндірістік қатынастар сәйкес болуы қажет.

Біздің елде өндіріс құрал-жабдығына қоғам ие. Сол бір ыңғай қоғамдық, социалистік меншік екі түрге бөлінеді. Ол — мемлекет және колхоз-кооператив меншігі. Бұлардың екеуінің де әлеуметтік тегі бір. Ал олардың айырмашылығы тек қоғамдастырылу дәрежесінде ғана. Демек, социализм жағдайындағы өндірістік қатынастардың дамуы алдымен осы бірыңғай социалистік меншіктің екі түрінің дамуына байланысты.

Партияның ХХІ съезі социалистік меншіктің екі түрі кәзіргі кезеңде елімізде өндіргіш күштердің тез дамуына барлық жағдайды туғызып отыр деп атап көрсетті. Съезде жасаған баяндамасында Н. С. Хрущев жолдас: «Меншіктің түрлері өздігінен өзгермейді, олар экономикалық заңдардың негізінде, өндіргіш күштердің өркендеу сипаты мен дәрежесіне сәйкес өзгереді. Колхоз құрылысы деревнядағы кәзіргі заманғы өндіргіш күштердің өркендеу дәрежесі мен қажеттеріне толық сай келеді. Ол ауыл шаруашылығында озат техниканы анағұрлым өнімді пайдалануға мүмкіндік береді, мұны бытыраңқы, ұсақ шаруа шаруашылықтарында істеу мүмкін емес» деп көрсетті. Мұнымен қатар Н. С. Хрущев жолдас колхоз-кооператив меншігі ауыл шаруашылығында өндіргіш күштердің онан әрі даму мүмкіндіктерін тауысқан жоқ, келешекте де дамыта алады деп қорытынды жасады. Өндіргіш күштердің тоқтаусыз өсуі социалистік меншіктің екі түрінің де қатар дамуын, олардың арасындағы айырмашылық бірте-бірте жойылып, колхоз меншігінің бара-

бара жалпы халық меншігі дәрежесіне жетуін талап етеді. Бізде кәзіргі уақытта социалистік меншіктің екі түрі осы бағытта дамып келеді.

Қолхоз меншігінің жалпы халық меншігі дәрежесіне көтеріліп жетуінде колхоздардың бөлінбейтін қоры үлкен роль атқарады. Қолхоздардың бөлінбейтін қоры колхозшылар еңбегіне бөліп берілмейді. Ол бірнеше колхоз бірігіп іріленген немесе колхоздар совхозға айналған жағдайда да бөліске түспейді, түгелімен жаңа шаруашылыққа өтеді. Осы себепті бөлінбейтін қор өзінің мәні және экономикалық сипаты жағынан жалпы халық меншігіне өте жақын тұрған қор.

Бөлінбейтін қорға колхоздардың түрлі техникасы мен ауылшаруашылық машиналары, шаруашылық және мәдениет үйлері, транспорт құралдары мен машиналары, электр станциялары, жұмыс көліктері мен сойыс малдары, бау-бақша, көпжылдық шөп, жер суару жүйесі мен қоғамдық шаруашылықты ұлғайтуға жұмсалатын ақшадай қаржы мен материалдар қосылады. Бөлінбейтін қор — колхоздардың қоғамдық шаруашылығының жыл сайын өсіп ұлғайып, колхозшылардың мәдени және тұрмыс дәрежесі артып отыруының берік негізі.

Қазақстан бойынша 1960 жылдың басында колхоздардың бөлінбейтін қоры 10,5 миллиард сомға жетті, яғни 1953 жылғымен салыстырғанда 2,5 еседен артық өсті. Колхоздардың бөлінбейтін қоры әсіресе машина-трактор станциялары өндіріс құрал-жабдықтарының колхоздарға сатылуымен байланысты үздік өсті.

Бөлінбейтін қордың үздіксіз өсуінің қайнар көзі — колхоздардың жалпы ақшалай табысынан жыл сайын бөлініп отыратын үлесі. Соңғы жылдарда бөлінбейтін қорға колхоздардың жалпы ақшалай кірісінің Одақ көлемінде шамамен 15—20 проценті бөлініп келсе, Қазақстанда 24,7 проценті бөлініп отырды. Партияның Орталық Комитетінің 1959 жылғы декабрь Пленумы колхозшылардың жалпы жиналыстарының шешімі бойынша ақшалай табыстан бөлінбейтін қорға түсетін үлесті көбейту орынды талап деп атап көрсетті.

Бөлінбейтін қордың ақшалай қаражаты ең алдымен тракторлар мен басқа машиналар, ауылшаруашылық жабдықтарын сатып алуға, өндірістік және тұрғын үйлер мен жолдар салуға, күрделі жөндеу мақсатына жұмсалады. Міне мұның барлығы қоғамдық шаруашылықтың оған әрі өсуіне кең жол ашады, социалистік меншіктің екі түрінің қоғамдастырылу дәрежесін жақындатады.

Колхоздардың бөлінбейтін қорын өсіре беруге социалистік мемлекеттің тікелей жәрдемдесіп отыратынын ерекше атап өту қажет. Мемлекет колхоздарға ұзақ мерзімге несиеге қаржы беріп, қажетті ауылшаруашылық машиналарын дер кезінде сатып алуға көмектеседі. 1953—1958 жылдары ауыл шаруашылығын механикаландыруға, өндірістік үйлер мен құрылыстар салуға мемлекет 97 миллиард сом жұмсады. Бұл одан бұрынғы бес жылдағыдан 2,5 есе артық.

Колхоз меншігін дамытудың қажетті заңдылығының бірі — бірте-бірте оның қоғамдастырылу дәрежесін арттыру. Мұның үшін ұсақ колхоздарды біріктіру және жеке колхоздардың қоғамдық шаруашылығын ұлғайту, яғни колхоздарды ірілендіру қажет. Колхоз шаруашылығының көлемі неғұрлым өсіп ұлғайса, колхоз меншігінің шенбері де кеңейе береді. Колхоздардың бірігуі ірі өндірістің ұсақ өндірістен артықшылығынан келіп туады. Өйткені іріленген колхоздардың техниканы кең көлемде көптеп қолдануға, оны толық пайдалануға мол мүмкіндігі бар. Бұл колхоз шаруашылығының жедел өсуіне, күрделі өндіріске айналуына, мол және арзан өнім беруіне жағдай жасайды. Колхоздың қоғамдық өндірісінің үнемі өсіп өркендеуі, өнімнің, азық-түліктің молаюы колхозшылардың қосалқы шаруашылығының жыл сайын қысқара беруіне жеткізеді. Демек, бұл жағдай колхозшыларды жеке меншігінде мал ұстаудан, үй іргесінде өнімсіз ұсақ шаруашылық жүргізуден босатады, олар

дың бірыңғай қоғамдық колхоз шаруашылығымен шұғылданып, өнімді еңбек етуіне мүмкіндік тудырады.

Колхоздық меншікті жетілдіруде және оны жалпы халықтық меншік дәрежесіне дейін көтеруде колхозаралық өндірістік байланыстарды онан әрі нығайтудың ерекше маңызы бар. Колхозаралық өндірістік байланыс колхоз құрылысының кәзіргі жаңа даму кезеңіне сәйкес пайда болған құбылыс. Ол колхоздардың экономикалық тілек-талабының өмірдің өзінен келіп туды. Колхозаралық өндірістік байланыстың бірі бірнеше колхоздың бірігіп электр станцияларын салуы. Халық шаруашылығын өркендетуге арналған жетіжылдық жоспар ауыл шаруашылығында электр қуатын пайдалануды 7 есе арттырып, ауыл шаруашылығын толық электрлендіруді көздеп отыр. Бұл міндетті орындауда колхозаралық, тіпті ауданаралық электр станциялары кебеюінің де мәні зор. Қазақстанда кәзір осындай 16 станция бар.

Колхозаралық өндірістік байланыстың тағы бір түрі — колхозаралық кәсіпорындар. Бұларға бірнеше колхоздың кірпіш құятын, ағаш өңдейтін заводтары, диірмені, бірлесіп салған жолдары тағы басқалар қосылады. Біздің республикада кәзірдің өзінде осындай 54 колхозаралық кәсіпорны бар.

Колхозаралық кәсіпорындар бірнеше іргелес колхоздың, ауданның қаржысын қосып, жұмсау арқылы құрылады. Сондықтан олар бір колхоздың шеңберінен шығып, жалпыхалықтық сипатқа жақындай түседі. Демек, бұл колхоз меншігін жалпыхалық меншігінің дәрежесіне жеткізу жолының бірі.

Колхозаралық құрылыстарға мемлекеттің тікелей қатысуы шешуші роль атқарады. Мемлекет бұған қаражат бөледі, жұмысшы күшімен мамандармен, машинасымен көмектеседі. Ауыл шаруашылығын электрлендіру, оны белгілі жағдайда мемлекеттік электр жүйесіне қосу, өндірісті жанжақты механикаландыру барысында бұл процесс күшейе беретін болады. Осының нәтижесінде ауыл шаруашылығындағы еңбек индустриялы еңбектің бір түріне айналады. Осы жағдайлардың барлығы социалистік меншіктің екі түрі арасындағы айырмашылықты бірте-бірте жойып, колхоздық меншіктің жалпыхалықтық меншік дәрежесіне жетуіне мүмкіндік жасайды.

Сонымен социалистік меншіктің екі түрін қатар дамыту, олардың қоғамдастырылу дәрежесін арттыра беру — біртұтас коммунистік меншікке жетудің бірден-бір жолы.

Біртіндеп коммунизмге өту дәуірінде жұмысшы табы мен шаруалардың, интеллигенцияның өндірістегі, өнімді бөлу үстіндегі өзара қатынастарының өзгеруі де социалистік өндірістік қатынастың дамуын сыпаттайды. Социалистік қоғамдағы әлеуметтік топтардың ара қатынасын нығайту социалистік меншіктің екі түріне негізделген қоғамдық өндірістің дамуына, өнімдерді бөлу тәсілін жетілдіре беруге байланысты. Партия мен үкіметтің кейінгі жылдары жүзеге асырған өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын өркендетудегі шаралары, атап айтқанда, өнеркәсіп пен құрылысты басқаруды қайта құру, техникалық прогресті шапшаңдату, ауылшаруашылық машиналарын колхоздарға сату, колхоз өндірісін жоспарлау әдісін өзгерту, ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың жаңа тәртібіне және бірыңғай сатып алу бағасына көшу және тағы басқалары социалистік қоғамдағы әлеуметтік топтар қарым-қатынасы өсіп-жетіліп келе жатқанын көрсетеді. Бұлар жұмысшылар мен шаруалардың еңбекке деген ынтасын арттырып, өндірістік байланысын күшейтті, қала мен деревня арасындағы экономикалық байланысты нығайтты.

Еліміздегі әлеуметтік топтардың өзара достық ынтымағы нығайып, жолдастық жәрдемі күшейе түсуінің жарқын бір көрінісі — социалис-

тік жарыс. Социалистік меншіктің қоғамдастырылу дәрежесі артуы негізінде социалистік жарыс та мазмұн-түр жағынан үздіксіз жетіліп келеді. Социалистік жарыстың барысында жұмысшылар мен колхозшы шаруалардың алдыңғы қатарлы тәжірибе мен жаңа мамандықты меңгеруі, техникалық білім дәрежесін арттыруы, техниканы жетілдіріп және оны меңгеруі, көптеген рационализаторлық ұсыныстар енгізуі кең орын алады.

1919 жылы В. И. Ленин «Ұлы бастама» деген еңбегінде: «Еңбек өнімділігін арттыру жөнінде, жұмыс істеушілердің бас пайдасына емес, олардың «жақындарының» пайдасына да емес, олардың «алыстарының» пайдасына түсетін, яғни бүтіндей бүкіл қоғамның, әуелі бір социалистік мемлекетке, одан соң Советтік республикалар одағына бірлескен ондаған және жүздеген миллион адамдардың пайдасына түсетін әрбір пұт астықты, көмірді, темірді және басқа өнімдерді сақтау жөнінде қатардағы жұмысшылар ауыр еңбекті жеңіп шығатын жанқиярлық қамқорлық жасаған жерде коммунизм басталады» (Шығармалар, 29-том, 424-бет) деп жазған еді.

Қатардағы қарапайым адамдардың мұндай қамқорлығы социалистік жарысты кең өрістетуге, еңбек өнімділігін арттыру жолындағы күресінен айқын көрінеді. Коммунистік құрылысты кең өрістетуге жүргізу кезеңінде елімізде социалистік жарыстың жаңа түрі — коммунистік еңбек бригадалары мен коллективтері, екпінділері, яғни «келешектің барлаушылары» туды. Бұлар коммунизмге бірте-бірте өту кезеңінде туған социалистік жарыстың ең жоғары түрі. Коммунистік еңбек бригадаларының мүшелері коммунизмдегіше еңбек етуді, өндірісте, қоғамдық орындарда және үй тұрмысында үздік болуды, білімі мен мәдени дәрежесін талмай жоғарылатып отыруды ізгі мақсат етеді. Коммунизм барлаушыларының қатары тез өсіп келеді. Туғанына екі жылдай ғана болған коммунистік еңбек бригадалары кәзір республикада мыңдаған жұмысшы, қызметшілерді, шаруаларды қамтиды. 1 222 коллективке коммунистік еңбек коллективі деген атақ берілді. Шахтерлер Михаил Бондалетов, Бәшір Нұрмағамбетов, құрылысшы Социалистік Еңбек Ері Сәлім Жарылқасынов, тракторшы Михаил Довжик сияқты коммунистік еңбек коллективтерінің басшылары бүкіл республикамыздың мақтанышы.

Коммунизмге өту кезеңінде өндірістік қатынастардың дамып, жетілуінің тағы бір саласы, — материалдық және рухани байлықты қоғам мүшелері арасында бөлуді жетілдіру. Социализм жағдайында өндіргіш күштердің даму дәрежесі керекті материалдық игілік молшылығын жасауға мүмкіндік бере алмайтын болғандықтан, ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы елеулі айырмашылықтардың болуынан және еңбектің әлі де болса өмірдің бірінші қажетіне айналмағандығынан қоғамдық өнім тек әркімнің еңбегінің саны мен сапасына қарай бөлінеді. Тұтыну заттарын бұлай бөлу әркімді өз еңбегінің нәтижесіне, яғни өнімнің мол, арзан, сапалы болуына материалдық жағынан ынталандырады, еңбекке деген саналы көзқарасты өрбітеді. Өнімді дұрыс бөлу өндіріс қыаметкерлері арасындағы жолдастық ынтымақты нығайтады. Сонымен қатар оның тәрбиелік ролі де күшті. Ол еңбекшілерді социалистік тәртіпке баулиды, қоғамдық еңбекті жалпыға бірдей міндетті және құрметті іске айналдырады.

Коммунистік партия өндіргіш күштердің даму дәрежесіне сай және оны дамытуға әсер ететіндей бағытта өнімдерді бөлу түрлері мен тәсілдерін жетілдіруге үнемі қамқорлық жасап келеді. Бұл бағытта Коммунистік партия еңбекке ақы төлеу тәртібінде орын алып келген кемшіліктерді жою, жалақыны тәртіпке келтіру, ақыны аз алатын жұмысшылар мен қызметшілердің жалақысын көбейту, халықтан алынатын салықты біртіндеп жою сияқты аса маңызды шаралар қабылдады.

Өнеркәсіппен қатар колхоз өндірісінің де барған сайын механикаландырылуы, колхозшы еңбегінің индустриялы еңбекке айнала бастауы колхоздарда еңбекке ақыны ақшалай төлеуге жеткізді. Кәзір республикамыздың 150 колхозы еңбекке ақшалай ақы төлеу тәртібіне көшіп отыр. Бұл колхозшылардың еңбегін дұрыс есептеуге, оларды еңбектің нәтижелі болуына ынталандыруға әсер етеді.

Міне мұның бәрі коммунистік құрылысты кең өрістетуге дәуірінде қоғамдық өнімді бөлу тәсілінің де жетіліп келе жатқанын көрсетеді.

Еңбектің өнімді болуына, оның өнімінің неғұрлым мол болуына, осылардың негізінде еңбекке тиетін үлестің көбейе түсуіне материалдық ынталылық — социализмнің зор қозғаушы күштерінің бірі. Бұл бірте-бірте еңбекті күнбе-күнгі дағдылы іске, өмірлік қажетке айналдырады. Сол кезде, еңбек әркімнің өмірлік қажетіне айналғанда, өндіргіш күштер үздік дамып, адамға керекті алуан түрлі материалдық игілік молшылығы жасалған кезде «әркімнен қабілетіне қарай, әркімге керекіне қарай» деген коммунистік принципке көшуге болады. Бірақ бұл принципке белгілі бір мезгілде бірден көше қоюға болмайды. Оған тиісті материалдық, экономикалық және мәдени жағдай жасалған кезде көшеміз.

Кәзірдің өзінде-ақ социализм жағдайында материалдық және рухани байлықтардың бір бөлігі қоғам мүшелері арасында олардың еңбегінің саны мен сапасына қарамай-ақ, тегін бөліне бастады. Мысалы, мемлекет, сонымен бірге колхоздар оқушылардың, студенттердің тегін білім алуына, азаматтардың тегін емделуіне, пенсиямен қамтамасыз етілуіне, жаны көп семьяларға жәрдем беруге, мәдениет университеттерінің, клубтардың, кітапханалардың, тағы басқалардың жұртшылыққа тегін қызмет етуіне көп қаржы жұмсап келеді. Міне осының негізінде кәзір барлық халыққа дәрігерлік тегін көмек көрсетіледі; 50 миллионнан артық адам түрлі оқу орындарында тегін оқиды, немесе өндірісте мамандығын арттырады; 29 миллионға жуық адам пенсия алады; балалар бақшасында, үйлерінде және яслилерде 5 миллион бала тәрбиеленеді; 3,3 миллион студент стипендия алады, олар мемлекет есебінен жатақханамен қамтамасыз етіледі; қоғамдық қор есебінен жыл сайын 3 миллионнан артық еңбекші санаторийлер мен демалыс үйлерінде емделіп, тынығады. Оның үстіне мемлекет тұрғын үй, мектеп, денсаулық сақтау және мәдени-тұрмыс орындарын салуға көптеген қаржы жұмсап отырады. Коммунизмнің мұндай өркендері бұдан былай да кең өріс ала бермек.

Жетіжылдық жоспар бойынша жоғарыдағы қоғамдық қажетті өтеуге жұмсалатын қаржы, 1958 жылғы 215 миллиард сомның орнына шамамен 360 миллиард сомға жетіп, жылына әрбір еңбеккердің үлесіне 3 800 сомнан келетін болады.

Коммунизмнің бұлар сияқты өркендері өсіп, ұлғая беретінін көрсетіп, партияның XXI съезінде жасаған баяндамасында Н. С. Хрущев жолдас «біз коммунизмге қарай алға басқан сайын әрбір адамның туғаннан бастап қартайғанға дейінгі өмірінде қоғамның ол адам жайындағы қамқорлығы барған сайын арта түсетін болады» деп тұжырымдады.

Социалистік өндірістік қатынастардың өндіргіш күштердің өркендеуі дәрежесінен қалмай, үздіксіз дамып жетілуі коммунистік қоғамның материалдық-техникалық базасы жасалуын шапшаңдатады. Коммунистік құрылыстың бұл сияқты маңызды заңдылықтарын қоғамның дамуы үшін дұрыс пайдалана отырып, Коммунистік партия елімізді коммунизмнің толық жеңісіне қарай бастап келеді.

Куба халқының бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күресі

«Қазақстан коммунисті» журналының оқушылары А. Құмаров, Қ. Тұрысбеков, Б. Қабдрахманов (Алматы) жолдастар Кубаның тарихы, экономикалық жағдайы, Куба революциясының мәнісі, ондағы соңғы оқиғалар жайында журнал бетінен түсінік берілуін сұрайды. Төменде Алматы Жоғары партия мектебінің доценті, тарих ғылымының кандидаты А. Ермолаев жолдастың мақаласын жариялап отырмыз.

Кәзір совет адамдары мен бүкіл прогресшіл адамзат Куба халқының американизмге қарсы, өзінің бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы батыл да қажырлы күресіне көз тігіп отыр.

Куба республикасы Куба, Пинос аралдарында және Вест-Индияның бұларға таяу 1 600 аралында орналасқан. Оны Америка Құрама Штаттарынан 170 километрлік теңіз қылы бөліп тұр. Кубаның халқы 6 миллионнан сәл ғана асады.

Куба — аграрлы ел. Қант өндіру мен оны шетке шығарудан Куба дүние жүзінде бірінші орын алады. Қант — елдің негізгі ұлттық байлығы. Кубаның қойнауы қазба байлықтарға толы, онда темір, марганец, хром және мыс рудалары, никель, боксит және басқа сирек кездесетін металдар көп.

Ұзақ жылдар бойы Куба Испанияға отар болып келді. Бұдан құтылғаннан кейін ХІХ ғасырдың аяқ шенінде ол Солтүстік Америка монополияларына тәуелді болды. Сөйтіп, шын мәнісінде АҚШ-тың отарына айналды.

Американизм Кубаны ондаған жылдар бойы билеп-төстеді. Бұл Куба халқы үшін қайғылы кезең болды. Солтүстік американизм монополиялары кубалықтарға зорлық-зомбылық көрсетіп, оларды өздерінің жерлерінен қуып шықты. Қант өнеркәсібіне, электр қуатын өндіруге, әуе және теңіз транспортына Америка капиталының қатаң бақылауы орнатылды. Америка монополиялары елдегі бар никельді, басқа да минералды қорларды тегіс иемденіп алды. Бүкіл ірі банктер американдардың қарамағында болды, Кубаның сыртқы саудасына да солар әмірін жүргізді.

Кубаның Америка Құрама Штаттарына саяси жағынан тәуелді болуына американизм сенаторы Платтың 1901 жылы 1898 жылғы декларацияға енгізген түзетулері едәуір себеп болған еді. Бұл түзетулер бойынша соғыс-теңіз базалары АҚШ-қа жалға берілді. Мәселен, Американың Гуантанамодағы бір базасы осы уақытқа дейін сақталып отыр.

Құрама Штаттардың 1898 жылғы 20 апрельдегі декларациясы Кубаны азат және тәуелсіз ел деп жариялай тұрса да, ол шын мәнісінде дәл солай болған жоқ. Америка Құрама Штаттары Кубаның ішкі істеріне ашықтан-ашық араласты, оның саяси тіршілігін американизм елшісі басқарды.

Американизм отаршыларының тепкісінде болған кездегі Куба халқының өте ауыр халі туралы Куба үкіметінің премьері Фидель Кастро Біріккен

Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының XV сессиясында сөйлеген сөзінде толық баяндап берді.

Қанқұйлы Батистаның кезінде америка миллиардерлері ар-ұят дегенді жиып қойып, елдің ұлттық байлығын талан-таражға салды, оның халқын аштыққа, қайыршылыққа душар етті. Ол кезде елде 600 мың жұмыссыз адам болды. 3,5 миллион адам қайыршылық өмірді басынан кешіріп, тозығы жеткен лашықтар мен жер үйлерде тұрды. Халықтың тең жартысы дерлік электр дегенді білмеді. Пәтер акы өте қымбат болды. Балалардың басым көпшілігі мектепке бармады. Халықтың 37 проценті сауатсыз еді. Селолық жерлердегі оқуға тартылмаған балалардың саны 70 процентке жетті. Елді ауру жайлады. Сөйтіп, халық өлмесінің күнін көрді. Батиста үкіметі зорлық-зомбылық, террорды күшейтті. Бірақ, Куба халқы мойымады, күннен-күнге күресті өрістеті берді.

1953 жылы 26 июльде доктор Фидель Кастро бастаған бір топ жас жігіт Батиста өктемдігіне қарсы қарумен бас көтерді. Олар Сантьяго қаласындағы Монкада казармасына шабуыл жасады. Міне, Куба патриоттарының осы қарулы күресі елде азамат соғысының басталып кетуіне жағдай жасады.

Батиста үстемдігіне қарсы күрес әсіресе 1956 жылдың күзінде кең өріс алды. Әуелі бұл күрес бейбіт сыпатта болып, еңбекшілердің жиын, демонстрация жасауы түрінде өтті. Тек Батистаның әскерлері мен полициясы демонстранттарға оқ атқаннан кейін ғана Куба халқы қолына қару алды.

1956 жылы 2 декабрьде Фидель Кастро бастаған Кубаның 82 жас революционері Батистаның қудалауы себепті шет елге барып, паналауға мәжбүр болды. Бұлар «Грамма» кемесімен бір аралға жетті де, Кубаның Ориенте провинциясының Никеро қаласы маңына келіп түсті. Алайда шекара күзеті кемеге оқ атты. 12-ақ адам тірі қалып, Сьерра-Маэстро тауларына барып жасырынды.

Фидель Кастроның көтерілісшілерін бүкіл Куба халқы қолдап шықты. Ұлт-азаттық күресінің жалыны бір провинциядан екінші провинцияға жетіп жатты. Кастроның партизан тобы өсе берді, кейін ол үлкен партизан армиясына айналды. Күрестің негізгі түрі деревнядағы қарулы күрес болды. Ұлт-азаттық күресінде жұмысшы табы мен оның жетекшісі—Кубаның Халықтық-социалистік партиясы үлкен роль атқарды.

Куба халқының азаттық күресі 1959 жылғы январьда феодализмге қарсы, антиимпериалистік, халықтық революцияның жеңісімен аяқталды. Бұл революция Куба халқын құлдықтан, қайыршылықтан құтқарды. Революцияның негізгі күштері жұмысшылар, шаруалар және революциялық пиғылы бар ұсақ буржуазия еді. Сыпаты жағынан алғанда буржуазиялық-демократиялық осы революция барған сайын тереңдей түсуде. Революцияның сыпаты мен ерекшелігін 1960 жылы августа болған, Кубаның Халықтық-социалистік партиясының VIII съезі айқындап берді.

Съезд берген анықтама бойынша, Куба революциясы «патриоттық әрі демократиялық, азаттық әкелуші әрі аграрлық революция, халықтық әрі озық революция. Ол сонымен бірге антиимпериалистік және радикалдық әдісті қолданып, үнемі алға басып отыратын революция. Куба революциясы социалистік кезеңге әлі жеткен жоқ, бірақ ол капитализмнің өршуіне жағдай жасамайды».

Революцияны басқарып отырған буржуазия емес. Революция солшыл күштердің қолында. Ал солшыл күштер дегеніміз революциялық пиғылы бар ұсақ буржуазия, жұмысшы табы, кедей және орта шаруалар.

Революцияның тез дамып, алға басуының негізгі бір себебі, ол қарулы күрестің нәтижесінде жеңіске жетті. Ол ескі соғыс машинасын қи-

ратып, жаңадан революцияшыл қарулы күштерді (армияны, авиацияны, флотты және полицияны) жасақтады. Елдің қарулы күштерін үнемі өз бақылауында ұстаған Американың соғыс миссиясы қуылып жіберілді. Демократияға қарсы шыққан, оны қудалаған органдар таратылды, революциялық хауіпсіздік органдары құрылды. Бұрынғы реакцияшыл топтардың орнына өкімет басына Фидель Кастро үкіметінің төңірегіне тығыз топтасқан халықтық және революцияшыл таптар отырды.

Революция Солтүстік американың империализмінің саяси үстемдігін құлатты. Революцияшыл үкімет империализмге батыл қарсы шығуда. Ең қысқа мерзім ішінде елде аса маңызды әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жасалды. Аграрлық реформа аяқталып келеді, жері аз немесе жері жоқ 200 мың шаруа жер алды. 1960 жыл аграрлық реформа жылы деп жарияланды. Реформа жүргізілгеннен кейін Кубада ірі жер иеленушілік деген атымен жойылады. Жерді бөлуге байланысты кооперативтердің әртүрлі формалары пайда бола бастады. Үстіміздегі жылдың көктеміне дейін елде жүз мың адамды біріктірген 764 кооператив жұмыс істеді. Қант қоғасы плантацияларында тағы 500 кооператив ұйымдастыру жоспарланды.

Биыл Кубада болып кайтқан, Американың «Мансис ревью» журналының редакторлары Хьюбермен және Суизи «Куба. Революцияның анатомиясы» деген кітабында былай деп жазды: «Жері жоқ ауылшаруашылық жұмысшылары кооперативтерге кіріп жатыр. Олардың аздаған жеке меншік мүлкінен басқа ештеңесі жоқ. Олар әр жерде бытырап жатқан лашықтарда тұрады. Кәзіргі уақытта олар өздеріне жаңа, жайлы үйлер салу қамында. Жаңа үйлер мектептер мен халықтық дүкендердің қасына салынып жатыр. Кооператив мүшелері жалақыны бұрынғысынан екі-үш есе артық алады, ал жыл аяғында (я болмаса мерзімді уақыт өткеннен кейін) тапқан табысты олар өзара бөліседі».

Аграрлық реформаны жүргізу ауылшаруашылық өндірісін оған сайын өрге бастыруға жағдай жасады. Бұрын бос жатқан 250 мыңдай акр жер тазартылып жыртылды, егін егілді, үлкен өнім берді. Сапат деп аталатын көлемді батпақты құрғату жұмыстары басталды.

Үкімет барлық американың компаниялары мен банктерін национализациялады. Тек октябрь айында ғана 384 ірі трест (оның ішінде американың трестері де бар) национализацияланды. Елдің экономикасын дамытуға қатысып отырған Канаданың тек екі банкі қалды. Бұрын американың монополияларының қарамағында болған бүкіл электр, кен, газ, телефон компаниялары мемлекет бақылауына алынды. Мұның өзі Кубаның Америкаға экономикалық жағынан тәуелді болудан толық құтылатындығын білдіреді. Елдің бүкіл өнеркәсіп өнімінің 70 проценттен астамын сол национализацияланған кәсіпорындар береді. Куба үкіметі елді индустрияландыруға бағыт алып отыр. Экономиканы жоспарлаудың Ф. Кастро бастаған Орталық Советі құрылды.

Әлеуметтік заңдар қайта қарала бастады. Кәсіподақтарды империалистік агенттерден тазарту ісі жүріп жатыр. Кубаның кәсіподақтары ерікті кәсіподақтардың реформистік Халықаралық конфедерациясынан шықты. Жұмысшы шаруа милициясы, қант заводтары мен плантацияларын қорғау жөнінде жасақтар құрылды. Контрреволюционерлердің, бүлікшілердің, опасыздардың, сотталған қылмыскерлердің мүліктері конфискеденді.

Халықтың тұрмыс және мәдени дәрежесі едәуір артты. Кәзір мұнда жұмыссыздық деген жоқ. Пәтер ақы 50 процент кемітілді. Оқушылардың саны тек бір жыл ішінде ғана 25 процент өсті. Егер бұрын Кубада тәуелсіздік алғаннан бергі талай уақыт ішінде небәрі бір-ақ мектеп салынса, революцияшыл үкімет қызмет істеген бір жылдың өзінде ғана жаңадан 37 мектеп салынды. Халықтың сауатсыздығын жою жөнінде курстар ашылып, таяудағы үш-төрт жыл ішінде мектеп жасындағы бар-

лық балаларға бастауыш білім беру міндеті қойылды. Деревняларда үш мың мектеп ашылды. Тұрғын үй мәселесін шешу жөнінде де тиісінше шаралар белгіленуде. Екі жылға жуық уақыт ішінде 25 мың жаңа үй салынды, 50 поселке орнады. Село халқына дәрігерлік көмек көрсететін арнаулы санитарлық отрядтар құрылды.

Бірақ Куба революциясының табыстары Америка Құрама Штаттарының билеп-төстеуші топтарының мазасын алуда. Азаттық сүйгіш Куба халқына үлкен хауіп төнді. Америка империализмі оған соғыс хауіпін төндіруде. Арандатудан соң арандату көбейіп келеді.

1960 жылғы 13 январьдан бері американ самолеттері Кубаның кант плантацияларын өртеп, жай халықты бомбалап жүр. Куба астанасы — Гавананың көшелері бірнеше рет пулеметтен атқыланды. 1960 жылғы жаз айынан бастап Кубаға күшті экономикалық қысым жасалды. Америка Құрама Штаттары Кубаның қантын сатып алудан бас тартты. Олар тіпті дәрі-дәрмек беруді де тоқтатты. Американдар Кубаға мұнай өнімдерін де бермей қойды. Июль айында Кубада соғыс жанжалы туып кете жаздады. Америка Құрама Штаттары Куба республикасына қарсы өзінің теңіз-жаяу әскерлері мен парашют-десант бөлімдерін түсіруге әзір тұрды. Американдар экономикалық қыспаққа алып және соғыс интервенциясына әзірленіп Кастровын үкіметін құлатпақшы, сөйтіп бұрынғы отарлық тәртіптерді қайта орнатпақшы болды. Олар Кубада 1954 жылы Гватемалаға істеген зұлымдық әрекетін қайталамақшы еді. Бірақ бұл жолы американ империалистері есебінен жанылды.

Соңғы кезде дүние жүзіндегі күштердің ара салмағы социализм, демократия және бейбітшілік лагерінің пайдасына өзгергені белгілі. Куба үкіметі арандатушылыққа қарсы тұрды. Куба халқын Совет үкіметі жақтап шықты. Сондықтан американ империалистері соғыс ашу пиғылынан кері қайтты. Бірақ, содан кейін де Куба республикасына қарсы арандатушылық әрекеттер тыйылмады. Әсіресе, соңғы кездегі оқиғалар хауіп-қатерлі болып барады. Дүние жүзінің жұртшылығы бұған ерекше назар аударып отыр. Шет ел баспасөзінің хабарларына қарағанда, Америка Құрама Штаттарының билеп-төстеуші топтары Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының ашылу күніне Кубаға қарсы агрессияшыл жоспарларын жүзеге асырмақ болған. Мемлекеттік департамент Гаванадан АҚШ елшісін белгісіз мерзімге қайтарып алды. Американың Майями қаласындағы Куба консулдігіне шабуыл жасалды. Кубаға зат шығару тоқтатылды, оның Америка сауда кемелерін пайдалануына, сатып алуына тиым салынды.

Алайда экономикалық қыспақтан түк шықпады. Куба Совет Одағымен, басқа да социалистік елдермен экономикалық байланысын ұлғайта бастады. Совет Одағы Кубадан кант сатып алып, оған мұнай беріп жатыр. Совет Одағының және басқа да социалистік елдердің көмегімен мұнда ірі-ірі өнеркәсіп орындары салынуда. Совет—Куба экономикалық байланысының ұлғаюына Кубаның сауда делегациясының Москваға келіп қайтуы толық дәлел.

Экономикалық қыспақтан түк шықпағаннан кейін, енді американ империалистері Кубаға қарсы соғыс ашуға әзірлікті күшейтті. Панама каналы ауданына ракета қондырғылары әкелінді, ол Кубаға қарсы бағытталған. Кубаның шығыс жағалауына одан қашқан, бұдан қашқан бандиттерден құралған экспедициялық отряд кемемен түсірілді. Бұл банданы құрту жөніндегі Куба армиясы мен халықтық милицияның ұрыс қимылдары 29 күнге созылды. Бірнеше елді жерге он бір парашют десант тобы түсірілген. Американың Гуантанамо соғыс-теңіз базасында орналасқан теңіз-жаяу әскерлерінің солдаттары жауынгерлік әзірлікте тұр.

Американың билеп-төстеуші топтары Кубаға қарсы агрессия жасау үшін Гватемала мен Никарагуа жерін пайдалануда. Мексиканың

«Диарло де ля тарде» газетінің хабарына карағанда, американ офицерлерінің басшылығымен 6 мың жалдамалы карақшы Гватемалада әскери дайындықтан өткен. Американың президенті Эйзенхауэрдің бұйрығы бойынша американ соғыс-теңіз флотының кемелері мен авиациясы Куба жағалауына жақын жерде әрдайым жортуылда жүреді. Флорида түбегінде Кубаға қарсы арнаулы контрреволюциялық армия құрылған.

Кәзіргі жағдайға байланысты Куба үкіметі 19 октябрьде Американың Куба жеріне басып кіру жоспарын әлемге әйгілеп, Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының тез, шұғыл шаралар қолдануын, американ агрессиясын тоқтатуын сұрады. Америка Құрама Штаттары өзінің одақтастарының көмегі арқасында 45 дауыспен Кубаның шағымын қабылдамай тастады. Дегенмен, Кубаны 29 ел қолдады. Кубадағы оқиғалармен бимаза болып отырған бүкіл бейбітшілік сүйгіш адамдар американ агрессорларына лағнат айтуда.

Латын Америкасының елдері де Куба жағында, Мексикада, Уругвайда, Венесуэлада, Бразилияда митингтер өткізіліп, халық американ агрессорларына үлкен наразылық білдіруде. Барлық елдерде «Кубадан қолыңды тарт!» деген ұран күннен күнге өктем естілуде. «Бостандықты, әділдікті және бейбітшілікті тілейтін барлық халықтардың парызы, — деді Мексиканың көрнекті саяси қайраткері Эриберто Хара, — осы жантүршігерлік арам пиғылды жүзеге асыруға қалай да жол бермеу үшін күресу».

Куба — Латын Америкасы елдері үшін жарқын үлгі. Бұл елдердің халықтары Куба революциясының жолымен жүрсе, американ үстемдігінен құтылуға болатынын, шын мәнінде бостандық пен тәуелсіздік алуға болатынын жақсы біледі. Гватемала мен Никарагуада, Венесуэлада, Сальвадорда тағы басқа елдерде американ үстемдігіне қарсы күрес күшейе түсуде.

Ержүрек Куба халқын біздің елдің халықтары, сол сияқты қуатты социалистік лагерь елдерінің халықтары қызу қолдап, ізгі тілектестік білдіріп отыр.

Баспасөзде жарияланған, өзінің Куба журналистерімен әңгімесінде Совет үкіметінің басшысы Н. С. Хрушев жолдас совет халқының атынан Куба халқына сәлем жолдады. «Кубалықтарға менің сәлемімді және достық тілектестігімді айта барыңыз: біз Кубаның жеңіп шығуына және табыстарға жетуіне тілектеспіз. Егер Куба халқы жаулардың қоқан-лоққысынан сескенбей, Фидель Кастроның басшылығына сүйеніп, табандылық пен ұйымдасқандық көрсететін болса, онда олар қиыншылықтарды жеңіп шығады және өздерінің дұшпандарына қарсы қарулы күресте жеңіп шыққаны сияқты, бұл жолы да жеңіп шығатын болады, империалистерге тәуелсіз және азат, жаңа тұрмыс орнатуда табыстарға жететін болады».

Кубалықтар Н. С. Хрушев жолдастың мәлімдемесін асқан жігермен қарсы алды. Куба халқы өзінің бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауға әзір тұр. Кәзір бүкіл елге «Отан не өлім», «Біз женеміз!» деген айбынды ұран тарады. Кастро жақында сөйлеген бір сөзінде егер империалистер бізге шабуыл жасамаса, революция Американың барлық халықтарына үлгі көрсетіп, жеңіспен алға баса береді. Егер олар бізге шабуыл жасаса, олардың халі барынша нашарлай түседі. Абзалы, олардың мұндай ақмақтыққа бармағаны жақсы деді.

Бүгінгі күндері Кубаның тамаша ақыны, публицисі, бейбітшілік үшін күрескер Хосе Мартидің бұдан 80 жыл бұрын айтқан «халықтың күреске деген ынта-жігерін ешкім тоқтата да, тойтара да алмайды» деген сөзі тағы да еске түседі. Куба халқының әділ ісі салтанат құрып, жеңіп шығатыны кәміл.

А. ЕРМОЛАЕВ,
тарих ғылымының кандидаты.

Сын және библиография

Қазақ әдебиеті туралы жаңа еңбек

Ә. ДЕРБІСАЛИН,

филология ғылымының кандидаты.

Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті «Қазақ халқының әдеби-поэзиялық және музыка мұрасын зерттеудің, сын тұрғысынан карап пайдаланудың жайы мен оларды жақсарту шаралары туралы» 1957 жылғы қаулысында: «Қазақ халқының революцияға дейінгі бұрынғы мәдениетінен советтік құрылысқа рухани бай құнды мұралар қалды. Олардың арасынан ауызша поэзиялық және музыка творчествосы: ертегілер мен аңыздар, мақалдар мен мәтелдер, батырлар жырлары мен әлеуметтік-тұрмыс жырлары, лирикалық және тұрмыстық өлеңдер айрықша орын алады, олардың көпшілігі терең мағыналы халықтығымен және көркемдік жетілгендігімен көзге түседі» деп көрсете келіп, таяу жылдардың ішінде ауыз әдебиетіне арналған бірінші томды жазып бітіру мәселесін алға қойған еді. Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты осы үлкен еңбекті¹ жуықта басып шығарып, қалың оқушы жұртшылыққа ұсынып отыр.

Қазақтың ауыз әдебиетіне арналған бірінші томның ең әуелі 1948 жылы жарияланғаны мәлім. Бірақ, ол еңбек көптеген бағалы, ұтымды жақтарымен қатар, елеулі кәте-кемшіліктерімен жарық көрген еді. Атап айтқанда, онда ауыз әдебиетінің халықтық нұсқалары нақты іріктеліп алынбай зерттелген еді, халық мүддесіне қайшы келетін жеке шығармалар кәте бағаланып, кейбір тарихи адамдарға өзіне лайық баға берілмеген еді.

Әдебиет тарихының жуырда жарияланған бірінші томы бұл кемшіліктердің қай-қайсынан да арылған. Мұның үстіне оны авторлар коллективінің атап көрсеткеніндей, алғашқы кітаптың екінші басылуы деп те қарауға болмайды. Себебі, кітаптағы жаңадан жазылған тың тарауларды айтпағанның өзінде, бұрынғы тараулардың өзі соны материалдар, тың пікірлермен көп толықтырыла түскен, бірсыпырасын жаңа авторлар қайтадан жазған. Демек, бұл еңбекті институт коллективінің оқушы талқысына ұсынып отырған соңғы жылдардағы еңбегінің тың жемісі деп танып, оның өзіндік жетістік, кемшілігін бағалауға да осы тұрғыдан келген жөн.

Бірінші том «Қазақ халқының ауыз әдебиеті туралы ғылымның даму тарихы» (авторы Н. С. Смирнова) деген көлемді шолу тараумен ашылады. Ауыз әдебиеті нұсқаларының жиналу, жариялану, зерттелу жайын екі үлкен кезеңге (Октябрь революциясына дейінгі және кейінгі) бөліп қарастыратын бұл тарауда факт жетерлік. Автор сонау ХІ ғасырда жарық көрген «Құдатқу билик» кітабында жарияланған қазақтың бірін-саран мақал-мәтелдерінен бастап бүгінгі үлкен зерттеулерге дейін байсалды шолу жасайды. Автордың көптеген пікірлері орынды да дұрыс. Қазақ фольклорын жинап, жариялап және оған пікір айтқан

¹ Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Бірінші кітап. Жалпы редакциясын басқарған Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі М. О. Әуезов. Алматы. 1960. Көлемі 740-бет.

Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, В. Радлов, Г. Потанин, Ә. Диваев сияқты адамдардың еңбектеріне автор жеке-жеке тоқтайды.

Негізінен жақсы жазылған осы тарауда кейде өзге ғалымдардың пікірлері бірөңкей баяндалып, автордың өзіндік топшылаулары сиреп, екінші орынға қалып қояды. Сондай-ақ, Н. Смирнова жолдас көбінесе әр зерттеушінің еңбегіндегі бағалы пікірді орны-орнымен дұрыс көрсетіп отырса да, кейде осы принципін ұмытып, жеке авторлардың пікірін өзіндік қорытындыға айналдырып жібереді, сөйтіп, олардың аты-жөнінде, еңбегін де атамайды.

Қазақ ауыз әдебиетінің аса бай және көне салаларының бірі «Тұрмыс-салт жырлары» кітапта алуан түрлі сан-сапалық ерекшеліктерімен сипатталған (авторы М. Сильченко). Революциядан бұрынғы және одан кейінгі кезендерде қоғамдық өмірге, шаруашылық түрлеріне, әдет-ғұрыптарға байланысты өлең-жырлардың көптеп жиналуы, әр алуан варианттарының жазылып алынуы зерттеушінің бұл мәселеде тиянақты, жинақтаушы пікірлер айтуына мүмкіндік берген. Автор тұрмыс-салт өлеңдерінің ішкі заңдылықтарын ескере отырып, оларды шартты түрде үш негізгі салаға топтастырып: салт өлеңдері, лирикалық өлеңдер, тарихи өлеңдер деп зерттейді. Автордың мұнысын мақұлдау қажет.

Тұрмыс-салт өлеңдерінің ішкі мәні мен маңызын, сыры мен сипатын аша түсуде ғалым бір негізгі принципті — тұрмыс-салтқа байланысты туған әрбір шығарманы халықтың өмірімен, оның экономикалық тұрмысымен тығыз бірлікте қарау принципін — үнемі қадаралап отырады. Мысалы, қазақ арасында төрт түлік мал туралы өлеңдердің өте-өте көптігін әдебиетші бұл халықтың көне замандардағы күнкөрісі, тіршілік hareketі тек мал шаруашылығына байланысты болғандықтан дей келіп, сол өлеңдерден халықтың ескі кездегі әдеті мен салтына, сенімі мен түсінігіне сәйкес көптеген жайттарды да аңғаруға болатынын дәлелдейді. Автордың жарамазан, арбау, жалбарыну өлеңдер, бақсы сарыны, бәдік тәрізді өлеңдердің діни ұғымдар мен әдеттерге байланысты туғанын және сол діни сенімдерді уағыздайтынын көрсетуі де назар аударарлық. Зерттеушінің сынсу, жар-жар сияқты тұрмыс-салт өлеңдерін талдай келіп, бұл шығармалардың әуел баста жастардың теңіне қосыла алмағанын білдіретін — өзінше бір наразылықтың жалпыға ортақ түрі ретінде пайда болғанын дәлелдеуі де қызықты және бағалы пікір. М. Сильченко сонымен қатар, лирикалық және тарихи өлеңдердің өсу, даму жолдарын да байқап, нақты көрсете алған.

«Тұрмыс-салт жырларына» арналған үлкен тараудың жекелеген кемшілігі де жоқ емес. Автор тұрмыс-салт өлеңдерін бірөңкей ауыз әдебиеті материалы ретінде зерттеумен ғана тынады. Ал шындығында бұлардың көбі, екінші жағынан, этнографиялық та материал. Зерттеушінің бұл ретте де азды-көпті пікірлер айта кеткені артықшылық етпейтін еді. Осы тарауда бірін-бірі жоққа шығаратын, біріне бірі қайшы пікірлер де бар. Мысалы, автор 99-беттегі бір пікірне осы беттің өзінде қарсы шыққан. «Жалпы өлеңдердің ішінде ең көбі және тақырыбы жағынан молы да салт өлеңдері» десе, 10—15 жолдан кейін: «Салт өлеңдері тақырыптық жағынан біртектес секілді» деп өзгеше бір тұжырым жасайды.

Қазақ ауыз әдебиетіндегі бай да қызық жанрдың бірі — «Шешендік сөздер» (авторы Б. Адамбаев). Ол мүлдем жаңадан жазылған. Шешендік сөздерді тану, бағалауға байланысты бұрын азды-көпті қате пікірлердің орын алып келгені мәлім. Мұның өзі әсіресе шешендік сөздердің ішінен халықтық нұсқаларын айырып, танып алу мәселесіне байланысты еді. Сөз болып отырған тарауда, ең алдымен, осы мәселе дұрыс шешімін тапқан. Автор шын мәніндегі халықтық сөздерді тандап, талғап алып, олардың идеялық, көркемдік сыр-сипатын ашу ісінде едәуір еңбек еткен. Сондай-ақ, автордың шешендік сөздерді әр алуан мазмұн

ерекшелігіне қарай: шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау деп үш топқа бөлуіне де келісуге болады.

Алайда шешендік сөздерді зерттеуге байланысты алдағы уақытта назар аударарлық мәселелер жоқ емес. Атап айтқанда, автордың ең алдымен шешендік сөздердің түрі мен жасалу принципі және мазмұны мен мән өзгешелігі жағынан мақал-мәтелдерден қандай принциптік айырмасы бар екенін ғылыми дәлелдеуі, нақтылай түсуі қажет. Томда бұлардың өзара ұқсастығы аздап сөз болады да, ерекшелігі мүлде айтылмайды. Екіншіден, ауыз әдебиетінің басқа түрлері сияқты шешендік сөздер де қоғам өміріндегі белгілі бір оқиғаға, кесек кимыл-әрекетке байланысты туып отырған, демек, шешендік сөздің көбі дерлік тарихтағы ірі оқиғаларға байланысты туып, солардың кейінге қалған ескерткіш, жаңғырығы ретінде ұзақ жылдар өмір сүріп біздің заманымызға жеткен. Олай болса бұлардың да түпкі негізінде замана шындығы жатыр. Мұның өзі зерттеушіден, мүмкіншілігінше, әрбір шешендік сөздің туу кезі мен қандай оқиғаға байланысты пайда болғанын, сол арқылы жалпы осы жанрдың өмір шындығын танытушылық сырын айқындай түсуді талап етеді. Сондықтан «Шешендік сөздердің құндылығы тек шындығында емес» (173-бет) деп, жанамалап өте шығу жеткіліксіз. Үшіншіден, шешендік сөздердің бірсыпырасы көпшілікке ақыл, кеңес ретінде айтылып, халықтың адамгершілік туралы түсінігі мен арманын білдіреді. Олай болса шешендік сөздер арқылы халық ұғымындары гуманистік идеялардың өзіндік жүйесін айқындай түсу қажеттігін де ескерген мақұл.

Кітаптың «Жұмбақтар» (авторы Ә. Марғұлан) мен «Мақал-мәтелдер» (авторлары Б. Ақмұқанова мен З. Ахметов) арналған бөлімдері қысқа да нақты жазылған. Бұл тақырыптарды авторлар басты екі мәселенің төңірегінде зерттеген, атап айтқанда, ауыз әдебиетінің өзге салаларына қарағанда жұмбақтар мен мақал-мәтелдердің әрбір кезеңдер сайын өсіп, молайып отыратыны, осыған сәйкес оларда дәуір ізінің айқынырақ сақталатыны.

Авторлар бұл жанрлардың шын мәнінде бай және жанжақты екенін, халық өмірінде бұлар араласпаған бірде-бір саланың жоқ екенін дәлелдей алған. Авторлардың әсіресе мақал-мәтелдерде кездесетін көп варианттылықты, тіпті кейде жеке бір варианттардың үстем таптың мүддесін ғана көздейтінін дәлелдеуі де ғылыми дәйекті. Жұмбақтар мен мақал-мәтелдердің түр мен мазмұн ерекшеліктері жағынан, сондай-ақ жасалу принциптері тұрғысынан зерттелуі — осы тараулардың ең бір сәтті өзгешеліктері.

Алайда, жұмбақтарға берілген «Жұмбақ адамның дүниетану жолындағы ой-өрісінің, адам қиялының белгілі бір сатысын көрсететін, ой тапқыштығының бір түрі», — деген анықтама, біріншіден, тым қысқа екіншіден, нақты емес тәрізді. Өйткені жұмбақтардың бүкіл табиғатынан ойын-сауықтың құралы есебінде туып, өсіп келе жатқанына қарағанда әуелі баста олар ой, ақыл жаттығулары, логикалық жаттығулар ретінде адамның ақыл-ойын кеңейте, тереңдете түсу мақсатында туған сияқты. Жұмбақта белгілі бір нәрсенің негізгі белгілерінің ғана айтылып, оны ойлап табу үшін, айналадағы дүниенің өзіндік қасиеттерін мол байымдау қажеттігі, мұнсыз жұмбақтың шешілмейтіні осыны айғартады. Сондықтан жұмбақтарға берілген кітаптағы анықтаманы әліде тереңдете, нақтылай түсу керек.

Қазақ ауыз әдебиетіндегі аса құнарлы саланың бірі «Ертегілер» (авторы М. Әуезов) екі негізгі проблеманың төңірегінде зерттелген. Олардың бірі, ауыз әдебиетінің басқа салалары сияқты, ертегілерді халықтың жалпы тарихымен байланысты зерттеу мәселесі болса, екіншісі, әрбір ертегіге екі түрлі мәдениет туралы лениндік қағида тұрғысынан баға беру мәселесі. Ертегілерді зерттеуге байланысты бұрын орын алып

келген қате-кемшіліктердің өзі осы екі мәселенің тиянақты шешімін таба алмағандығынан еді. Автор қазақ ертегілерінің қоғамдық өмірмен байланысын ескере отырып, оларды тарихтық үш үлкен дәуірге бөледі. Бірінші, ерте замандардан бастап өткен ғасырдың 60-жылдарына дейінгі ертегілер, екінші, 60-жылдардан бастап социализм дәуіріне дейінгі ертегілер, үшінші, социализм дәуіріндегі ертегілер. Ертегілерді бұлайша жіктестіріп зерттеу авторға ертегілерде кездесетін әр заманның өзіндік шындығын нақты айқындай түсуге көп себін тигізген. Соның нәтижесінде автор көне заманның ертегілеріне тән қасиет, оларда, көбінесе мифтік ұғым-нанымдар басым, бірақ соның өзінде «жұпыны адамның қуатына өзгеше сену бар» (226-бет) деп тұжырымдаса, реформадан кейінгі ертегілерде «Қоғамдық мінді әшкерелеу тенденциялары бұрынғыдан да басымдап, үдей түседі... Ертегілік геройлардың мінездері, тартысқа түсетін ортасы көбінесе шындыққа жақын болып белгіленеді де, салт ертегісінің идеялық, тәрбиелік, көркемдік бағасы арта түседі» (261-бет) деп қорытады. Бұл ұзақ зерттеуден туған ғылыми қорытынды.

Ертегілердің халықтық нұсқаларын айқындауда М. Әуезов пролетариаттың ұлы жазушысы М. Горькийдің ертегіге қатысты пікірлеріне сүйене отырған. М. Горький халық ертегілерінің басты ерекшелігі деп оларда халықтың өмірге деген арман-тілегімен қатар, еңбекке деген сүйіспеншілігі, өмірге оптимистік тұрғыдан қарауы бар екенін айтқан еді. М. Әуезов осы жетекші пікірді қазақ ертегілерін зерттеу үстінде шебер пайдаланған. Мұның айқын нәтижесі — кітапта талданған тақырыбы мен мазмұны әр алуан көркем де құнды ертегілер.

Қазақ ауыз әдебиеті проблемаларын зерттеудің ішінде соңғы жылдарға дейін көп дау, талас туғызып келген мәселе батырлық эпостарды тану, бағалау мәселесі. Октябрьге дейін жөнді жиналып та, зерттеліп те көрмеген бұл күрделі жанрды зерттеу мәселесін бүтіндей жолға қойған тек совет ғалымдары ғана.

Кітаптағы «Алпамыс» (авторлары Н. Смирнова, Т. Сыдықов), «Қобланды» (М. Ғабдуллин), «Ер Тарғын», (К. Жұмалиев), «Қамбар» (Н. Смирнова, М. Ғұмарова) эпостары мен «Бұрын зерттелмеген жырлар» (М. Ғұмарова) туралы жеке-жеке тараулар мұның нақты мысалы. Бұл зерттеулердің қайсысына да ортақ екі түрлі негізгі сәтті де ұтымды ерекшелікті атап өту қажет. Бірі, қазақ арасына көп тараған жырлардың бүкіл вариантына дерлік шолу жасалып, олардың әр біреуінің көркемдік-идеялық дәрежесіне байланысты артық-кемі көрсетіле келе, нағыз халықтық деген вариантты өз алдына арнайы әңгіме ету мәселесі. Мұның артықшылығы жаңағы зерттеуші өзінің халықтық деп таныған вариантын ғана ұсына салмай, оқушының да әрбір вариант туралы ойлануына мүмкіндік берген. Сондықтан бұл принципті қостауда, қолдау да қажет. Екінші, авторлар әрбір эпостың әлеуметтік мазмұнын халық өмірімен тығыз байланыста зерттей отырып, олардың туу себептері мен пайда болу кезеңі жайында, болжал түрінде болса да, тұжырымды пікірлер ұсынған. Бұлардың дұрыстығын не терістігін алдағы уақыт көрсете жатар. Алайда эпосты зерттеудің бұл дәрежеге жеткені қазақ фольклор ғылымының едәуір өскендігінің белгісі.

Қазақтың лиро-эпикалық жырлары негізгі екі үлкен саладан құралады: бірі, қазаққа (кейде Орта Азия халықтарының бірсыпырасына) тән жырлар; екіншісі, шығыс әдебиетінен келген қиссалар. Екінші саладағы қиссалар кітапта шолу ретінде ғана баяндалады да, негізгі зерттеу халықтың төл жырларының төңірегінде жүргізіледі. Бұлардың да барлығын бірдей жанжақты талдап ұсыну бір еңбектің тұсында, әрине, қиын іс. Сондықтан зерттеушілер көбінесе халық арасында ең көп таралған «Қозы Көрпеш—Баян сұлу», «Қыз Жібек» (М. Әуезов), «Айман—Шолпан» (Ы. Дүйсенбаев) тәрізді үлкен жырларды ғана арнайы талда-

ған. Бұл зерттеу негізінен осы тақырыпқа қатысты үш түрлі проблеманы айқындау, нақтылау мақсатында зерттеледі. Біріншіден, лиро-эпикалық жырлардың батырлық жырлардан негізгі айырмасы (лирикалық жырларда ел қорғау тақырыбынан гөрі махаббат, тұрмыс-салт мәселелерінің көбірек көтерілуі т. б.); екіншіден, лиро-эпикалық жырлардағы тарихи дәуірлердің көрінісі (феодализм заманындағы әдет-салттар, сүйіскен жастардың трагедиялық жәйттері т. б.); үшіншіден, лиро-эпикалық жырлардың идеялық-көркемдік ерекшеліктері т. б. Бұл проблемаларды жанжақты зерттеу авторлардың әрбір жыр жайында батыл пікірлер айтуына мүмкіндік берген. «Негізгі машықтық сияқты, — деп жазады М. Әуезов, — романтикалық тақырыпқа құрылған лиро-эпос «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» барлық дүние жүзіндегі фольклорда кездесетін, осы алуандас романтикалық эпостың заңы бойынша өрбиді» (528-бет). М. Әуезов лиро-эпикалық жырлардың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, жырлануының бір себебін ол жырлардағы жастардың «арман жолында жалындап жанып, ынтыға ұмтылып, қайғылы қаза табуынан» (531-бет), егер жырдағы жастар тілеген мұратына жеткен болса, олар жыр түгіл «азғантай аңыз да болмай, елеусіз қалар еді» (531-бет) деп қорытады. Бұл да өз алдына бір қызық, ой тұғызарлық пікір. Ы. Дүйсенбаевтың «Айман—Шолпан» туралы зерттеуіндегі бағалы ерекшеліктердің бірі—автор осы жыр негізінде лиро-эпикалық жырлардағы эволюциялық өсуді, олардың бастапқы қасиеттерін сақтай отырып, жазба әдебиеттің де элементтерін қабылдай бастауын, реалистік сипатының арта түсуін дәл байқап, жақсы дәлелдейді.

Бірінші томда «Тарихи жырлар» үш үлкен кезеңге жіктеліп зерттелген. Бірінші, «XVIII ғасырдағы тарихи өлең, аңыз-әңгімелер және жыр сарындары» (Н. Смирнова), екінші «XIX ғасырдағы тарихи жырлар» (Б. Шалабаев), үшінші «1916 жылғы көтеріліс туралы халық поэзиясы» (Е. Ысмайылов). XVIII ғасырдағы тарихи өлең, жырларды зерттей келіп, олардың қайсысына да ортақ ерекшелік ретінде автор мына жағдайды атап көрсетеді: «Бұрынғы батырлық жырларда бар машықты, дәстүрлі көркемдік үлгі өрнектерін жаңа тарихи эпикалық өлеңдерде, аңыз-әңгімелер мен жыр сарындарында пайдалана бастайды. Бірақ бұл аңыз-әңгімелер мен жыр сарындарының көбі, әлі де болса, таза тарихи жырлардың дәрежесіне жете қоймаған еді. Бұларда... бұрынғы батырлық жырлардың жанрлық белгілері де бар (580-бет). Бұл — елеулі қорытынды. Осы тараудағы екінші бір ұтымды ерекшелік—әрбір тарихи өлең-жырды талдағанда автор оның тарихи оқиғаны суреттеуге байланысты жаңалығымен қатар, ауыз әдебиетінің ескі дәстүрімен ұштастығына баса назар аударып отырады. XVIII ғасырдағы тарихи өлең-жырлардың халықтық нұсқаларын зерттей келіп, автор оларда «қазақ елінің басынан өткен үлкенді-кішілі оқиғалар мен халықтың ұғым-нанымы, арман-тілегі айқын, ашық суреттеледі. Мұнда жеке, белгілі батырлардан гөрі көптің қимылы көбірек әңгімеленеді. Ал, қолына қару алып, хан ордасына қарсы аттанған батырлардың өздері, көбінесе, қарадан шыққан боп суреттеледі (599—600-беттер), — деп қорытынды жасайды. Автор осы арқылы тарихи өлең-жырлардың бірте-бірте халықтық сипатының арта түскенін танытады.

XIX ғасырдағы тарихи жырлар туралы тарауда бұл кезеңдегі өлең-жырлардың қоғамдық оқиғалармен тығыз байланысы атап көрсетіліп, олардың бір-біріне қарама-қарсы екі түрлі бағытта туғаны және оның тарихи себептері сөз болады.

1916-жылғы көтеріліс туралы халық поэзиясына арналған тараудың фактілері едәуір мол болғанымен, тақырыптың идеялық-көркемдік және саяси-әлеуметтік сыр-сипатын ашуда бірсыпыра қате-кемшіліктері бар.

Ең алдымен бұл тарауда 1916 жылғы халық көтерілісінің өзі теріс бағаланған. «Қазақ халқының,—деп жазады Е. Ысмайылов,—1916 жылғы көтерілісі майданның қара жұмысына адам алудан шошынған жай ереуіл ғана емес еді. Бұл... ұлт азаттығын алу жолындағы революцияшыл күрес болды. Өйткені, 1916 жылғы халық көтерілісіне орталық Қазақстандағы өнеркәсіп орнында істейтін жұмысшылар да және Әліби Жанкелдин, Тоқаш Бокин, Сәкен Сейфуллин, Әділбек Майкотов сияқты революцияшыл интеллигенттер де тілектес, көмектес болды» (622-бет). Бұл сөйлемдер, ең алдымен, саяси саяздығымен көзге түседі. Олай дейтініміз, адамзат тарихындағы ешбір революция жұмысшылар мен революционерлердің тікелей өздері бастауынсыз, тек «тілектес, көмектестігімен» болып көрген жоқ. Олай болса, 1916 жылғы халық көтерілісі революциялық күрес дәрежесіне көтеріле алмаған «...стихиялық көтеріліс болды, оның бірыңғай жетекші орталығы болмады, түрліше ошақтардың арасында тығыз байланыс болмады» (Қазақ ССР тарихы. 1-том, 601-бет). Автордың 1916 жылғы «Көтерілістің негізгі қозғаушы күші езілген қазақ шаруалары болғанын... ал кейбір жерлерде, көтеріліске басшылық етуді феодалдық клерикалдық элементтер қолына алған жерлерде, бас көтерудің реакцияшыл, ұлтшылдық сипаты болғанын» (Қазақ ССР тарихы. 1-том, 600-бет) біле тұра, оны революцияшыл күрес деуі ағаттық.

Кітаптың «Айтыс өлеңдері» туралы тарауы (авторы М. Әуезов) бірсыпыра соны ғылыми пікірлерімен құнды. Мысалы, айтыс жанры бұл кезге дейінгі жазылған зерттеулердің көбінде негізінен қазақтың ауыз әдебиетіне ғана тән жанр делініп келсе, М. Әуезов бұл жанрдың ерте кезде батыс, шығыс елдерінің көбінде орын алғанын, кейбірінде әлі күнге дейін сақталып келе жатқанын дәлелдейді. Автордың екінші бір қызық та ойланарлық пікірі — бұл жанр бір кезде қазақтар үшін нағыз бүкілхалықтық және сонымен бірге ең бұқарашыл жанр болды деген пікір.

«Жұмысшы жырлары» тақырыбы — әдебиетімізде бұрын онша зерттелмеген тақырып. Сондықтан алғашқы бастама туралы (авторы марқұм Д. Шалабеков) пәлен деп пікір айту асығыстық болар деп ойлаймыз. Тек бір ғана тілек — бұл жаңа салаға қатысты материалдарды әлі де жинай, зерттей түсу қажет.

Томмен бастан-аяқ танысқан оқушы әрбір тараудың ғылыми анықтама-деректер жағынан қанағаттанарлық дәрежеде шыққанын аңғарады (1916 жылғы көтеріліс жайындағы тараудан басқасы). Мұның өзі екі салада жүргізілген. Әрбір автор ең алдымен жеке тексттің әр кездегі жариялануын, одан кейін оның зерттелу мәнісін егжей-тегжейіне дейін сөз етеді, осы ретте әрбір басылудың да, сондай-ақ, әрбір зерттеудің де әділ бағасын беріп, ондағы пайдалы пікірлерді жөн-жөнімен атап отырады. Бұл академиялық еңбекке, оның ішінде тарихқа төл де қажет іс.

Қазақ әдебиеті тарихының басы боп саналатын бұл кітапты оқушы жұртшылыққа ұсынып, Тіл мен әдебиет институты үлкен бір іс тындырды. Қазақ әдебиет тану ғылымының бүгінгі таңдағы дәрежесінде жазылған бірінші том, жоғарыда көрсетілген жеке кемшіліктеріне қарамастан елеулі еңбек. Әдебиет зерттеушілердің алдында тұрған ендігі келелі міндет — осы томның жалғасын таяу жылдың ішінде аяқтау мәселесі болмақ.

**«ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІ» ЖУРНАЛЫНДА 1960 ЖЫЛЫ
ЖАРИЯЛАНҒАН МАҚАЛАЛАР МЕН МАТЕРИАЛДАРДЫҢ**

Т І З І М І

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

	№	беті
Партия насихатының кәзіргі жағдайдағы міндеттері туралы	1	3
Мәдениет университеттерінің жұмысы туралы	12	53
БАС МАҚАЛА МЕН РЕДАКЦИЯЛЫҚ МАҚАЛАЛАР		
Ауыл шаруашылығын үздік өркендете берудің айқын программасы	1	19
Бұқараның жалынды ұйымдастырушысы болайық	2	3
Партия насихатының айбынды программасы	2	10
Қазақстан коммунистерінің съезі	3	3
Ленинизм—жеңістер туы	4	3
Қазақстан партия ұйымдарының келелі міндеттері	4	11
Міндеттемені мінсіз орындайық	5	3
Социализмнің мақсаты — халық бақыты	6	3
Қазақстанның мол астығы үшін күрес	7	3
Кәсіподақтардың жұмысын жақсартып берейік	7	9
Техникалық прогресс—өндірісті үздіксіз ұлғайтудың сара жолы	8	3
Күрделі құрылысқа күшті қарқын керек	8	9
Қазақ ССР-нің 40 жылдығын лайықты табыстармен қарсы алайық	9	3
Даңқты қырық жылдық	10	3
Халыққа коммунистік тәрбие беру — ардақты міндет	10	72
Заман талабы	11	3
Партия органдарының есебі мен сайлауы	11	10
Кейбір қорытындылар және алдағы айбынды міндеттер	12	3
В. И. ЛЕНИННІҢ ТУҒАНЫНА ТОКСАН ЖЫЛ		
В. И. Лениннің жана документтері	4	18
В. И. Ленин туралы	4	79
Т. Амандосов — В. И. Ленин — журналист	3	15
С. Бәйішев — Советтік Қазақстан туралы лениндік қамқорлық	4	32
Н. Жанділдин — Партияның лениндік ұлт саясатының салтанаты	4	23
Т. Жанкелдин — Маркстік диалектиканы дамытқан кемеңгер	4	49
Х. Жабасов — Ұлы көсемнің шығармасы қазақ тілінде	4	75
Н. Киікбаев — Ұлт мәселесінің данышпан теоретигі	4	43
Ұ. Құдайбергенов — Социалистік мемлекет жөніндегі лениндік ілімнің іске асуы	4	61
Ә. Мұқтаров — В. И. Ленин және қазақ совет мемлекетінің тууы	2	17
К. Мұқаметқалиев — Қайырымдылық, кішіпейілділік үлгісі	3	11
С. Мұқанов — Тамшыдан дария	4	39
А. Парфенов — Басшылықтың лениндік стилін меңгере берейік	4	55
Ә. Сатыбалдиев — Лениннің өсиетімен	9	44
Қ. Серікбаев — В. И. Ленин партиялық, мемлекеттік тәртіп туралы	4	67
К. Сүлейменов — В. И. Ленин туып өскен, болған жерлерде	4	71
Ш. Чокин — Елді электрлендіру жөніндегі лениндік идеяның жүзеге асуы	5	10
ҚАЗАҚСТАННЫҢ 40 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ		
С. Бақбергенов — Шұбар үстіндегі нұр	10	58
А. Байшин — Қазақстан жұмысшы табының қалыптасу кезендері	7	60
С. Бәйішев — Капитализмге соқпастан социализмге өту—біздің заманымыздың маңызды заңдылығы	10	23
М. Бесбаев — Колхозшы шаруаның өміріндегі түбірлі өзгерістер	8	52
Т. Елеуов — Қазақстан Советтерінің бірінші құрылтай съезі	10	42
Х. Жабасов — Жалпыға бірдей міндетті оқуды жүзеге асыру жолында	9	62
Ә. Қанапия — Республика мәдениеті қырық жылда	10	30
Ж. Молдағалиев — Менің республикам	10	47
А. Нүсіпбеков — Тарихи кезендер	10	36

	№	беті
Б. Однашвили — Біздің нысана — коммунизмдегіше еңбек ету	10	67
Қ. Сәтбаев — Өркен жайған ғылым	10	18
Ж. Ташенев — Шығыстағы шұғыла	10	10
Ғ. Шоланов — Индустриялы Қазақстан	5	54
МАҚАЛАЛАР		
Ш. Артығалиев — Кәсіподақтар — мәдени-кәпшілік жұмыстың ұйтқысы	2	43
Ө. Атамбаев — Әкімшілік басқару орындарын ықшамдап, жетілдіре берейік	3	20
С. Ахметов — Советтердің күші — бұқарамен тығыз байланыста	5	28
Ж. Аралбаев — Бейбіт қатар өмір сүру — Совет Одағы сыртқы саясатының мызғымас негізі	8	15
Қ. Айманов — Өндірісті механикаландыру мен автоматтандырудың әлеуметтік-экономикалық маңызы	9	9
З. Айтмағамбетов — Шаруашылықтың басшысы — халық қызметшісі	12	29
Н. Әбіләзов — Қазіргі дәуір және творчестволық марксизм	12	27
Қ. Әлиасқаров — Өнегелі металлург	12	47
С. Бегімбетов — Мол да арзан өнім алудың бір мүмкіндігі	3	32
Ә. Бәженев — Капитализмді жақтаушы бір философ туралы	3	38
А. Белов — Колхоздағы жұмыс нормасы, еңбекті есептеу, оған ақы төлеу жайында	12	36
С. Бақбергенов — Өмір өркені	6	17
С. Баянов — Техника кең қолданылып, өнімді пайдаланылсын	6	30
Б. Ғабдуллин — Абайдың дін туралы түсініктері	8	28
Е. Ғабдыров — Әдебиеттің партиялығы жөніндегі лениндік принцип	9	21
М. Дайыров — Жаңа белес алдында	12	10
Ы. Дүйсенбаев — Көркем сөздің асқан шебері	1	39
М. Есенов — Қатаң үнемділік, ұқыптылық керек	1	27
Ш. Есмұрзаев — Ертіс нұры	6	39
Н. Ешмұхамедов — Қара металлургияның болашағы жайында	7	22
П. Егоров, В. Гончаров — Техникалық прогреске күнделікті көңіл бөлінуге тиіс	9	15
Ж. Жанқозин — Советтер мол астық үшін күресте	2	23
Ә. Жақышев, Х. Қожақметов — Түсті металл ысырабына жол берілмесін	6	44
Ф. Жеребятъев, И. Тепляков, Ю. Гераскин — Суармалы егіншіліктің экономикалық тиімділігі жайында	9	38
Ә. Жүсіпов — Партиялық, мемлекеттік тәртіп қатаң сақталсын	2	37
С. Имашев — Партияның қолқанаты	5	16
И. Иванов — Женіл және тамақ өнеркәсібінің өркендеуі	5	34
Ә. Кәкімжанов — Тын өлкесіндегі кейбір әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жайында	3	26
Ә. Кәкімжанов — Совет адамының игілігі үшін	6	10
Р. Қуатов — Қолхоздарда өнімнің түсер құнын кеміту мүмкіндіктері	1	33
М. Қаратаев — Әдебиет пен көркемөнердің эстетикалық тәрбиелеуі ролі	6	22
Х. Қапанов — Председатель — колхоз кадрлары ішіндегі негізгі тұлға	9	32
С. Мәуленов — Биік мақсат, кең өріс	2	30
А. Нұрқанов — Қазақ халқының ардагер батыры	12	41
С. Омаров — Қала мен деревняның экономикалық байланысының нығаюы	11	22
Ғ. Оразалиев — Адам тәрбиелеу — идеологиялық жұмыстың негізгі міндеті	12	16
А. Рахманов — Насихатшы — негізгі тұлға	7	16
Қ. Сағындықов — Радио мен телевидение — бұқараны тәрбиелеу құралы	5	22

	№	беті
К. Сұлтанов — Жұртшылық — жарасты тұрмыстың қожасы	5	32
А. Туғанбаев — Экономикасы кенже қалған елдерге Совет Одағының көмегі	7	36
А. Токмағамбетов — Алыстан басталған жол	11	32
С. Хайдаров — Марксизмнен айныған дұрыс жолдан таяды	7	28
К. Шалабаев — Жұмысшы, шаруа тілшілері — баспасөздің тірегі	8	15
Ә. Шәріпов — Оқуды өмірмен ұштастыру — мұғалімдердің басты міндеті	9	26
К. Шәймерденов — Социализм елдері коммунизмге қалай өтеді	11	16
Т. Ыдырысов — Замандас тұлғасын жасау — биік мұрат	5	37
Е. Ысмайылов — Аса көрнекті жазушы	11	26

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Е. Айдарғалиев — Міндеттемені абыроймен орындаймыз	6	66
М. Аталықов — Партия оқуының дәрежесі жоғары болсын	9	51
Қ. Әбілдаев — Басшылық әдісі ширақ болса, жұмыс та жақсы	8	42
Қ. Әбілдаев — Іскер де жігерлі басшылық керек	12	56
Қ. Байғожин — Шопандардың іріленген бригадасы	8	43
У. Иманәлиев — Бастауыш партия ұйымдарының іскерлігін арттыра берейік	3	51
Т. Ишмаков — Ауыл мәдениетін көркейту жолында	6	70
Т. Қағазов — X съезд шешімдерін жүзеге асыру күресінде	6	62
А. Мансұров — Жүгері — дақылдың асылы	2	54
Т. Махмұтов — Тәжірибе тарату — басшылық өзегі	7	48
М. Нұрғожаев — Бұқаралық саяси жұмыс нақты, пәрменді болсын	1	64
М. Сужиков — Социалистік міндеттемені орындауды қалай ұйымдастырамыз	3	44
Қ. Серікбаев — Ұйымдастыра білген табысқа жетеді	7	42
М. Салиев — Жаңа белесте	7	52
О. Сұлтанғалиев — Партия насихаты өмірге орайлас жүргізіледі	5	46
К. Третьяков — Еңбекшілердің тұрмысын жақсартуға күнделікті көңіл бөліңіз	1	51
Ә. Тобағабылов — Партия ұйымдарының төл ісі	2	44
А. Үкібаев — Міндеттемені орындау ардақты борыш	5	42
М. Үмбетов — Мал баққанға бітеді	10	63
С. Хайдаров — Жетіжылдықты мерзімінен бұрын орындау құрметті міндет	11	57
Н. Хисматуллин — Партиялық тәртіп қатаң сақталсын	11	39
С. Шамаева — Насихат өрісін кеңейте береміз	11	45

ЛЕКЦИЯ ЖӘНЕ КОНСУЛЬТАЦИЯ

К. Шәймерденов — Бейбіт қатар өмір сүру — өмірдің ең күшті талабы	1	45
С. Өтембетов — Таным теориясы	8	36
К. Дәмитов — Сан өзгерістерінің сана өзгерістеріне ауысу заңы туралы	11	53

КОММУНИЗМ ТУРАЛЫ ӘНГІМЕ

Б. Атжанов — Қала мен деревня арасындағы елеулі айырмашылықты жою жолында	11	48
М. Айтбакина — Өндірістік қатынастың дамып, жетілуі	12	61
Б. Ордабаев — Коммунизмнің жететіні тарихи даусыз ақиқат	6	48
Б. Ордабаев — Дене еңбегі мен ой еңбегі арасындағы елеулі айырмашылықты жою	9	57
Ш. Нәдіров — Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау	7	54

	№	беті
ҒЫЛЫМИ-АТЕИЗМ ТАҚЫРЫБЫНА		
Қ. Машрапов — «Ғылым және дін «жан» туралы не дейді?»	2	65
М. Мүлюков — Құран туралы	6	54
ХАЛЫҚТЫҚ ДЕМОКРАТИЯ ЕЛДЕРІНДЕ		
Б. Дәрішев — Венгрия социализм жолында	3	57
А. Малков — Бүгінгі Чехословакия	5	57
М. Фазылов — Вьетнам республикасына 15 жыл	8	59
СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ		
М. Бурабаев, Д. Кішібеков, Т. Сұлтанбеков — Марксистік философия негіздері туралы кітап қазақ тілінде	1	73
Ж. Дүйсенбин — Бастауыш партия ұйымының секретарына көмекші	3	75
Ы. Дүйсенбаев, Ф. Мәлік — Қазақ ССР тарихының екінші томы	7	75
Ә. Дербісалин — Қазақ әдебиеті туралы жаңа еңбек	12	71
М. Жанғалин, Ә. Әбдірахманов — Саяси сөздіктің аудармасы жа- йында	5	74
М. Қозыбаев — Шалағай, дүмбілез кітапшалар	2	70
Н. Сағындықов — Батыс Герман жалақорларының Қазақстан, Орта Азия туралы өсегі	6	75
Қ. Сағындықов — В. И. Ленин Орта Азия және Қазақстан туралы	9	76
Б. Сүлейменов — 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс туралы до- кументтер	8	73
Т. Ыдырысов — Бейбітшілік пен достық сапарының шежіресі	3	70
БАСПАСӨЗГЕ ШОЛУ		
Тақырып түгел, мазмұн жүдеу	2	75
Аудандық газеттердің өзекті тақырыбы	8	69
ОҚУШЫЛАРДЫҢ СҰРАУЛАРЫНА ЖАУАП		
Г. Хан — Империализмнің Африкадағы отар жүйесінің ыдырауы	9	68
Ш. Нақыпов — Жаңа ақша, жаңа баға	11	60
А. Ермолаев — Куба халқының бостандық пен тәуелсіздік жо- лындағы күресі	12	65

РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Б. Ордабаев (бас редактор), З. Айтмағамбетов,
Қ. Әбілдаев, С. Бәйішев, С. Бейсенбаев, Т. Жанкел-
дин, Б. Омаров, С. Хайдаров (жауапты секре-
тарь), Т. Ыдырысов.

Редакция адресі:
Алматы қаласы,
Комсомол көшесі, 103.
Тел. 23-03, 24-95.

10/ХІІ-60 ж. басуға қол қойылды, қараз 70×108¹/₁₆—2,5 қ.—6,85 авт. т.

УГ07709. Тиражы 19235. Алматы, ҚКП Орталық Комитетінің баспаханасы. Заказ 955А

Мемлекеттік саяси баспа кітаптары

«СССР-де СОЦИАЛИСТІК ҰЛТТАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ». (Көлемі 25 баспа табақ, бағасы 1 сом 20 тиын).

Бұл жинақта орыс, украин, белорусс, қазақ, латыш және басқа да социалистік ұлттардың қалыптасу, көркею жолы көрсетіледі. Социалистік ұлттардың бәріне тән ортақ белгілер және олардың ерекшелігі айтылады. Ұлт пен тілдің болашағы да сөз болады.

«КАПИТАЛИЗМГЕ СОҚПАЙ ӨТТІ» (Көлемі 20 баспа табақ, бағасы 1 сом).

Бұл жинақ Қазақстан және Орта Азия советтік социалистік республикалары туралы жазылған. Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін феодализм жағдайында болған өзбек, қазақ, түркмен, тәжік, қырғыз халықтарының социализм жолымен шарықтауы жинақта жанжақты баяндалады.

КОЗЛОВ В. К. «КПСС ЛЕНИНДІК ҰЛТ САЯСАТЫНЫҢ САЛТАНАТЫ». (Көлемі 96 бет, бағасы 12 тиын).

Кітапша партияның ұлт саясаты жөніндегі программасының өткелдерін, В. И. Лениннің маркстік программа жасау жолындағы күресін баяндайды. Автор езілген халықтардың совет өкіметі тұсындағы тамаша табыстарын көрсетеді, жетіжылдық жоспарды орындауға орай туатын жарқын болашақты баяндайды.

РАДУС-ЗЕНЬКОВИЧ В. А. «КАРМАН ӨМІРДІҢ ӨТКЕЛДЕРІ». Естеліктер және мақалалар. (Көлемі 144 бет, бағасы 18 тиын).

Он тоғыз жасында революциялық жолға түскен Виктор Алексеевич 1903 жылы Женевада «Искра» газетінің баспаханасында жұмыс істеді. Бірінші орыс революциясы кезінде Радус-Зенькович Николаев, Баку, Петербург және Москва қалаларында партиялық жұмыста болды. Ол талай рет тұтқынға алынып, сотқа тартылды. Радус-Зенькович Саратовтағы Октябрь революциясын ұйымдастырушылардың және советтік Қазақстанның тұңғыш басшыларының бірі. Ол Қазақстан Советтерінің бірінші құрылтай съезінде республика халық комиссарлары советінің председателі болып бекітілді.

СТАСОВА Е. Д. «ӨМІР МЕН КҮРЕС ӨТКЕЛДЕРІ». (Көлемі 128 бет, бағасы 16 тиын).

Елена Дмитриевна Стасова — партияның қарт мүшесінің бірі, ол Социалистік Еңбек Ері. Елена Дмитриевна В. И. Лениннің «Искра» газетін насихаттаушы, таратушы адамның бірі болды.

Екінші рет басылған бұл кітапшада автор Февраль және Октябрь революциясы тұсында партия өрістеткен ұлан-асыр жұмысты жазады.

ОЯНҒАН ШЫҒЫС. Н. С. Хрущевтің Индияға, Бирмаға, Индонезияға, Ауғанстанға жасаған сапары туралы журналистер жазған екі кітап.

Бірінші кітап 320 бет, бағасы 65 тиын. Бұл кітап Совет үкіметі басшысының Индия мен Бирмаға жасаған сапарына арналған. Авторлар тәуелсіздік жолына түскен елдердің өмірі мен күресін, үміті мен талабын баяндайды.

Екінші кітап 360 бет, бағасы 65 тиын. Бұл кітапта Н. С. Хрущев жолдастың Индонезия мен Ауғанстанда болған кездесулері айтылады. Авторлар Шығыстың осы екі елінің тарихын, ерекшелігін, күресін көрсетеді.

Совет Одағының бейбітшіл сыртқы саясатын шығыс елдеріндегі халықтар мақұлдап отыр. Бұл халықтардың Н. С. Хрущевті аяулы, қадірлі қонағындай қарсы алуының бір мәнісі осында жатыр. Авторлар шығыс халықтарының Совет Одағына деген ықласын, ынтасын тебірене баяндайды.

(Бұл кітаптардың бәрі орыс тілінде. Кітап дүкенінде болмай қалған күнде бұл кітаптарды «Книга-почтой» деген облыстық немесе республикалық дүкен арқылы алуға болады. Барлық жерде де жана баға көрсетілді).

Туысқан коммунистік және жұмысшы партиялары туралы кітаптар

(Бәрі де орыс тілінде. Жаңа баға көрсетілді)

ФИНЛЯНДИЯ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫНАН. (Көлемі 208 бет, бағасы 44 тиын).

АНТОНИН НОВОТНЫЙ. «БЕЙБІТШІЛІК ПЕН СОЦИАЛИЗМНІҢ ЖЕҢІСІ ҮШІН». (Көлемі 142 бет, бағасы 18 тиын).

Бұл жинақта чехословак халқының тарихи табыстары айтылады. Новотный жолдас капитализмнен социализмге өту дәуірінде қоғамның таптық құрылымының өзгеруі, социалистік демократия мен мемлекеттің дамуы, СССР-де социализмнің түпкілікті жеңуінің халықаралық маңызы, пролетарлық интернационализм туралы мәселені баяндайды.

ХО ШИ МИН. «ЛЕНИНИЗМ ЖӘНЕ ЕЗІЛГЕН ХАЛЫҚТАРДЫҢ БОСТАНДЫҒЫ». (Көлемі 56 бет, бағасы 6 тиын).

Бұған Хо Ши Мин жолдастың 1924—1960 жылдарда жазған еңбектері енген. Автор отар және тәуелді елдердегі революцияның ерекшелігін көрсетеді. Хо Ши Мин ұлт-азаттық қозғалысының халықаралық жұмысшы табының күресімен ұштасуын, байланысын баяндайды. Автор Ұлы Октябрь социалистік революциясының шығыс халықтарына жасаған ықпалын дәлелдеп берген.

ИТАЛИЯ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ІХ СЪЕЗІ. (1960 жыл). Документтер және материалдар. (Көлемі 308-бет, бағасы 57 тиын).

БОЛГАРИЯ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ. (Көлемі 392 бет, түптелген кітап, бағасы 70 тиын).

ВЕНГРИЯ СОЦИАЛИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ VII СЪЕЗІ. (1959 ж.). Документтер және материалдар. (Көлемі 264 бет, түптелген кітап. Бағасы 55 тиын).

ТОДОР ЖИВКОВ. ЖҰМЫСШЫ МЕН ШАРУА ОДАҒЫ — ХАЛЫҚТЫҚ ӨКІМЕТТІҢ МЫЗҒЫМЫС НЕГІЗІ. БОЛГАРИЯ КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПАРТИЯНЫҢ VII СЪЕЗІНДЕГІ ЕСЕПТІ БАЯНДАМАСЫ. (Көлемі 162 бет, бағасы 20 тиын).

ЯНОШ КАДАР. САЯСИ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ПАРТИЯНЫҢ МІНДЕГТЕРІ ТУРАЛЫ. (Көлемі 138 бет, бағасы 17 тиын).

ГАРРИ ПОЛЛИТ. САЯСИ ЖЕТІЛУ ЖЫЛДАРЫ. Ағылшын тілінен аударылған. (Көлемі 272 бет, бағасы 46 тиын).

Ағылшын жұмысшы табының және халықаралық коммунистік қозғалыстың көрнекті қайраткерінің бұл кітабы тартымды жазылған. Автор Англия жұмысшы табы қозғалысының маңызды кезеңдерін көрсетеді.

ЭРНЕСТ ФИШЕР. ДАБЫЛ. Димитровтың соғыс өртін тұтандырушыларға қарсы күресі туралы. (Көлемі 176 бет, бағасы 21 тиын).

ҚАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫ ШЫҒАРҒАН КІТАПТАР

СӘБИТ МҰҚАНОВ. ӨСУ ЖОЛДАРЫМЫЗ. Мақалалар. Құрастырған және редакциясын қараған Ғ. Мұқағетжанов. Қазақ тілінде, (көлемі 998 бет, бағасы 1 сом 26 тиын).

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ. ШЫҒАРМАЛАР. Қазақ тілінде, (көлемі 374 бет, бағасы 78 тиын).

МҰЗАПАР ӘЛІМБАЕВ. МЕНІҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ. Қазақ тілінде, (көлемі 104 бет, бағасы 15 тиын).